

Ермек САХАРИЕВ

САҒЫНДЫРҒАН АУЫЛЫМ

(хикаяттар)

Алматы
2022 жыл

ӘОЖ 821.512.122
ҚБЖ 84 (5 Қаз)
С26

*“Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
“Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру” бағдарламасы
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату ”
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді”.*

С26 Ермек Сахариев.
Сағындырған ауылым/ Хикаяттар.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022, 144 бет.

ISBN 978-601-7646-43-1

Ермек Сахариевтің бұл кітабына автордың әр жылдары жазылған повесі мен әңгімелері енді. Шығармаларда туған жер, ауыл өмірі, онда тұратын адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен әрқилы тағдыры және адамгершілік қасиеттері сөз болады.

ӘОЖ 821.512.122
ҚБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7646-43-1

© Сахариев Е. 2022
© «Алматы-Болашақ» 2022



ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫР

(Деректі повесть)

Мұқан қарияның ауруханаға түскеніне бір айдың жүзі болып қалды. Осы уақыт ішінде қарттың көңілін күдікке толы мазаң ойлар қинап, санасын сарсытып бітті. Өткен өмір жолында тағдыр тәлкегіне көп ұшырап, бертінгі кезде ел басқарып, ауыл ағасы атанған шақта да жадыраңқы күйінен мұңға толы жабырқау сәттері көп болған екен. Тағдыр басына салған ауыртпалықтың бәрін кәтепті қара нардай мойымай көтеріп келсе де, соңғы кездері ұнжырғасы түсіп, өз халінің мүшкілдігін мойындай бастаған сыңайы бар. Алғаш ауруханаға түскенде күдігінен сенімі басым сияқты еді, қазір сол сенім сезікті қауіпке, арғы жағы беймәлім үргедек қорқынышка ауысқандай. Емдеуші дәрігер әр келген сайын көңіліне үміт отын жағып кетсе де, белең алған түйткілді күдік еңсесін басып, мұны мүлде тұқыртып жіберді.

Бүгін де жанында жатқан өзі сияқты кәрілі-жасты науқастармен әңгіме-дүкен құрып отыр еді, сыртта бұған адамдар келіп тұрғанын айтып, палатаға кезекші мейірбике кірді. Орнынан екі-үш ұмтылып барып әзер тұрған қария қираландай басып сыртқы есікке беттеді. Ұзын дәлізді кесіп өтіп, есікке жеткенше екі иінінен дем алып, қатты шаршап қалды. Келгендердің бірі — өзінің ескі көзтананысы Секен де, екіншісі — ерін үсті мен шықшытына сақал-мұрты жана тебіндеп шығып келе жатқан жылы жүзді, талдырмаш бозбала екен. Бұл дәл осы жерде басқаны болса да, Секенді кездестірем деп күтпеген еді. Өйткені, өле қалсам қабірім қатар жатпасын деп тілейтін, өзінің суқаны сүймейтін бір адам болса, ол — нақ осы Секен-ді. Оны көргенде улы жыланды көргендей жиырылып, жүрегі қатты дүрсілдеп соққаннан қаны басына тепсе де ізет сақтап сәлем берген жас жігіттің алдында долы ашуын ақылға жеңдіріп, сабасына түсті. Бір жағы Секеннің мына келісін неге жорырын білмей, абыржып та қалды. Сосын «әліптің артын бағайын»

деп, аман-саулықтан әріге бармады. Үнсіздік ұзаған сайын екі жақ та ыңғайсыздана бастады. Бұл қысылтаяң жағдайдан сөзге араласқан жас жігіт алып шықты.

Жігіт сөзінен ұққаны, оның — Секеннің немересі екендігі. Мұны түү сонау шалғайда жатқан ауылдан атасы Секен: «Облыс отралығындағы ауруханада кезінде пендешілікпен зәбірім көп тиген бір қария жатыр. Оның аяғы тайып кетсе, кешірім сұрай алмай қалып, өле-өлгенше өкініп өтермін. Соның халін біліп, қолын алып қайтуға баруымыз керек»,— деп, қоярда қоймай зорлағандай болып алып шығыпты. Аудан орталығындағы құрылысшылар бригадсында жұмыс істейтін жас жігіт жақын арада Отан алдындағы азаматтық парызын өтеу үшін әскер қатарына аттанбақшы екен. Мұқаң өзіне науқасынан тезірек айығып кетуін тілеп, енді біраз күннен кейін алыс сапарға жол жүргелі тұрған жас жігітке шын жүрегінен алғыс айтып, оған сәт сапар тіледі. Тағы да үнсіздік орын алды. Келгеннен бері ләм деп жақ ашпаған Секен енді ғана қатты ұйқыдан шошып оянған жандай оқыс алға ұмтылып кеп, тарамыс саусақтарымен мұның қолын шеңгелдей уыстағанда, денесі жылан шағып алғандай дір ете түсті. Басы зеңіп, құлағы шуға толып кетті. Буыны босап, иығынан мың батпан ауыр салмақ басқандай аяғы бүгіле берді. Тынысы тарылып: «Мұқа, кешір! Салауат, Мұқа, салауат!»— деп кемсендеген Секеннің тарамыс саусақтарының шеңгелінен әлсіз қолдарын босата алмай шалқалай бергенін біледі, арғы жағы өң мен түстей беймәлім дүние. Есін палатада бір-ақ жиды. Жанында мана өзін шақыруға келген киіктің лағындай нәзік, акқұба өнді мейірбике қыз отыр. Байғұс бала тым сезімтал, басқаның қайғысына жүрегі езіліп тұратын-ақ күйрек жан. Қазір де аялы жанары жасқа толып, бойындағы сезім толқынысын баса алмай отыр. Осы ауруханаға түскелі мазмұнды әңгімесімен, салиқалы ой-пікірімен, байсалды мінезімен маңайындағыларды былай қойып, емдеуші дәрігердердің өзін еркіне бағындырып, барша жұрттың ілтипатына бөленіп жүрген қария есіне кіргенде ғана қыздың бетіне қан жүгіріп, қуанышын жасыра алмай қымсына күлімсіреді. Мейірбике Мұқаңа қозғалмай жатуы тиіс екенін шегелей ескертіп, қарттың көңіл-күйі бір қалыпқа түсті-ау деген мезетте келесі палатаға кетті. Қызды көзімен ұзатып салған

қарт біраз уақыт үн-түнсіз жатып, тек сәлден кейін ғана есіне бағанағы кездесуді түсірді. Жүрегі құрғыр аттай тулап, көңіл-күйі қайтадан нілдей бұзылды. Бүйте берсе тағы да есінен танып қалуы мүмкін екенін түйсінген қария өзін-өзі әзер тежеп, бойындағы қобалжу дірілін басты. Көзін тарс жұмып, анда-санда шаншып қалып жатқан жүрек тұсын ұстап едәуір уақыт қимылсыз жатты. Көз алдында әр түрлі елестер ойқастай көлбеңдеді. Бірін қуса, екіншісі соның орнын басқан өмір елестері мазалай берген қарт ойы еріксіз қат-қабат оқиғалар мен тағдыр тауқыметінің күйбеңіне толы ұзақ та ауыр өмір жолын парактап кеткен еді. Өмір елестері бірін-бірі тез-тез алмастырып, көз алдынан кино лентасындай зыорылдап өтіп жатыр, өтіп жатыр...

... Ойлап отырса, мұның осы күнге дейін жер басып өткізген ғұмыры бірнеше кісінің тағдырына пара-пар екен. Оның өз ғұмырында көрмеген қорлығы, тартпаған тауқыметі жоқ. Соншама тағдыр тәлкегіне түскенде өзінің морт сынып, бұл өмірден баз кешпегеніне әлі күнге таң қалады. Балғын балалық шағынан есінде үзік-үзік елестер ғана қалыпты. Жалдында мықтап сақталғаны — өзінің үлкен атасының бауырында тәрбиеленіп, болбыр, аңқау болып өскендігі. Атасы Иса сұңғақ бойлы, қызылшырайлы жүзіне дөңгелете қойған шоқша сақалы үйлесіп тұратын, аса кірпияз, мінезге бай, бөденді адам еді. Ол бүкіл Қаратай еліне шешендігімен бірге қара қылды қақ жарған әділдігімен де аты шыққан жан болатын. Баршаға жағар биязы мінез-құлқымен, ақиқаттан аттап қия баспайтын турашылдығымен туысын қойып жатқа сыйлы болған Исекең Әбдікерім болыстың он екі биінің бірі болған-ды. Ойын баласы кезінде бұл атасымен еріп барған бір кезінде сол Әбдікерім болысты өз көзімен көрді де. Болыс еңсегей бойлы, түрі сұсты, жанары адамның ту сыртына тесіп өтіп кетердей өткір екен. Былайғы жұртты оның қайсыбір дау-дамайға толы қиын мәселелерді талқылап қарағанда малдасын құрған күйі күні бойы бір орында тапжылмастан отыруға дәті жететін төзімділігі тәнті ететін. Сонау жиырма-сыныншы ғасырдың бас кезіндегі кәмпеске науқаны басталған үркінді жылдары ол кісі көпшілікпен бірге Қытай асып кетіп, ақыры сол жақта Кеңес үкіметінің арнайы жіберген қызыл

жағалыларының бірінің қолынан ажал құшқан-ды. Ол болысты мұның тамағына у қосып беріп өлтірген көрінеді. Үш баласы бірдей модалар елі саналатын, Еуропаның қақ ортасындағы Франция елінде оқып білім алған, өзі 1907 жылы қазіргі шығыстағы Катонқарағай ауданындағы Шыңғыстай ауылында шаруа жастары мектебін салдырған, 1902 жылы Бүкілресейлік Думаға шығыс өңірінен барған екі делегаттың бірі болған көзі ашық, көкірегі сара атакты болыстың тағдыры осылайша аянышты күйде аяқталған-ды. Әлгі ел іші қызылдар мен ақтарға бөлініп қырықпышақ болысқан әлгі аласапыранды үркінді жылдары Балтабай есімді тағы бір атышулы сұрмерген Қытай асып кеткен-ді. Үлкендер айтқан әңгімелерден еміс-еміс есінде қалғаны — осы Балиабайдың құралайды көзінен атқан, тіпті оғын атта отырған адамның етігі мен үзеңгінің арасынан өткізетін керемет қолмерген болғандығы-тын. Өзі кедей болса да, біреулердің көрсетуімен қызыл жағалыларға жақпаған мерген ақыры қашқын болып, аудандағы Х.Пахомов атты қызыл командир басқарған «Тау қырандары» атты шекара отрядының қуған-сүргініне ұшыраған болатын. Ел аузында қалған аңызға қарағанда, отряд бастығы Пахомов соның қолынан мерт болыпты. Балтабай оны бірнеше ай бойы торуылдап, ақыры Қиынжыра деген шатқалды қолатта қапысын тауып атып өлтіріпті. Сосын Қытайға қашқан. Оның артынан қуа шыққан отрядтың бір басшысы оның інісі Өмірбайға: «Ағанды райынан қайтар, ол қателесіп жүр, Кеңес үкіметі ондайларға кешірім жасайды, оған барып соны айт», — деп, ол ағасының артынан қуса керек. Сонда артынан қара үзбей келе жатқан қуғыншыны көрген Балтабай артына қайырыла беріп бесатарының шүріппесін басып қалыпты. Ат үстіндегі адам жерге қалпақтай ұшып түсіп, кері қайырылаған мерген оның өз інісі екенін көріп тұрса да көзіне бір түйір жас алмай, тек басын шайқай беріпті. Онымен бірге жат елге қашып бара жатқан Манас бұған таң қалып: «Балтеке, қалай десең де бұл бір құрсақтан шығып, бір емшектен сүт емген етжақын бауырың еді ғой, оны қалай өлімге қидың? Мұншама дінің қатты болар ма?» деп кейістік білдіргенде, мерген жұлып алғандай: «Жүрегім неге езілмесін, езілгенді қойып қан жылап тұр. Бірақ, қайтейін, қызыл жағалылардың алдаған сөзіне еріп ағасына қарсы шыққан

адам ертең кімді қарқ қылмақ? Сенім болмаған жерде күдік бас көтереді. Өмірбай да шыр етіп жерге түскенде пешенесіне жазылған жазмыш сыбағасын алған шығар. Не дейін, бұл да бір әулеттің шіріген жұмыртқасы болды да. Тек иманы жолдас болсын. Менің осы тұрғанда жалғыз-ақ өкінішім бар, ол — өмірімде алғаш рет мүлт кеткендігім. Маңдайдың тура ортасын көздеп едім, қысылтаянда қолым қалт кетіп, оқ бір еліге қиыс тиіпті»,— депті. Мұны кейіндері елге қайтып оралған Манас ақсақал жыр қылып айтып отыратын. Малың жайып, ен даланы емін-еркін жайлап жатқан момын қазақтың ол уақытта жаңа биліктің саясатын түсінбей, аяғын жаза басумен өмірі өкініште өткендері аз болмаған ғой. Бұл да сондай оқиғаның бірі де...

Кейде атасымен еріп болыс үйіне барғанда дастарқандағы тамақтан тоя жеп, үйге қайтарда апама апарып беремін деп қалтасына қымыз құйып алатын мұның аңқаулығына көпшілік жұрттың талай рет күлгені бар. Атасының бәйбішесі Шынаргүлден туған бір ұлы мен екі қызы болыпты. Ұлы Мырзабек отын дайындаймын деп жүріп өзі жыққан қарағайдың астында қалып, жастау кезінде мерт болса, екінші қызы айттырған жеріне береміз деп отырған кезде қатты ауырып, ұзамай кенеттен қайтыс болыпты. Оның екінші қызы Әкімжан кішкентай мұны жанына жатқызбай, кейде басқалардың көзін ала беріп қолын батырып жіберетін кездеріне бірнеше мәрте куә болған атасы қызының қаталдығына қатты ренжіп: «Әй, қызым-ай, мұншама қытымыр болармысың? Алдағы өмірінде не көрсен де екі үйді қоңсы қондырмайтын осы жаман мінезіңнен табарсың. Айтпады деме, сенің мүрдең жапан түзде жападан-жалғыз қалады, қара да тұр»,— деп кеійтін. Атасының айтқаны айна қатесіз келіп, кенеттен қайтыс болған сол апасының мүрдесі жерленген мола кейінірек Шындығатай деген жайлаудағы Жуантөбе деген жерде жалғыз қалды. Бұл атасының сол сәуегейлігіне бертінде ылғи да таңданумен болатын еді. Ал, мұның әкесі Сақан мен оның інісі Райымбек Исағұл атасының ағасы Ақсарының балалары екен. Оның әйелі Өре аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен жуас күйеуін менсінбей, талай рет балаларымды алып әкемнің үйіне кетем деп қиғылық салған көрінеді. Бастапқы кезде өр серпіп,

ештенеге есе бермеген соң оны атасының әулеті жерден ұра қазып, оны соның ішіне қамап ұстапты. Өре тек бертінде, дүниеге арыстай екі ұл келгенде ғана «жуасыған» көрінеді. Сол тентек келін Ақсары қайтыс болғанда, ерінің орнын бір жыл бойы сақтап отырыпты. Сол уақыт өткеннен кейін әмеңгерлік салт жолымен оны өзіне әйелдікке қаратпақ болғандар қарасы көбейіп, мұның арты дауға ұласса керек. Істің насырға шапқанын байқаған мінезі тік, бірбеткей, өлсе де бір айтқанынан қайтпайтын Өре: «Менің баршаңызға қоятын бірақ шартым бар: егер біреуге тиетін болсам, тек Исағұлға ғана тиіп, тағдырымды сонымен байлаймын. Олай болмайды екен, басыма еркіндік беріңіздер: қос баламды алып, тау астындағы (Марқакөл өңірі) төркініме кетемін», — деп отырып алса керек. Келіннің бірбеткей қайсарлығынан жақсы хабардар туғантуысқандар ақылдаса келе, ақыры екі ұлды нағашы жұртқа жібермес үшін Ақсарының жесірін Исағұлға қосса керек. Сақаннан туған мұны Исағұл атасы мен оның бәйбішесі Шынарғұл Мырзабектің орнын осы басып, қара орманды мекеннің түтінін осы түтетеді деп, мұны бауырларына салып алыпты. Әлі есінде, атасы мен кіші үй (әкесінің үйі) бүркіт ұстайтын. Бұл өзінің тетелес өскен бауырларымен бірге барып ауыл сыртында тұзақ, қақпан құрып, соған түскен таракқұйрықтарды бүркітке жем қылып береміз деп алып келетін. Үйге келген соң ұстаған олжаларын бөліске салар еді. Қаннан қорқатын бұл тышқанды боршалауға қатыспай, тек сырттан ғана бақылап тұратын. Мұның аңқаулығын пайдаланған өзінен кейінгі тетелес інісі Нақан қулыққа басып: «Үлкен үйдің бүркіті тышқанның басын жеуі керек, қалған етін біздің үйдегі бүркіт жейді», — деп, ылғи да бұған таракқұйрықтың қу басын ұстатып жіберетін. Мұны көрген атасы ішек-сілесі қатқанша күліп, басын шайқап отырып: «Әй, аңқау, балам-ай. Анау Сақанның ұлы барып тұрған залым, бір бармағын ішіне бүккен қу. Жаратқан тіл-көзден аман сақтасын, талағында биті бар неме, түбінде жерде қалмайды. Ал, сен осы аңқаулығыңнан алдағы өміріңде әлі талай таяқ жейсің бе деп қорқамын. Кім не айтса соған елп етіп етпетіңнен құламай, өзіңше әрекет етпейсің бе? Тым болбырсың, саған ширау керек. Аяқ-қолың жерге тимей жан сала қимылдап, ерекше

жұлымырлық танытпасаң, көпшіліктің қағанағын қарқ, ағанағын сарқ қылмаған өмірдің қан додасы өтетін мына қатыгез жалғанда талайға есең кетеді. Ойлан, балам, ойлан»,— деп отырар еді. Жастығы ма, көп нәрсені парық қыла бермейтін кеңпейілділігі ме, кім білсін, ақылды атасының бұл сөздеріне кезінде көп мән бермепті. Талай адамның тағдырын шешіп, өмірдің ыстық-суығын татудай-ақ татқан атасының сол ақыл сөзінің жаны бар екенін бұған кейінгі өмірдің өзі көрсетті. Атасы дүние салғанда бұл есі кіріп қалған жасөспірім бала еді. «Ат айналып қазығын табады» дегендей, атасы бақи болғаннан кейінгі өмірі туған әкесінің үйінде өтті. Өзінен кейінгі тетелес інісі Нақанмен бірге көрші Шыңғыстай ауылындағы кезінде Әбдікерім болыс салдырған шаруа жастары мектебінде оқыды. Оны жергілікті халық ШКМ (школа крестьянской молодежи) деп атап кеткен. Бір қызығы осы атау әлі күнге дейін өзгеріссіз сақталып келеді. Бірақ, мұның білім нәрімен сусындауы ұзаққа созылмады. Зерделі баласының үш-төрт жыл оқып алған білім қоры бір басына жетіп жатыр деп ойлады ма, болмаса күннен-күнге шау тартып, денсаулығы нашарлай бастағасын ба, әйтеуір әкесі мұны әрі қарай оқытпай, мектептен шығарып алып, өз жанында ұстады. Ал, Нақан бастаған басқа балаларының бәрінің әрі қарай оқуына кедергі болған жоқ. Өзінің бар алған білімі бастауыш мектеп көлемінде ғана қалғандығы да сондықтан болатын. Кейде өзі атасының бауырында өсіп, әкесінен алыстау жүргені көкесінің мұны әрі оқытпауға шешім қабылдауына ықпал етті ме екен деп, іштей оған өкпелеп те қоятын. Бірақ, бертін келе оқуын жалғастыруға жасы артып, әрі құртақандай бүлдіршіндердің арасында үлектей болып өнкііп отырудан ұялып, бұл әрі қарай оқып, білімді жетілдірсем-ау деген үкілі арманымен біржолата қош айтысқан. Үйдегі баланың үлкені болған соң, әкесі мұны жеңіл-желпі ғана емес, отбасы тіршілігіне қатысы бар ауыр-оспақ жұмыстардың бәріне салды. Бәлкім, ертерек ер жетіп, артынан ерген іні-қарындастарына сүйеу болсын деді ме екен, кім білсін. Қалай болғанда да, ауыр жұмыста шынығудан мұның опық жемегені анық: әр жұмыстың ығын біліп, қара еңбекке төселіп, балғын денесі шар болаттай шынықты. Қабырғасы катып, бұғанасы бекіген сайын ширай түсті. Уақыт өте келе

колхоз жұмысына араласты. Өз ісіне ұсынақты, сауатты жас колхоз шаруашылығына қоян-қолтық араласа жүріп, білікті, сауатты жас деген атқа ие болды. Жасы он жетіге толар-толмаста колхоздың есепшілік қызметіне тұрды. Ол кездері есепшілік ауылдағылардың екінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен қызмет саналатын. Бұл республиканы қанқұйлы Голощекин басқарған, қолдан ашаршылық жасалған нәубетті жылдар еді. Кенестер одағына кіретін басқа республикалар сияқты 30-ы жылдардың ауыр нәубеті Қазақстанды да айналып өтпеген болатын. Орталықтан қиыр шетте жатқан республиканың шығысында тұратын бұлардың ауылына да ашаршылық ауыз сала бастаған. Голощекин бастарған қызыл империя белсенділерінің қасақана қолдан жасаған ашаршылығының зардабын бұлар да аз тартпаған. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен әрекет еткен биліктің онсыз күні қараң қазақтың бар малының басын құртып, жұртты төрт түліктен жұрдай етуі аталған ұлтты қынадай қыруды мақсат еткен осынау қитұрқы саясаттың құрбандығына шалынғандар қазақ даласында мың-мыңдап саналатын. Колхоз кеңсесінің маңында жүргендіктен, бұл өз үйінің отбасы мүшелерін аз-мұздап болса да ішіп-жеммен қамтамасыз етіп тұрды. Рас, анау айтқандай аста-төк ырғын молшылық болмаса да, құрсақ жұбатарлықтай су-суан мен тамақты тауып тұрғаны анық-тын. Бірақ, соның өзі бір үйлі жанның тамаққа деген сұранысы мен қажетін толық ақтай алмайтын. Аштық құрсауы барған сайын қысып, жұртты қылбұраудай бұрады. Ауыл арасында ірі қара басы түгесіліп, ұсақ малға ғана қарап қалған кез туды. Әр үйде аштықтан бұратылып, шынғырып жатып өлгендер саны көбейе түсті. Көрші Өрел ауылында орналасқан шекаралық комендатура маңындағы алаңға шолақ белсенділер жылқы біткенді үй басын қағып жүріп жинап әкетіп, солардың бәрін маңқа болды деген желеумен шекаралықтарға атқазап тастаған болатын. Өзегі талған ел қайтсін, жерге көміп тастаған жылқы етін қайта қазып алып, соны пісіріп жеп талғажау еткеннен кейін содан ұшынып, иә уланып өлгендер де жетерлік-тін. Сол тұста өлместің қамымен ауылдар арасында біреудің малын біреу ұрлау сынды қиянатқа барушылық етек алған-ды. Жасы 12-13-ке келіп қалған мұның інісі Жүніс ағайындас Бұлатайдың

Әутәш деген ұлы екеуі көрші ауылдағы Мүсіреп дегеннің бір марка қозысын ұрлап әкетіп, оны Қалақ тауының басына апарып сойып, етін түнделетіп үйге алып келіпті. Көрші-қоландың бірінің көзіне шалынса болды, бұл хабар жалпақ жұртқа жайылады. Соны ойлаған мұның шешесі Рахила әлгі етті шүберекке орап, үйден әудем жердегі сай ішіндегі құмырсқа илеуіне апарып жасырып қойды. Ал, бұл кезде үйде мұның Жүністен кейінгі екі бірдей кіші інісі өлім аузында жатқан-ды. Екеудің сәл ересегі Әділ егіс алқабында жиын-теріннен қалған масақтарды теріп әкеп жасаған атала көжеден уланып, іші тоқтамай өтіп жатса, екінші інісі Токтардың басындағы қызыл матадан тігілген тақиясына аң деп ойлады ма, кім білсін, әкесі бойы сергісін деп балақ жібінен ұстап ұшырып жүрген үйлеріндегі шау тартқан бүркіт келіп түсіп, оның сегіз найзасы баланың бас сүйегін қатты сығып жіберіп, оған қатты зақым келтіргендіктен, бала кеттім-бардым күйде төсек тартып жатқан еді. Шешесі өзі тыққан етті бос жүрген ауыл иттерінің бірі сыртқа сүйреп шығарып, дүйім жұртқа масқара қылмасын деген оймен әлгі құмырсқа илеуіне елеусіздеу барып, еттің орнында бар-жоғын әлсін-әлсін тексеріп келіп тұруға мәжбүр болған. Төтелеп келген ажал қойсын ба, артынан ерген қос інісі екі күн бойы дөңбекшіп жатып, беттері бері қарамаған бойы ақыры көз жұмды. Біраз уақыттан кейін ауыл пысықайларының көрсетуімен бұл да аудан орталығында алты ай абақтыда отырып шықты. Оған аудан орталығынан шөп шабу науқанының қалай жүріп жатқанын тексеруге келген уәкіл атының зым-зия жоғалып кетуі себеп болған-ды. Сол оқиғаның қалай болғаны бүге-шігесіне дейін әлі есінде.

... Ұмытпаса, әлгі оқиға шіліңгір шілде айының ми кайнатар ыстық күндерінің бірінде болған. Бұлар Киров колхозына қарасты Кемпір деген жердегі шабындықта қысқы мал азығына шөп шауып жатқан. Түске қарай орақшылар сәл дем алуға отырған кезде аудан орталығынан салаң етіп көпшілік жұрт жақтыра бермейтін бәкене бойлы, мойнын ішіне тартқан құныс Жақып уәкіл келе қалған. Іштей жақтырмаса да, сәлем мезіретін жасаған көпшілік уәкіл не дер екен деп, соның аузын баққан. Одан қай бір мардымды сөз шықсын, ана-мынаның басын бір шарпып, шатып-бұтып бірденелерді

мінгірлеп, сөзінің соңында: «Шөп шабуларың сылбыр, науқанды дер кезінде аяқтай алмасақ, бар жауапкершілік жүгі сендердің мойындарыңа жүктеледі»,— деп, сес көрсеткен. Орақшылар уәжіне құлақ аспаған уәкіл ақыр соңында шабындық басында қона-түней жатып, жұмыс қарқынын жеделдетуге өзі мұрындық болмақ ниет байқатқан. Астына мініп келген қаракер бесті үстінен шыбын тайып жығылатындай семіз еді. Ішкен тамақтары мәз болмай, ауыр жұмыста орта құрсақ күй кешіп жүрген тартпашылар өзара ақылдаса келе, түнде әлгі бестіні сойып, етін тығып тастауға уағдаласқан. «Айтылған сөз — атылған оқ» дегендей, айтылды — бітті: бесті сойылып, оның еті сенімді жерге тығылған. Атының ұшты-күйлі жоғалып кеткенін тұзы жеңіл, даурықпа Жақып ертеңінде бір-ақ біліп, байбаламға басқан. Шыж-быж болып әркімге бір соқтыққанмен, оған шындықты кім айта қойсын? Орақшыларға аузына келгенін айтып, боқтықты қарша боратқан уәкіл ақыры бұлардан ештеңе өндіре алмай, шабындықтан он бес шақырым жердегі аудан орталығына ерін аркалап жаяу қайтқан болатын. Кетерінде қаскүнемді жердің астына түсіп кетсе де табатынын, қажет болса ауданнан милиция жіберетінін айтып күпсінген. Басқасы-басқа болғанмен, оның өз айтқанынан қайтпайтынына бұлардың бәрі қанықты. Уәкіл сөзінде тұрып, шабындық басына ауданнан жанына үнемі көзі іріндеп жүретін Қатыбақы шалды ерткен бір милиция қызметкерлері келді. Құрқол барса Жақыптың кәріне ұшыраудан қорыққан ол байғұс бұлардың бәрінен жеке-жеке сұрақ алып, артынан сөзден нақты іске көшкен. Қолына істік таяқ алып, айналаның бәрін індетіп тіміскілеп іздеп жүріп, қос басынан әудем жердегі қалың қараған арасына тығылған етті тауып алаған. Милиция қысымы қатайған кезде Серікбайдың Қалиы болған жәйтті жіпке тізгендей етіп айтып беріп, соның артынан төрт кісі — ағайынды жігіттер Құмар мен Жаппар және әкесімен бірге Мұқан қылмысқа қатысы бар күдіктілер деп танылған. Бұларды жақын мандағы комендатураға айдап апаруды Қатыбақы шалға тапсырып, милиционер дереу аттанып кеткен. Жол ұзақ, күн болса, ми қайнатар ыстық. Ілбіп өзер жүріп келе жатқан бұлар орта жолда сәл бел жазып, аз-мұз демалуға тоқтаған. Ойында не бар екенін кім білсін, дәл осы

сәтті күткендей-ақ мұның әкесі өздеріне жамағайын болып келетін Қатыбақыны айналдырып, өздерін босатып жіберуге көндірмек болған. Қолындағы ескі берденкесін қайта-қайта шошандатқан ол бұған өлсе көнбейтін түр байқатқан. Мұның әкесі сөзінен бұрын қолы бұрынырақ жүретін, тыз етпе қызба адам болатын. Сөзіне пысқырып қарамаған тантық шалдың ісіне қытықты ма, күйініп кеткен ол екі-ақ аттап шалдың қасына жетіп барып, әлгінің қолындағы мылтықты жұлып алды. Байғұс шал ашу үстінде Сақан ұрып жіберер деп қорықса керек, қолымен басын қорғаштап, шыр-шыр етті де қалды. Мылтықты анадай жерге лақтырып жіберген әкесі бұған әмірлі дауыспен: «Тез, кеттік!» — деп бұйырды. Неге екенін өзі де білмейді, бұл бұйдаланған ботадай әкесінің соңынан емпеңдей ере жөнелген. Ағайындылар: «Сақа, бізге ондағылар не қылар дерсің? Құдайдың басқа салғанын көріп алармыз, біз қаламыз, сіздер бара беріңіздер», — деп, бұларға ілеспеген. Бұлардың осыдан кейінгі бір жарым айға жуық өмірлері әр жерге бой тасалап, қашып-пысумен өткен. Бұлар көбінде түнге қарай Ақдаланың ең түкпірінде орналасқан Түбек деген жерде қой бағып отыратын Қожықаның үйіне түнеп жүрді. Күндіз үйден аулақтау жерге ұзап, қылтима иықтан күре жолдан ары-бері өткендерді жіті бапқылап жатады. Ара-тұра Бұқтырма өзенінің тайыз жерінен кешіп өтіп, түн жамылып келіп өз үйлеріне соғып, киім ауыстырып, азын-аулақ жол азығын алып кетеді. Мұндай мазасыз күндер мен түндер бұларды дінкелетіп те біткен-ді. Күздің өңменнен өтер қара суығының ызғары білініп қалған шақта бұлар қапылыста қолға түсіп қалды. Аудан орталығындағы қызыл жағалыларға бұлардың түн баласы Қожықаның үйін паналап жүргендерін әлдебіреу жеткізді ме әлде сәті солай келді ме, әйтеуір аңдығандар ақыры әкелі-балалы екеуін бір түні келіп құрықтап тынған. Қашып-пысудан, ұйқының қанбауынан әбден қалжырап біткен бозбала жігіт бір ойдан бұл істің осылай аяқталғанына іштей шүкіршілік еткен. Мұқан осылайша алғаш рет абақты торына қамалған. Бұл қалған ғұмырында мұның пешенесіне жазылған тауқыметті тағдырдың басы ғана екен. \

Аудан орталығындағы абақтыда әлгі екі ағайындылар да отыратын болды. Құдайдан қорықты ма, бойларындағы ар-ұяты оянды ма, кім білсін, жеме-жемге келгенде әлгілер бар

кінәні Мұқан мен өздерінің мойындарына алғанмен, әкесіне қысастық жасамай, оған тағылған айыптың жеңілдеуіне сәл де болса септіктерін тигізген болатын. Аудандық ішкі істер бөліміндегілер де дәмкәс әкесін торға қамағаннан түк шықпайды деп ойласа керек, екі аптадан кейін оны босатып, қалған үшеуін темір тор ішінде қалдырған. Тексеру барысында ағайындылар айтқандарынан қайтпай, бұлар ақыры кінәларын мойындағанды. Мұқанның бұл іске еш қатысы болмаса да, қылмыстың аты қылмыс, қолмен істегенді мойынмен көтеруге тура келген. Бұдан кейін Мұқан облыс орталығы Өскеменнің түрмесінде алты ай бойы сарғайып жатты. Колхоз басқармасындағылар қайта-қайта арызданып жүріп, бұл әупіріммен жалған жаладан құтылып, түрмеден босап шыққан.

... Сол бір жаны жазықсыз жапа шеккен күндерден бері қарай өзінің көңіл пәктігін, арының тазалығын қорғаштап, басқаның аппақ қардай кіршіксіз таза ар-ожданын таптаушы арызқойлармен, араны кең паракорлармен, өмірдің күнгеінен гөрі көлеңкесін сағалайтын тоғышарлармен бітіспес қанды майданға шығып, әділет атты ұранды ту қып көтеріп, күні бүгінге дейін қал-қадерінше ымырасыз күрес жүргізіп келеді. Осы майданда оңбай жығылған кезі де, сүрініп кеткен шақтары да көп болыпты, бірақ, әділет жеңбей қойған ба, ақыры бұл жеңді, қарсыластары амалсыздан мұның жеңісін мойындады. Бағамдап отырса, өмірде мұның маңдайына жазылғаны бірнеше адамның ғұмырына жетерлік ащы тағдыр екен. Осы тағдырында қуанышынан азабы, күлгенінен күңіреніп жылауы көп болғани екен. Өскемендегі түрмеден босап келгеннен кейін едәуір уақыт өткенде мұны көзі ашық сауатты жас маман ретінде аудан басшылары бұған үлкен үміт артып, ең шалғайда орналасқан Аршалы деген ауылға кеңес хатшысы етіп тағайындаған. Ауыл басқармасына мұнымен аталас ағайыны Берікбай бекітіліп, бұл екеуі бірер жыл қоян-қолтық бірге жұмыс істеген. Бірақ, денсаулығы сыр бере бастаған әкесінің жағдайына байланысты бұл жұмыстан бас тартып, отбасына қайтып оралуға мәжбүр болған. Сол Аршалыда жұмыс істеп жүрген кезде кеңсе сыпырушысы болып жұмыс істеген Өрелдегі қалың самай руынан шыққан Қазанғаптың Ясынының қызы Нұргүл атты жетім қызға үйленген. Әп-әйбат келбеті бар, қолында жалғыз шешесін

ұстап отырған осынау жанмен бұл артынан ұзақ жылдар бойы ерлі-зайыпты болып, әй-шәй деспей, тату-тәтті өмір сүрді. Тағдырдың жазуы солай ма, болмаса бойында кінәраты болды ма, кім білсін, мұның Құдай қосқан қосағы құрсак көтеріп, пұшпағы қанамады. Бастапқы кезде бұған онша мән бермегенмен, бертін келе бұл жәйт Мұқанды көп ойландыратын болды. Кейде пыш-пыш ел сөзінен мезі болған кездері бәріне қолды бір-ақ сілтеп, Нұргүлді тастап кетуге бел байлаған шақтары да болған. Бірақ, жарына деген бойындағы аяушылық сезімі бұған ерік бермей, бара-бара бұл да тағдырдың жазмышына амалсыз көнген. Ауылда кәкір-шүкір жұмыстармен айналысқан бұл екі жылдан кейін аудан орталығында жаңадан құрылған кеңшарға бухгалтерлік жұмысқа қабылданған. Обалы не керек, бұған көп қолдау білдіретін басшысы аяғын сылтып басатын Макаревич деген орыс-тын. Бұл кісінің мінезі өте қатал болғанымен, істің ыңғайын білетін білікті, білімді, іскер, ең бастысы турашыл, әділ адам болатын. Обалы не керек, бұған көп қолдау көрсетті: білмеген жерін үйретіп, кем соққан жерін толықтырып отырды. Ұлты басқа демесең, қайырымы мол, жібі түзу жан еді. Әкесі құп көрмесе де, бұл Нұргүлдің сіңлісі Шәмшияның кішкентай қызын асырап алған-ды. Шынтуайтында оны асырап алуға мәжбүр болған. Оған себеп болған оқиға мынау-ты. Сол кездері аудан жері арқылы Семейдегі ет комбинатына сонау Моңғолиядан қазақы қой мен қара сарлықтар айдалатын. Сондай бір-екі сарлық табыны мен жеті-сегіз отардан тұратын малды айдаушылардың бірінде көртопырақ (гуртоправ) болып бара жатқан Тұрсын деген азаматпен көңіл қосқан Шәмшия қолындағы жас қызын апайының үйіне біраз күнге қала тұрсын деп әкеліп тастап, содан қайта қайырылмай, сол кеткеннен мол кеткен. Күнәсіз сәбиді бұлар қалай далаға лақтырып тастасын, амалсыздан қолдарында қалдырып, лажсыздан оны бауырларына басқан. Жас сәбимен бірге үйге күлкі кіріп, бұлар ел қатарлы тәп-тәуір өмір сүре бастаған. Мұқан сонда алғаш рет баланың адам өмірінде қаншадықты зор маңызға ие екендігін жан жүрегімен сезінген. Ләйлі атты әлгі бүлдіршін қызға өзінің фамилиясын беріп, оқытып-жеткізіп, аузына жемісін алып беріп, құтты орнына қондырған. Институтты бітірген жылы оның артынан Гурьев қаласының Орынбек атты салт басты,

сабау қамшылы бір жігіті арнайы іздеп келіп қызының қолын сұраған соң, бұл той-томалағын жасап, қызын құтты орнына қондырған. Оның да әкесі дегенде жаны бөлек. Бүгіндері баурынан бала өрбітіп, бір әулеттің шаңырағын шайқалтпай ұстап отырған салиқалы әйел. Бұған да шүкіршілік.

Аудан көлеміндегі әр түрлі партиялық жұмыстарда қалқадерінше еңбек еткен бұл ешқашан арына дақ түсіріп көрген емес. Ең басытсы — ақиқаттың ақ жолынан таймады. Туа біткен адалдығынан бұра тартпай, ар ұялар іске бармады, сонысымен қалың көпшілікке жағып, сыйлы азамат болды. Бұл жағынан ол өзінің өткен өміріне өкініш білдірмейді. Өкінетіні — басқа. Оның себепкері — әлгі ішмерез Секен секілді шолақ белсенділер. Бұл өзі таңды-таңға ұрып айтсаң бітпейтін ұзақ әңгіме. Оның түйінін таратып, әркімнің нақты оқиғаға қатысты атқарған рөліне тоқтап, шынайы баға беру үшін әңгіменің әлқиссасын сонау соғыс жылдарынан бастауға тура келеді. Мұқан өмірінің қысталаңға толы ауыр шақтарының басталуы дәл осы аты өшкір соғыспен байланысты екенінде дау жоқ. «Соғыс» деген сөзді естісе, жүрегінің еріксіз дір ете қалатыны да сондықтан. Ойхой, дүние-ай десеңші, бұл бастан не өтіп, не қоймады дейсің? Ол да бір өткен заман екен-ау...

...Жылдар жылжып өте берді. Аудан өмірінің қат-қабат тіршілігімен жүріп, Мұқан уақыттың сынаптай сырғып тез өтіп бара жатқанын байқамапты, тіпті оған мұршасы болмады. Түкірген түкірігі жерге түспей тұрған коммунистік партияның халық алдына қойған міндеттерін, бесжылдық пен жетіжылдық жоспарларды орындаймыз деп қызыл танау болып жүргенде, бұлар да орда бұзар отыз жасқа тақап қалған-ды. Бойда күшқуат барда қиындықты кім ескерсін? Бейбіт еңбек көрігін қыздырып жүрген тіршіліктің шырқын бұзған екінші дүниежүзілік Ұлы Отан соғысы бұрқ ете қалғанда, Мұқан өзі қатарлы жастармен бірге алғашқылардың бірі болып әскер қатарына шақырылды. Сөйтіп, 1941 жылдың 21 қазаны күні Шығыс Қазақстан облысының Үлкен Нарын бірлескен аудандық әскери комиссариатының шақыруымен РККА қатарына алынды. Аудан, облыс көлемінен жиналаған өзі құралыпты жастармен бірге эшаланға тиеліп Қиыр Шығыстағы Хабаровск қаласына келіп, онда жеделдетілген курстан өтіп,

осы жылдың 4 желтоқсанынан бастап аталған қалада жасақталған 205-атқыштар дивизиясы 731-атқыштар полкінің 2-батальонында 2-пулемет ротасында сержант атағында бөлімше командирі лауазымында әскери қызметін өтеуге кірісті. Жоғарғы Командованиенің бұйрығымен 1942 жылдың 10-ы сәуірінде бұлардың дивизиясы майданға аттандырылып, эшелонмен Сталинград майданына жеткізілді. Дивизия Дон өзенінен өтіп, 17-і сәуірде таңғы сағат 6-да алғаш рет шайқасқа қатысты. Командованиенің дивизия алдына қойған міндеті бойынша бұлар неміс қолында тұрған Винц поселкесін азат етулері керек болатын. Ұрыс 28-і сәуірге дейін күні-түні толасыз жүрді. Мұқанның карамағындағы бөлімше ұрыста ерен ерлік үлгісін көрсетті. Батальон командирі майор Рухлов пен рота командирі аға лейтенант Бойко және рота политругі Аксенов шайқасып жатқан әскери бөлімшелерге бірнеше рет алғыс жариялады. 28-і сәуір күні таңғы сағат 6-да немістер бұларға қарсы күшті шабуыл бастады. Түске таман снаряд жарықшағынан бірнеше жерінен жарақат алған Мұқан окоп түбіне есінен танып құлады. Жарықшақ оң аяқ пен оң жақ иықты, оң көзді қатты жаралаған еді. Көп қан жоғалтқан бұл есіне келе алмай, өзі сияқты жарақат алғандармен бірге талықсыған күйі майдан даласында қалды. Қайта есіне кірген бір сәтте байқағаны — айналада өлі тыныштық орнап тұр екен. Алғашында бұған қатты танданған бұл көзін ашып, көкке қарады. Жанары түк көрмейді, тек аспандағы күннің дөңгелек дискісі қызыл нүкте ғана болып көрінеді. Біраздан кейін Мұқан жақын маңнан жат тілде сөйлескендердің түсініксіз сөздерін естіді. Қимылсыз жатқан мұның жанынан келген әлгілер қансыраған Мұқанды окоптан сыртқа шығарып, бойындағы бар қаруын шешіп алды. Бұлар бүкіл әлемге зұлымдық әкеліп, бейбіт өмірге өлім сепкен қанқұйлы неміс басқыншылары — немістер-тің. Жат тілділер тұтқындарды мылдық дүмімен ұрғылап, ілгері жаққа қарай итермелеп айдай бастады. Мұның өзін сүйеп келе жатқан қызыл әскерден білгені — бұлардың бөлімі толығымен қирап, майдан баяғыда ту сыртқа шығып кетіпті. Майдан алаңынан жараланғандарды немістердің трофейлік бөлімдері жинап жүр екен. Әзер жылжып келе жатқан тұтқындармен жолды өндіре алмаған немістер жиі-жиі

тоқтап, аялдауға мәжбүр болды. Мұқанның сол жақ көзі ертеңінде ғана әлденелердің сұлбасын еміс-еміс ажыратарлық халге жетті. Фашистер бұларды он күн бойы айдап, 9-ы тамыз күні Миширов қаласындағы әскери тұтқындарға деп арнайы салынған лагерьге әкеліп қамады. Мұқанның тұтқындағы азапты өмірі сол кезден басталды. Бірте-бірте алыс тылға жылжыта отырып, бұларды қыркүйек айының соңына қарай Украинаның Лубни қаласына әкелді. Осындағы тұтқындар лагерінде бір айға жуық уақыт болған кезде мұның көрмеген қорлығы жоқ. Үстеріндегі киімдері өрім-өрім болып жыртылған, жалаң аяқ, аштықтан бұралған адамдар бір үзім нан үшін бір-бірін түтіп жеуге бар еді. Бір айдан кейін жаралары жазыла бастаған, бірақ әбден ашыққандықтан арып-ашып, өлім халіне жеткен 120 тұтқынды немістер қолға түскен олжа аттарға күтім жасауға шығарды. Осы жұмыста Мұқан басқалармен бірге 1943 жылдың 6-ы ақпанына дейін болды. Ақпанның 6-сы күні немістің ветеринарлық бөлімі әлгі жылқыларды жан-жаққа бөліп, күтімге 100 атты ғана қалдырды. Оларды күтіп-баптауға 24 адамды алып қалды, соның ішінде Мұқан да бар-ды. Дәл сол күні әлгі аттармен бірге тұтқындарды да тиіп алып, пойыз Германияға бет алды. 1-і ақпан күні Штранс деген елді-мекенге келіп, бұлар сонда мамыр айының соңына дейін аттарды күтумен айналысты. Шілде айының бас кезінде бұл жылқыларды да керек деген жерлерге таратып, тұтқындарды Нойхаммер деген жердегі әскери тұтқындар лагеріне ауыстырды. Оны немістер форлагерь деп атайды екен. Маусым айының бас кезінде әскери тұтқындарды ерте пісетін жеміс-жидектерді жинау жұмысына жекті. Осы жұмыста жүргенде Мұқанның көзінің жарасы ашылып, оны Бунцлау қаласындағы әскери лазаретке жатқызды. Осыдан екі айдан кейін, яғни қыркүйек айының соңына таман, немістер лазареттен оралған Мұқанды басқа тұтқындармен бірге Оңтүстік Германияға ауыстырып, бұларды Ауербах деген ауылда күшейтілген күзет бақылауында неміс әскери бөлімдері үшін салынған барактарды жөндеу мен отын дайындау жұмыстарына салды. Сосын Батыс Германияға ауыстырып, Бич атты бекініске әкеліп орналастырды. Бұлар осы жерде 1944 жылдың наурыз айының аяғына дейін қатаң бақылау аясында металл сынықтарын жинап, оларды

вагондарға тиеумен айналысты. Наурыздың аяқ шенінде Мұқандарды Францияға жөнелтті. Бұлар Макон деген қалада (Шығыс Франция) траншея мен бомбадан бой тасалауға арналған бекініс орындарын қазып, тікелей жер жұмыстарын жүргізумен айналысты. Мамыр айының басында осынау ауыр жұмыста жүрген Мұқанның көзінің жарасы қайта ашылып, оны Дижон деген қаладағы әскери лазатерке жатқызды. Ол осында шілде айының 17-сіне дейін болды. Жарақат алғаннан тура екі жыл өткенде француз дәрігері Рене Лавуазье мұның көзінің ішінде қалған снаряд жарықшағын алып тастады. Француз көзінен мейірім шуағы төгіліп тұратын, жүрегі жұмсақ, аса бір дегдар адам еді. Екі жыл бойы көзіндегі жарықшақ жан азабын тартқызған жас жігіттің ауыр халіне жаны ашыған Рене ілкі бір сәтте Мұқанды жанынан алып тұрып фотсуретке түсіп, соның бір данасын бұған естелік ретінде ұсынған болатын. Дәл осы суреттің өз өміріне қаншалықты қайғы-қасірет әкелетінін бұл ол кезде білген жоқ-ты. Суретті жүрегі таза адамның ізгі ниетінің белгісі ретінде қабыл алып, оны сақтап, соғыстан кейін үйіне алып келген-ді. Нақ осы сурет артынан өзіне сор болып жабысатынын білсе, оны бұл өзімен бірге елге алып келер ме еді, келмес пе еді, кім білсін? Көзінің жарық дүниені көруіне кереметтей көмек көрсеткен Рененің сол суретін бұл айырықша қымбат санайды, сол себепті оны бойтұмардай әлі күнге сақтап келеді. Жұрт не десе, ол десін, аталған сурет бұл үшін отқа оранған жастық шағының бір ескерткіші ретінде бәрібір қымбат жәдігер. Француз дәрігері мұқият тексеруден кейін консилиум өткізіп, мұның оң көзінің көру қабілеті мүлдем жойылып, сол көзінікі 70 пайызға жоғалғандығы туралы кесімді қорытынды шығарған болатын. Ақыры 7-і маусымда Мұқанды лазареттен шығарып, Оңтүстік Франциядағы Альби қаласындағы мүгедектер лагеріне табыс еткен. Лагерь сонда орналасқан Түркістан легионының штабының қарамағына қарайды екен. Тамыз айының 19-ы күні аталған қалада тұрған неміс бөлімшелері мен легион штабы тұтқындарды өздерімен бірге алып, белгісіз бір жаққа бет алды. Тұтқындар ұзын сонар көштің қай бағытты нысанаға алып келе жатқанынан бейхабар еді. Түске қарай, сағат он екілер шамасында, шұбап келе жатқан колоннаға ағылшын әскери ұшақтары шабуыл жасап,

колоннаның шәт-шәлекейін шығарды. Осы аласапыран қарбалас шақты пайдаланған Мұқан мен тағы екі тұтқын жақын мандағы орман арасына бой жасырып үлгерді. Тұталақайы шыққан колоннаның бас-аяғын түгендеуге асыққаннан мұрсаттары болмаған неміс бөлімшелері «осы алған сыбағамыз да жетер» деген болулары керек, көп аялдамастан әрі қарай жылжыды. Үш қашқын екі күн бойы орман ішін арлы-берлі шарлап жүріп, ақыры француз партизандарының отрядына кезіккен. Француз коммунистік партиясының басшылығымен ұйымдастырылған бұл отряд өздерін «маки» деп атайтын екен. Мұқандар тамыздың 24-і күні тегеурінді шабуыл жасап, Альби қаласын алған осы отряд сапында немістерге қарсы бірлесіп күрес жүргізген Кеңес Армиясының әскери тұтқындардан құралған басқа топтарымен қосылған еді. Қосылған топ арасынан Мұқан алғаш рет өзінің жерлестері Қаражұманов, Бектаев, Жаманқұлов және Жылқыбаевтарды кездестірген болатын. Француз отрядының құрамында немістерге қарсы ұрыстар жүргізуге қатысқан Мұқан 1944 жылдың 19-ы тамызынан бастап 1945 жылдың 16-ы тамызына дейінгі аралықта Франция территориясында жау қолында қалған аймақтардағы кеңестік азаматтардың өз Отанына қайтуына қолдарынан келгенше көмек көрсетті. Соғыс өрті сөніп, Кеңестер Одағы жеріне бейбіт өмір шуағы төгілген кезде, сәл кештеу болса да, басқалармен бірге Мұқан да туған еліне оралған болатын. Тозақтың ортасынан оралған Мұқандай азаматтар аз емес, бірақ, туған жердің топырағы бұйырмай, мүрдесі жат жерде қалғандар одан сан есе көп екені де ақиқат. Соны ойлағанда Мұқанның қаншама тағдыр тауқыметін тартқанына қарамастан, кіндік кесіп, кір жуған туған жерінің топырағын басқанына әлі күнге дейін тәуба қылып, шүкіршілік етумен: «Күдіреті күшті, Тәнірім, мұндай рақымына мың да бір рақмет!»,— дейтін кездері аз емес. Жарылған бас жазылып, сынған сүйек бітер-ау, тек жүріктегі жараның жазылуы-ақ қиын екен. Соған Мұқанның көзі ел аман, жұрт тыныш қазіргідей бейбіт өмірде жетті. Соғыстан кейінгі үш-төрт жыл қираған шаруашылықты қалпына келтіру науқанымен аста-сып, уақыт тез-ақ зырлап өтті. Бұл жылдары Мұқан әйелімен ақылдаса келе інісінің тұңғыш қызын бауырына асалған-ды.

Тілі шығып, былдыр-былдыр сөйлеп жүрген Нұрқанның қызығына тоймай-ақ келеді. Сондайда мұның: «Балалы үй — базар, баласыз үй — қу мазар»,— деген ата-бабалар сөзінің каншалықты дәл айтылғандығына танданып: «Заңғарлар бәрін бір ауыз сөзге сидырып айтып кеткен неткен даналар еді!»— деп, бұрынғы өткен абыздарға ішінен қатты сүйсінетіні бар. Өмір өз қалыпымен баяу алға жылжып, отбасында баянды береке орнаған мамыражай бейбіт тірлік бірқалыпты өтіп жатқан. Сондай жайдары жаз айларының жылы шуақты күндері артта қалып, жылауық жаңбырлы күз айы туар кезде күтпеген жерден мұның үйіне екі қызыл жағалы кіріп келіп, әй-шайға қаратпастан, мұның қолын артына қайырған күйі қара «ЗИМ» автокөлігінің артқы орнына күштеп енгізіп, аудан орталығына ала жөнелген. Неге жақшықты болып қалғанынан бейхабар бұл ештеденен қауіп етпей, бәрі аудан орталығындағы ішкі істер бөлімінде ертең-ақ шешілер деген бейбіт ойды малданып, сабыр сақтаған. Мұны аудандағы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ғимаратына әкеліп, тексерушінің қолына табыс еткен екі қызыл жағалы «біздің жұмысымыз осымен бітті» дегендей, есікті тарс жауып шығып кеткенде, бұл тексерушімен бетпе-бет жалғыз қалған. Әдейі істеп отыр ма, болмаса алдымен сөзді Мұқанның өзі бастасын деп отыр ма, белгісіз, тергеуші аузына су ұрттап алғандай түк демей, тым-тырыс отыр: кәдімгі торғай арбаған әбжылан ба дерсің. Мысық пен тышқан ойынын ойнап отырған қырма сақал тергеушінің әрекетіне қитыққан бұл да тіс жарып ештеңе демей, әліптің артын бақты. Тар бөлме ішіндегі үнсіздік ұзаған сайын тағаты таусыла бастаған тергеуші ақыры бұрқыратып тартып отырған шылшымын күлсалғышқа нығарлай өшіріп: «Ал, батыр, сөйле. Не істеп жүрсің? Үйіңе мына сурет қайдан келген?»— деп, алдына баяғыдағы Рене екеуі бірге түскен фотоны қойды. Жүрегі зырқ ете қалған бұл аз-кем абдырап қалғанымен, тез есін жиып: «Бұл соғыс кезінде менің көзімдегі снаряд жарықшағын алған француз дәрігерімен бірге түскен менің суретім»,— деп, ағынан жарылды. Әп дегеннен Мұқанның мысын баса алмаған тергеуші өз әлсіздігіне ызаланса керек, биязылықты былай ысырып қойып, тура айқайға көшті. Түсі бұзылып, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқан ашулы тексерушіге Мұқан не

дей қойсын: «Бұған алып-қосарым жоқ»,— деген сыңай байқатып, сабырлы қалпын сақтауға тырысты. Өзіне сонша қымбат көрінген жай ғана бір суреттің артында салмағы батпандай ауыр зілді айыптау жатар деп ойламаған еді бұл. Тексерушінің сөз саптауына қарағанда, дәл қазір бұл дүниеде бұдан өткен тап дұшпаны, Отанға қауіпті адам жоқ сияқты. Ол бұған: «Немістердің бұралқы итаршысы, Отанын сатқан опасыз, Түркістан легионының қолшоқпары»,— деген тәрізді адам ойына келмейтін ауыр айыптауларды үйіп-төгіп жаудырып жатыр. Жағдайым мұнша мүшкіл болады деп ойламаған Мұқанның да жүйкесі сыр бере бастады. Екі езуінен ақ көбік аққан тергеуші бір сәт тыным алған кезде бұл да қатқыл дауысқа көшіп: «Алла разы болсын, ашығын айтыңызшы, мұндай адам ойына келмес ауыр айыптарды тағуға себеп болып отырған мына сурет пе, болмаса бұдан басқа да айғақты дәлелдеріңіз бар ма? Ондай дәйекті деректеріңіз жоқ болса, қорғаушысыз енді бір ауыз сөз айтпаймын»,— деп, сөзді келтесінен қайырды. Ел арасында «инелік Құттыбаев» деген лақап ат алған тергеуші өзі де шаршаса керек: «Бүгінге осы да жетер. Тергеуді ертең жалағстырамыз»,— деп, сыртан мана өзін алып келген екі милиционерді шақырып, олар мұны іргелес орналасқан аудандық ішкі істер бөлімінің абақтысына апарып тықты. Төрт кісіге тарлық ететін уақытша қамау орнының ағаш нарының үстінде жатып, бұл өзіне мұндай жаланы тағуға «қолқайырлық» жасаған кім болуы мүмкін екенін ойлаумен басын қатырды. Былай қарап отырса, ешкімнің алдын кесіп, ия біреудің ала жібін аттап көрмепті. Кімге жіп тағарын білмей сарсаңға түсіп жатып ол соңғы кездері өз үйіне кімдер келіп, кімдер кеткенін ой елегінен өткізе бастады. Саралап қараса, ондайлар көп емес екен: бір-екі рет өзінің тетелес өскен қос інісі келіп кеткен, сосын анау бір жолы Мүсірептің Секені бас сұғып шыққан. Бірақ, оның бұған қандай қатысы болуы мүмкін екенін миына сидыра алар емес. Өзіне біршама уақыт ұйықтаған секілді көрінгенмен, тергеуші мұны ұзақ демалдырмапты: бас-аяғы бір жарым сағат қана көз шырымын алған екен. Таныс бөлмеде тергеуші екеуі тағы да бір-біріне қарама-қарсы отырып, арбасу қайта басталды. Бұл жерде жөні түзу қандай әңгіме бола қойсын, «инелік» әр нәрсені бір сөз етіп, ара-арасында сұрақ қояды. Бұл оларға

енжар жауап қайтарып, соншалық мезі етіп жіберген тергеудің тезірек бітуін тосып отыр. Жауап алу таңертеңге дейін жалғасып, бірер сағат демалыстан кейін қайта жалғасты. Арасында түсте бір рет аудандық асханадан алдыртқан сұйық көжемен ауыз ашқан Мұқанды тергеуші түннің бір уағына дейін әуреледі. Бұдан түк шығара алмаған соң ол ақыры мұның ісінің облысқа жіберілетінін хабарлап, тергеуін доғарды. Ісінің облысқа жіберілуін күтумен жарты айдан астам уақыт өтті. Сосын мұны арнаулы жабық мәшинеммен облыс орталығы Өскеменге жеткізіп, сондағы «Крепость» атты түрмеге қамады. Мұқан тек осыдан кейін ғана жағдайының шынында да мүшкіл екендігін бағамдай бастады.

Облыстық тергеуші Фоменко алдына мұны қайткенде де каралап, айыпты етіп шығару мақсатын қойған секілді. Содан да болар, тергеу өте ұзаққа созылды. Алғашында өзін сыпайы ұстауға тырысып, дауысын көтермеген ол күн өткен сайын сабырын жоғалтып, психологиялық әрі күш қолдану әрекетерін күшейте түсті. Өзінің еш кінәсі жоқ екеніне күмәнсіз Мұқан өзіне тергеуші тарапынан қаншама қысым көрсетілсе де, ақырына дейін шыдап бағуға бекініп, азапты күндерді басынан өткеріп жатты. Арасында бірер сағат салып барып күндіз де, түнде де тергеуді үздіксіз жалғастыру барған сайын мұның жүйкесін жұқарта бастады. Әсіресе, түнгі жауап алу каталдықпен өтетін еді. Фоменко тепсе темір үзіген алпамсадай қос жемдетті шақырып алып, мұны сілесі қатқанша ұрғызып, мұның жататын жеріне аяғын әзер сүйретіп жеткен кездері аз емес еді. Кейде тергеуші мұны «ақылға келтіру үшін» асты мұз болып қатқан, отырып-тұруға мүмкіндік бермейтін жалғыз кісілік карцерге де қамайтын. Сондайда абақты ішіндегі пештерге от жағатын қартаң украин әйелі жазықсыз жапа шеккен қазақ жігітін іштей қатты аяп, оның аяғының астына жарылған отын пәленін қойып кететін. Бұған разы болған бұл мына жалған өмірде Фоменкодай қатыгез пенделер ғана емес, жаны нәзік, жүрегі жұмсақ жандардың да барлығына шүкіршілік ететін. Бір ай алдын ала тергеу жұмыстары жүргізіліп, нақты айып тағуға еш айғақ таба алмаған тергеуші ақыры сонау шалғайда жатқан ауданнан бұған қарсы куәлік бергендерді бірінен кейін бірін облыс орталығына шақыртып алдыра бастаған. Сөйтсе,

әлгілер басқа емес, баяғыда француз партзандары ортында кездестірген өзінің көзтаныс жерлестері Қаражұманов, Бектаев, Жаманқұлов, Жылқыбаевтар екен. Қаражұмановтың айтуынша, мұны неміс командованияесі КСРО-ға қарсы күрес жүршізу үшін Қызыл Армияның тұтқынға түскен сарбаздарынан құрылған Түркістан легионына тартқан көрінеді. Бұл сонда неміс армиясы үшін құрылыстар салған жұмыс ротасында унтер-офицер шенінде қызмет атқанған-мыс. Францияда партизандарға қарсы шайқастарға қатысып, солардың қолына тұтқынға түскен. Соғыстан қайтып келген соң тұрғындар арасында Кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, капиталистік елдердегі тұрмыс пен патшалық билік құрылымын мадақтаған. Бектаев болса, Мұқанды Түркістан легионында взвод командирі болып жүрген кезінде көрдім деп, енді бірде үгіт-насихат взводында қатардағы жауынгер кезінде көрдім деп, әбден шатасып болды. Оның бұлай шатасатын жөні де бар еді, өйткені, ол сөздерді оның аузына салып отырған Фоменко-тын. Секен мұны соғыстан кейін тұрғындар арасында капиталистік елдердегі өмірді, бұрынғы өткен патшалық билік құрылымын мадақтап, Кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді деп айыптапты. Не керек, Фоменко бұған «осы ауыр айыптардың бәрін мойнына алдырамын» деп, бұл «оған өлсем де көнбеймін» деп, теке-тірес ұзаққа созылды. Көзбе-көз беттестіру кезінде Мұқан нақты дәлелдермен айыптаушылардың шындықты жасырып, жалған куәлік бергендерін олардың беттеріне шыжғырып басқаннан кейін куәгерлер алғашқы берген куәліктерінен бас тартып, кей жерде берген куәліктерінен мүлде шатасып, тергеушінің арам ойы ашылып қалды. Жинаған айғақты деректер мұның кінәлілігін мойнына киып салып беруге жеткілікті емес әрі жалған екендігіне карамастан, Фоменко істі толық дәлелденді деп, Түркістан әскери округы Алматы гарнизонының әскери трибуналына берді. Сот барысы кезінде Мұқанның: «Тағылған айып өте ауыр. Сол себепті, мен куәлік бергендердің бәрі тергеушінің ықпал етуімен жалған сөйлеген деген пікірдемін. Бұлардың айтқандарының бәрі дерлік шындыққа жанаспайтын жалған деректер. Куәгерлерді мен тұтқыннан қашып шығу арқылы босап, француз партизандарына қосылған кезде ғана алғаш рет көрдім. Оған дейін бұлармен еш жерде кезде-

спесем, олар менің Түркістан легионында немістердің әскери ротасында қызмет еткенімді, сондай-ақ әскери мектепте оқығанымды қайдан біледі? Менің бір мезгілде унтер-офицер әрі қатардағы жауангер болуым мүмкін емес қой. Сондай-ақ, бір мезгілде әскери мектепте оқып әрі партизандарға қарсы шайқастарға қатысуым да миға қонбайтын дүние, себебі, бір адам екіге жарыла алмайды ғой. Сосын, мектепте неміс тілін білетін адам ғана оқи алады, ал, мен болсам одан бейхабар, ауылдан шыққан қарапайым жанмын. Екіншіден, шайқастарға дені-қарны сау адам қатысады, ал, көзінің алдындағыны көре алмайтын мен сияқты мүгедек жанның соғыс операцияларына қатысуы мүмкін бе? Тіпті, мен әлгі взводта қызмет атқарсам, мені бұлардан басқа да адамдар көруі, білуі керек қой. Рота менің жалғыз өзімнен ғана тұруы мүмкін бе? Секеннің Кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізді дегеніне келсек, басқалар мұны неге растамайды? Ол маған Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» повесін сынады деген айып тағыпты. Көркем әдеби шығарма партияның Жарғысы немесе сол қуатты саяси құрылымның бағдарламасы емес, кәдімгі адам қиялынан туатын дүние ғой. Ендеше, оған оқырман ретінде мен өзімнің жеке пікірімді білдірсем, бұл Кеңес билігіне қарсы шығу болмаса керек. Өкінішке орай, менің патшалық билік құрылысына баға беруім болмаса оны мақтауым мүлде мүмкін емес. Себебі, патшалық самодержавиенің билік құрылысы тарих сахнасынан қарасын батырған кезде менің жасым бар болғаны төртте ғана болатын. Өзім көрмеген, білмеген иә онда сүрмеген құрылысты мен қалай мақтап иә оған қайтіп баға бере алмақпын? Осының бәрі тағылған айыптардың жалған екендігіне толық дәлел бола алады», — деген уәжіне әскери трибунал да құлақ аспайды. Жарты жыл бойы үздіксіз қысым көрсетіп, ұрып-соғып, дәлелді деректерді қасақана бұрмалау арқылы қаны шыққан шындықты жалғандыққа жығып беру бағытында жүргізілген әділетсіз тергеу жұмыстарының нәтижесінде әбден жүйкесі тозып, моральдық жағынан ерік-жігері әлсіреген бұған Фоменко бұған істемегенін істедім дегізіп қол қойғызып алды. Іс осылайша Фоменконың ойлағанындай аяқталып, негізгі мақсаттары мұны қалайда темір тордың ар жағына тығу болған Алматы гарнизонының әскери трибуналы ақыры мұны 1950

жылдың 18-і қыркүйегінде РСФСР ҚК-нің 58-16 және РСФСР ҚК-нің 31-а,б,в баптары бойынша Мұқанның ісіне байланысты оның бар мал-мүлкін тәркілеп, жиырма бес жылға бас бостандығынан айыруға, сөйтіп жазасын түзету-еңбек қолниязсында өтеуге үкім шығарды. Мұндай әділетсіздікке жаны күйген Мұқан істі қайта қарауды сұрап, Түкістан әскери округінің әскери трибуналына наразылық арыз түсірді. Бірақ, бір айдан кейін сотта істі қайта қараған трибунал бұрынғы үкімді өзгертпестен, сол күйінде қалдырды. Осылайша, Алматы гарнизонының әскери трибуналы мен Түркістан әскери трибуналдарының құзырлы заң қызметкерлері қарға секілді бір-бірінің көзін шұқымай, иықтарындағы мундир беделін қорғап қалған болатын. Бұл не істей алсын, маховигі айналып кеткен әкімшілдік билік жүйесінің күштеп таңған қылмысын амалсыз мойына алуға мәжбүр болған: алған емес-ау, бұған оны күштеп алдырған. Жазықсыз сотталып, лагерьде жүргенде қаншама рет жоғары жаққа арыз-шағым жазбақ болды, бірақ, қолына берілген үкімнің көшірмесінде сот тарапынан мұның мойнына қиып салған, «нақты дәлелденген» қылмыс құрамы көрсетілмегендіктен, амалсыздан бес жыл бойы өмірін шектеуде өткізуге тура келді. Мұны түрмеден тек денсаулығының нашарлауына байланысты 1955 жылдың 29-ы шілдесінде босатты. Бұл өзіне шығарылған үкімнің мәтінін сонда ғана толық оқыған. Бостандыққа шыққаннан кейін өзінің жазықсыз екендігін, сол себепті толық ақталғысы келетінін, өйткені бұл әділетсіз сот үкімі өзінің ғана емес, балаларының да арына дақ түсіретінін айтып, КСРО Жоғарғы Сотынан бастап, талай құзырлы жерлерге арыз жазды, бірақ, солардың бірде-бірінен жауап келіп көрген емес. Тек 1980 жылы ғана көп жылғы ізденістің арты қайырымен бітіп, мұның ісін қайта қараған КСРО Жоғарғы Соты әлгі әділетсіз соттың үкімінің күшін жойып, Мұқанды толығымен ақтаған болатын. Сол кезде бұл алғаш рет қылышынан қан тамған қызыл империя заманында жа әділеттілік салтанат құрады екен-ау деп, іштей Тәңірге сыйынған еді. Оған да тәуба, өзін қойшы, балаларының арына дақ түспесе болғаны да...

Артынан барып білсе, өзінің басына пәле болып жабысқан әлгі суретті домалақ арызбен бірге аудандық мемлекеттік

қауіпсіздік органы атына жолдаған дәл осы Секен болып шықты. Негізгі куәгер сол болса, қалғандары терегуші Фоменконың тіміскілеп жүріп тапқандары екен. Ол заңды да еді, өйткені, кімнің тұтқында болғаны әскери орындарға да, басқа заң органдарына да бұрыннан белгілі емес пе. Сөйтсе, жолына жуа шыққыр Секен бұған баяғы бір кездегі қылмысты істі жасырып, ымыраға келмегені үшін қысастықпен өшін алмақ болған екен ғой. Бейшара Секен кезінде аңқау елге арамза молда болып, талай ел азаматының көз жасына қалғанды. Ел үстінен күн көрген пысықай, сұғанақ еді пәтшағар. Құлқынынан басқа ойы жоқ, қай жерден қарпып жеп қалсам, қай жерден іліп кетсем деумен өмір сүрген араны кең, обыр Секен 1947-1948 жылдары аудандағы «Буденный» атындағы колхозда есепші болып істеген. Бұл ол кезде аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде инспектор-бухгалтер. Аудандық атқару кеңесіне ауыл тұрғындарынан Секеннің атына көп арыз-шағымдар келіп түскендіктен, кеңес басшысы бұған Секен қолындағы құжаттарды тексеру арқылы осы шағымдардың анық-қанығын көз жеткіз деп тапсырма берген. Тексеру барысында Секеннің ауыл шаруашылығы артелінің Жарғысын бұзып, колхоздың төрт мың рубль қаржысын жеп қойғандығы анықталған. Ол кез үшін бұл өте қомақты ақша. Қылмысы ашылып қалған есепші Мұқанның аяғына жығылып, жалбарынып, аталған фактіні жария етпей-ақ ауданнан жасырып қалуды сұраған. Ақиқат жолдан жаза басып көрмеген бұл ондай іске баруды арына дақ түсірер қылмыс деп санап, Секенмен ымыраға келмеген. Сөйтіп, болған істі қаз қалпында көрсетіп, аудандық атқару кеңесіне тексеру актісін берген. Осыдан көп уақыт өтпестен аудандық атқару кеңесінде отырыс өтіп, соның қаулысы бойынша Секен жұмысынан алынып, жеп қойған ақшаның орнына колхозға астындағы жалғыз атын берумен соттан әзер аман қалған-ды. Соны көңіліне дық алған Секен ыңғайлы сәт келгенде есесін қайтаруды ойлап жүреді екен ғой, бұл оны қайдан білсін. Тапсырылған істі адал, жауапкершілікпен атқаруға тырысатын Мұқан күндердің бір күнінде дәл осы ымыраға келмейтін әділдігі үшін жерлесі өзіне салмағы ауыр жала жабады-ау деп ойлап көрмеген екен. Адалдығы мен аңқаулығынан баяғыда атасы айтатындай

өмірде аз таяқ жемегені анық. Бірақ, туа біткен мінез-құлықты оп-оңай өзгерте салу қиынның-қиыны, тіпті болмайтын шаруа екен. Содан да болар, бұл өзгере алмады. Сонысынан опық жеген жері көп. Десе де, оған өкініп көрмегені өзіне аян. Сірә, о дүниеге де осы бейкүнә сәбидей пәк те таза қалпымен кететін шығар-ақ. Жазықсыз түрмеге қамалып, ит қорлығын көрген азапты тағдырын еске алғанда, ішін мысықша тырнайтын үлкен бір өкініші бар, ол — шешесі мен әкесінің өлімін көріп, оларға өз қолынан топырақ сала алмағандығы. Мұның шешесі өте ісмер, өлең, айтыс десе ішкен асын жерге қоятын өнерпаз жан болатын. Кішкентай кезінен есінде қалғаны — ауыл өңірінің қайсыбір жерінде айтыс болады екен десе, шешесінің үйелмелі — сүйелмелі бұларды үйге сыртынан бекітіп кетіп, қайтсе де сол айтысқа қатыспай қоймайтыныдығы еді. Әкесінің де қолы містерлі болатын. Ол тіккен етіктерді жұрт аттай қалап алар еді. Екеуінің де дүниеден баз кешуіне, әсіресе шешесінің елудің ішін енсермей жатып жастай көз жұмуына, мұның түрмеге камалуы кері әсер еткені анық. Жазмыштың сызығына не шара, бірақ, осы өкініш мұның жадынан ешқашан өшпейтіні кәміл...

Біраз дем алған соң, қария ойы өмір жолының парақтарын қайта ашып кетті. Бейбіт өмірге араласып, талай жауапты қызметтерді атқарды. Кейінде ат үстінде болды. Кеңшардың бухгалтерің, жұмысшылар комитетінің төрағасы, бірнеше ауылда басқарушы болып жұмыс істеді. Ешкіммен шәй десіп сөзге келіп көрмепті. Елге жағымды болғандығынан шығар, ауылды қойып, бүкіл аудандағылар мұны құрметтеп «біттей аға» деп атайтын. Тек осы бейғам тірлікті 1960 жылы өзінен кейінгі інілерінің бірі Жүністің ауыр наукастан қайтыс болуы бұзып кеткен-ді. Оның артында қалған жесірі мен төрт баласына көмек көрсету салмағы енді мұның мойнына түсті. Ал, 1967 жылы Құдай қосқан қосағы Нұргүл дүние салып, үйде көп жылдардан бері мұның қолында тұрып келе жатқан енесі Кәмелмен екеуі қалған болатын. 1971 жылы немере інісі дүние салды. Бірінші қызын тұрмысқа баяғыда берсе, екінші қызы Нұрқан Алматыда институтта оқып жатқан. Өзі туған ауылында басқарушы болып жұмыс істеп жүрген. Ауыл-аймақ, туған-туысқандары қояр да қоймай, ақыры мұны өзінен едәуір жас

Балдай атты келіншекке үйлендірген. Отыздардың ішін кен аралап кеткен жас келіншек қолынан бәрі іс келетін ісмер, үйдің ішкі-сыртқы жұмысына жылпос, елгезек те еңбекқор жан екен. Мінезі де жұмсақ: ауыл-аймаққа да, туған-туысқандарға да бірден жағып, ауылға етене араласып, сіңісіп кетті. Осыған дейін туған-туысқандарының, тетелес өскен бауырларының балаларын өсірсе, енді өз кіндігінен тараған балалар жарық дүние есігін ашты. Екі ұлы мен қос қызы дүниеге келгенде, бұл өзін дүниедегі ең бақытты жан санаған. Шынында да, тағдыр тауқыметін тартудай-ақ тартып, бүкіл Еуропадағы өлім лагерлерінің бәрінде болып, жарымжан болса да еліне аман-есен келген кешегі соғыс ардагері үшін бұл Тәңірдің берген үлкен сыйы еді. Бәлкім, Алла Тағала басынан ауыр тұрмыс тауқыметін өткізіп, өмірден түк көрмей кетем бе деп, жалған дүниеден қарадай түңілген пендесіне жаны ашып, мейірім нұрын төккен болар, кім білсін? Ең бастысы — ендігі жерде мұны ешкім кемсітіп «қубас» деп атай алмайды. Құдай қаласа, төрт баласы ертең-ақ ер жетіп, әкесінің орнын басады. Рас, қатты ауырып ауруханаға түсіп, жазылу-жазылмасын бір Құдайдың өзі білер мұның ондай бақытты көру-көрмесі екіталай, әрине. Бірақ «үмітсіз шайтан» деген емес пе, іштей сондай күннің туарына күмәнсіз сенеді. Зейнеткерлікке шыққаннан бері дем алып, байырқалап үйде отырса да болар еді, бірақ, шияттей жан шикі өкпе жас балаларды өсіру керек болғандықтан, соңғы кездері ауылда жұмысы онша ауыр емес кеңшар қоймашысы болып жұмыс істеп жүрген. Алды жоғары сыныпта оқып қалған балалары, тіпә-тіпә, адал, турашыл әрі ізетті болып өсп келеді. Бір Алладан солардың жамандығын көрсетпесе екен деп тілейді. Айтып келмейтін өлімнен қорқатыны да рас. Өйткені, институтын алтын дипломмен бітіріп келіп ауданда ұстаздық қызметке араласқан Нұрқанын өзі қалаған адамына тұрмысқа беріп, соның қызығына тоя алмай жүргенде, бұл қуанышы ұзаққа созылмады. Күйеу баласы Әділ аса сыпайы, кеңпейіл, мінезге бай, болып тұрған азамат еді. Құдайға да жақсы адам керек болағн шығар, отасқандарына 5-6 жылдың жүзі болғанда күтпеген жерден қатты ауырып ауруханаға түскен Әділ бір апта өтер-өтпесте беті бері қарамаған күйі сол науқастан қайтыс болып кетті. Оның артында аңрап қалағн Нұрқанның тағдыры да

мұны қылбұраудай бұрап толғандырып, жанын жегідей жейді. Күйеу баласының артында орнын басар бір тұяқ қалса, өкініш те бөсеңдеу болар ма еді, қайтер еді. Әділ мен Нұрқанға Тәңірі бір жас иісті кимады, ең қасіретті өкініш те осы. Қызының жан күйзелісін жүрегімен сезеді-ақ, бірақ, қолдан келер қайран жоқ. Қазақ: «Шығасыға иесі басшы»,— демейтін бе еді, бұл да соның кері баяғы. Қызына шамасы келгенше ақылын айттып, ұнжырғасын түсіре бермеуге кеңес беруден басқа мұның қолынан не келсін? «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» дегендей, қызы да Тәңірдің өз пешенесіне жазғаны осы екенін түйсінген болар, әкесіне жан күйзелісін көрсете бермейді. Күңірене беріп, онсыз да тағдыр соққысын көп көрген әке жанын жүдетпейін деп ойлайтын болуы керек. Мұқан мұны жақсы түсінеді. Түсінеді де, қызының мейіріміне сүйсініп, жүрегі езіледі. Басқа не істесін? Құдайдың тартқызар қасіреті аз емес екен. Күйеу баласының қазасынан кейін жыл өтпей жатып мұның Алматыда тұратын ең кенже жазушы інісі Балабек қайтыс болып, мұның қабырғасын тағы бір қайыстырып кетті. Осыдан кейін немере інісінің төрт ұлының өрттей жанып тұрған екіншісінен айырылып қалды. Басына осыншама қайғы бұлтын үйірген Аллаға мұның шағып, біраз уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмай зар еңіреп, өз шашын өзі жұлып, қатты күйзелген. Жанын жегідей жеген қасіретке уақыт емші ғана дауа болды. Бұл да өлмеген соң тіршілік күйбеңіне ілесіп, күнкөріс қамына кіріскен. Одан бері де көп уақыт өтті. Соңғы кездері мұның денсаулығы сыр бере бастады. Белінің құяңы ұстауы да жиілеп, кейде орнынан тұра қалатын халге жетті. Бұл баяғы түрмедегі Фоменконың едені мұз қарцерінен қалған «сый». Анау бір жылы Берел ауылында басқарушы болып жүрген кезінде жайлауға шығатын малды су жалдамай, көпір арқылы өткізу үшін күз айларында Бұқтырма өзенінің үстінен едәуір енді аспалы көпір салғызғаны бар. Сонда жұмысшылармен бірге суық суды белуардан кешіп жүріп күні-түні қауырт құрылыс жұмыстарын жүргізуге тура келген. Сірә, сол суық судың ызғары да белге әсерін тигізіп жатқан болуы керек. Өмірі алдынан ас қайтарып көрмеген еді, соңғы кездері жүрегі кілкіп айнып, тамақтан да қала бастады. Өзі: «Құдайдың басқа салғанын көрермін»,— деп, ауруханаға баруды кешеуілдете берсе де, тете өскен інісі Накан мен

туған-туыскандары «бар да бардың» астына алып, ақыры облыс орталығындағы ауруханаға келіп жатуға тура келген. Оған да біраз уақыт болып қалды. Дәрігерлер: «Дерттің беті қатты, асқындырып алғансыз. Әзірше тексеріп, аурудың барысын бақылай тұрамыз. Қажет болса, мүмкін, операция жасауға тура келер, оны уақыт көрсетеді»,— деп жатыр. Бұл өзін қарайтын дәрігерге әу бастан-ақ: «Туралап келген ажал болса, сені одан сендер түгілі Тәңірінің өзі арашалап алып қала алмайды. Егер іштегі дерт тек операция жасау арқылы ғана жазылатын болса, онсыз да соғыста шұрқ-шұрқ болып тесілген қырық шокпыт денемді пышақтауға келісім бермеймін. Сендер сенің өмірімді әрі кетсе екі-үш жылға созарсыңдар, онымен қай ұшпаққа шықпақпын? Пейілдеріңе мың да бір рақмет, тек диагноздарың осындай бұлтартпас шынайы жәйтті анықтап жатса, маған еш бүкпесіз шындықты айтыңдар, бұған еш ренжімеймін»,— деп қолқа салған. Мана Секендер келер алдында бұл сол емдеуші дәрігерін күтіп жатқан-ды.

Мейірбике шақырған болуы керек, аяғын ширақ басып емдеуші дәрігері Сергей келді. Дидарына үнемі иманды жылы күлкі үйіріліп тұратын Сергейдің жүзі сәл жабырқанқы сияқты көрінді. Тұнық теңіздей көгілдір көзінің нұры от шашпай, сәл күңгірт тартқан. Соған қарағанда, жайсыз хабар әкелгендей. Сөзін әдеттегідей аман-саулықтан дәрігер біраз уақыт бойы науқастың көңіл-күйін, хал-ахуалын сұрады. Күндегідей әзіл-қалжыны жоқ. Қария сұраулы кескінмен Сергейдің жүзіне барлай көз салды. Жайдары мінезімен, ақылды кеңестерімен, зер салып тыңдасаң біраздан кейін оқиғаға өзі қатысып отырғандай күй кешкен, тыңдаушысын тез еліктіріп әкететін қызықты әңгімесімен қалың көпшілікті баурап алған Мұқанның тура қараған көзінен тайсақтай беруден түк шықпасын түйсінген болуы керек, Сергей өз ұлтына тән турашылдыққа бағып, мәселенің ашығын айтты. Сөйтсе, мұның дерті асқазанның ішіне түгел жайылып кеткен полип екен. Оны операциясыз емдеп жазудың мүмкіндігі жоқ көрінеді. Сондықтан ол қарияға бірер күн ойланып, операция жасатуға келіссе, өз ұйғарымын айтуға кеңес берді. Мұның: «Одан бірдеңе шыға ма? Операция сәтті аяқталса, одан жеңілдік боларына толық сенімдімісіндер?»— деген сауалына Сергей: «Өзіңіз айтқандай,

бәрі бір Құдайдың әміріндегі дүние. Әлбетте, біз қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Істің нәтижесі : «Сабакты ине сәтімен»,— дегендей, сәттілікке келіп тіреліп тұр. Сондықтан жүз пайыз кепілдік бере алмаймын. Бірақ, дерттің бетін қайтару үшін операция жасаудан басқа жолды көре алмай тұрмын»,— деп, ағынан жарылды. Мұқан орыс жігітінің тура шындықты еш бүкпесіз бетке айтқанына ризашылығын білдіріп, оған бірер күннен кейін өз жауабын беретіндігін жеткізді. Дәрігер кеткеннен кейін қарттың ойы сан саққа кетіп, едәуір уақыт бойы бойындағы мазасыздық дірілін баса алмай жатты. Ақыры бәрін сабырға жемдіріп, бірте-бірте сабасына түсті. Кешке қарай оған осы қалада тұратын Нақанның үлкен қызды Қарлығаш тамақ алып келді. Оны мұның ішіп жатқаны да шамалы, ауруханада берген тамақтың өзін тауыса алмайды. Бірақ қызының көңілін қалдырмайын дейді де, алып қалған тамақты қасында жатқандарға беріп, соларды жарылқайды. Жұмыстан кеш шығатынына қарамай, бұл ауруханада жатқан бір айдан астам уақыт бойы жұмыс күндері кешке, демалыс күндері түске қарай мұнда күн құрғатпай соғып, тамақ әкеліп тұратын оған: «Қарғам-ау, маған осы жердің тамағының өзі жетіп жатыр ғой, соны тауысып жесем де тақияма тар келмек. Несіне сонша шабылдың? Бір ай бойы дедектеп, қаланың анау шетіндегі үйің мен аурухана арасын күре жолға айналдырып, арлы-берлі шапқылап, мазаң кетті-ау. Күнде келмей-ақ, екі-үш күнде бір соксаң да жетпей ме. Баламысың деген, жаның қалмай жүгіргенде, мені ажалдан алып қалам дейсің бе? Ол тажалың тура келсе, оған анау дәрігерлер де түк істей алмайды, олар да ажал алдында қауқарсыз. Күнде жүгірме. Мені кім алар дейсің, уақытыңды босқа шығындама»,— деп қанша айтса да, осы қызы мұның халін білуге бір күн келмей қалған емес. Адамның жаратылысы да қызық-ау осы. Өзі келме деп айтса да, Қарлығаштың бәрібір келетінін іштей жақсы білгендіктен, оны сарғая күтіп жататыны да рас. Міне, ол бүгін де келіп тұр. Тамағын кері қайтармай алып, сосын оған болған жайдың бәрін айта келіп: «Ауылдан әкенді шақырт. Тездетіп жетсін, екеуіміздің ақылдасуымыз керек»,— деді. Араға күн салып қалаға Нақан жетті. Екеуі біраз ақыл қосқанда, Нақан: «Асқынып кеткен дерттің беті операциясыз қайтпайтын болса, пышаққа түсуге

тура келеді. Тән де, жан да сенікі, жаныңа ауру бататын да өзін. «Өзің біл» деген сөз ауыр болса да, маған сабағат салсаң айтарым, уақытты соза бермей, операцияға жат»,— деді. Бұл: «Операциясы құрысын, одан да ертерек ауылға ауылға жетіп, халық емін қолданып көрелік. Өзің білесің, ана бір жылдары осы облыс ауруханасының дәрігерлері: «Енді біздің қолдан келер қайран жоқ. Дерт асқынып кеткен, адам болмайды»,— деп ауруханадан шығарып тастаған Өрелдегі самай Мейрамбек шал қойдың жас сорпасына наркүмісті салып ерітіп ішіп, артынан аты жаман кеселден құлан таза жазылып кеткен еді ғой. Құдай жар болып, істің сәтін салса, қала не, ауыл не? Тіпә-тіпә, тіл-көзім тасқа, әлгі самай шалындай мен де ертендері шұңаң қағып шыға келмесіме кім кепіл? Осы айтқаным келмесе қара да тұр»,— деп, ақыры бірер жас үлкендігін алға салып, інісін өз дегеніне әзер деп болса да көндіріп тынған. Мұқан осылайша денесіне пышақ тигізбей, бәрін Аллаға тапсырып, тезірек елге қайтуды жөн санаған. Нақан ағасының уәжіне амалсыз көнген. Осы ойын Сергейге айтқан Мұқан операциядан өз еркімен бас тартатындығын айтып қолхат жазып беріп, екі күннен кейін қасында жатқан науқастармен жылы қоштасып, Нақан екеуі ауылға қайтқан. Келе салысымен мұның халін сұраймыз деген аудандағы туған-туыстар мен былайғы жұрт үйді басып, жарты айға жуық уақыт бойы үйден кісі аяғы сейілмеді. Келгендер бәрін білгісі келіп сұрақты үсті-үстіне жаудырады. Бұл да олардың алдында өзінің дәрменсіз күйін көрсетпейін деп, шамасы келгенше сергек көңіл-күй танытып, оларды әңгімесіне ұйытады. Бірте-бірте кісі аяғы сейіле бастағанда Мұқан дертінің мендей бастағанын жан-тәнімен сезінді. Бұрын жай ғана батып ауыратын еді, енді кіндік тұсы кесе көлденең түйреп, қатты бұраған кезде, мұның жаны көзіне көрініп, қатты қиналысқа түсуі жиілей бастады. Нақан бастаған туған-туыстары аудан көлеміндегі бар-ау дегендердің ұй басын қағып жүріп, наркүміс те, мумия да, не керек, табылған ем-домның бәрін әкеліп қолданып бақты. Соларды ішкеннен кейін алғашында біраз уақытқа тынышталғандай болған, бірақ, асқынған дерт ақыры өз дегенін істеп, бұл басын көтеруден қалды. Енді, міне, төсекке таңылып, көрер таңды көзімен атыратын болды. Бертін келе басында туған-туыскандары күзетте отыра бас-

тады. Бас аяғы бес-алты айдың ішінде наукас еттен арылып, терісі мен құр сүйегі қалған аруакқа айналды. Әбден арып, құр сұлдері қалған түрінен балалары шошымасын деп, бұл олар қасына келгенде аурудың жанынан батқанын оларға сездірмей, көңілденген қалып байқатады. Есейіп қалған Балжан мен Айдос мұның жасанды қылық екенін іштей сезгенмен, олардан кішілеу екі сәби әкелерінің қандай тауқыметті басынан өткеріп жатқанынан бейхабар еді.

Осылайша қарияның жанын азапқа салған дертпен алысқанына сегіз айдан астам уақыт өтті. Мұқан өзінің жер бетінде татар дәмінің таусылуға жақын қалғанын іштей сезіп, тәнінен жанының шығар сәті ауылдың ұзақ қысты артқа тастап, арқа-басының кеңіген шағында, яғни мал семіріп, қымыз шыққан кезге дәл келгенін қалаған еді. Алла да пендесінің мінәжатына құлақ асқан болуы керек, шілде айының шуақты күндерінің бірінде ұзақ науқастанған Мұқан фәни дүниеден бақилыққа өтіп, ақыры көз жұмды. Тағдыр тауқыметін көп тартып, өмірден арына дақ түсірмей кеткен ауылдың абзал қариясының мәйітін қара жер қойнына беруге аудан тұрғындары өте көп жиналды. Елдің соңын ала келген Секен онымен қоштасу үшін денесін уақытша табытқа жатқызған Мұқанның мәйітін құшақтап көп жылады. Кеш те болса бойындағы адами ары оянып, өткен іске өкінішін осы көз жасымен шайып шығарғысы келген болар, кім білсін. Бірақ, мұны Мұқан көрген де, сезген де жоқ. Зұлымдығына қарадай күйіп, оны көзі тірісінде кешпеген Мұқанның көгеріп кеткен суық түсі мұнымен әлі де ымыраға келмейтін күрес жүргізіп: «Сендейлерге ешқашан да кешірім болмайды. Сендейлер адал жұрттың арын, адамдық асыл қасиетін аяққа басып, қаракан бастарыңның пайдасы үшін арды да, ананы да еш ойланбастан сатып жіберетін жәдігөй пысықайсындар. Сен мен үшін маған әскери трибунал жалған үкім шығарған күннен бері өлген жансың. Саған рақымшылық, жүрек кешірімі болуы мүмкін емес, Секен! Ешқашан да! Тек сенің әулетіндегі жас ұрпақ атасы салған соқпақпен жүрмесе екен деп тілеймін! Олар — ата баласы емес, Адам баласы болсыншы! Сені аяймын, Секен. Сенің сыртың — бүтін, ішің — түтін, ажалыңнан бұрын баяғыда-ақ өлген жансың. Ал маған келсек, сөз басқаша. Мен

бодаусыз өткен өміріме өкінбеймін, өйткені, мен тағдырды жеңген адаммын! Ендеше өткен өмірде менен бақытты жан болуы мүмкін бе, әй, жоқ болар-ау! Саған айтар не қалды, Секен? Сен мен үшін баяғыда өлген жансың, өлі мен тіріде әңгіме-сұхбат, бөлісетін қуаныш-қайғы сезімі болуы мүмкін бе? Әркім өз жүрегіне үнілсін де, қош...»,— деп, оны қарадай кінәлап жатқан сияқты. Секен мұны енді ғана түсінгендей болды, содан шығар, жүрегі шаншып, бүкіл денесі суық қарығандай дір ете қалды. Қалың жұрт мәйітті жерге беріп, оған топырақ салған соң, Секен қайта мәйіт шыққан үйге келіп, қаза асынан дәм татпастан, асығыс ауылына жүріп кетті.

...Осыдан екі апта уақыт өтер-өтпесте аудан жұртшылығы арасына кеше ғана дін-аман жүрген Мүсірепұлы Секен кенеттен қайтыс болыпты деген суық хабар тарады. Кезінде таллайды қан қақсатып, көптеген адамды зап еңіретіп, олардың көз жасына қалған жан о дүниеге өз ажалынан аттанды ма, жоқ болмаса, оның басын қара жерге тым кеш оянып, жанын шабақтаған ар-ұяты тықты ма, ол жағы қалың жұртшылыққа беймәлім күйінде қалды. Ондай пәле іздеп жүретін пенделер бақи болған соң да тірілерді қойып, марқұм болған жандарға да әсте тыныштық бермейді деседі көнекөз қариялар. Данагөй абыздардың сөздері рас болса, рас та шығар, кім білсін?..





БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ АДАМДАРЫ

(хикаяттар)

Біздің ауыл — ежелден-ақ от тілді, орақ ауызды шешендер мен кеудесін оққа төсеген батыр ұлдар туғызған киелі мекен. Әркім өзі шыққан тауының еңсесі биік болғанын қалайтыны сияқты, әрине, мен де ондай пендешіліктен құр алақан емеспін. Содан ба екен, мен өзімді ауыл туралы, оның адамдары туралы сөз бола қалса, соларды емірене тыңдап, қызыл кеңірдек болып дауласудан бас тартпайтын адамдар санатына қосамын. Әйтсе де, бүгінгі сыр қылып шертпегім ауылдың өзі емес, онда ғұмыр кешіп жатқан менің жерлестерім жайлы болмақ. Өсіріп иә асырып айтқандық емес, шынында да, біздің ауылдың адамдары абзал жанды, әрқайсысы үлкен бір шығарманың бас кейіпкері болуға татитын ерекше жандар. Айтпақшы, таныстыра кетейін, ауылымыздың көнекөз қариялар білетін атауы — Танба, бергінде өзгерген атауы — Еңбек. Ол — Бұқтырма өзені бойын жағалай қоныстаған Қаратай еліне көбінесе қисық сөйлейтін, сайқымазақ, қотыр сөздерімен елді іреп-сойып отыратын адамдарымен жақсы таныс ауыл. Біздің ауыл адамдарының ішінде Ярослав Гашектің «Сайыпқыран солдат Швейктері» де, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясындағы әдеби кейіпкер Судыр Ахметтер де, несін айта берейін, ел сүйіспеншілігіне бөленген, әр түрлі мінезді, әр түрлі тағдырлы сан қилы адамдар бар. Менің әңгімеме арқау болған кейіпкерлер — елдің мінеп, сынап емес, әзілдей отырып, шын жүрегімен сүйетін, айызы қана әңгіме ететін, сөздері мен әрекеттері, мінез-құлықтары елден ерекше жаратылған жандар. Сөз басы — Нәкенде.



БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ АДАМДАРЫ

(Хикаяттар)

НӘКЕ

Алдымен кейіпкерімді таныстыра кетейін. Нәкең (әкесінің азан шақырып қойған аты — Накан, ауылдастары Нәке деп атап кеткен) — шыр етіп жерге түскеннен бері осы ауыл топырағынан кіндігі ажырамаған байырғы тұрғындардың бірі. Кез келген ауылға тән көп балалы отбасынан шыққан. Өзінің айтуына қарағанда, мінезі мен тілінің қыршаңқылығы әкесінен келгенге ұқсайды. Болса болар, ауыл қарттары оның әкесі Сақанның ұрт мінез, екі сөзге келмей жатып қолын ала жүгіретін күйгелектігін әлі күнге жыр қылып айтып отырады. Қайтсе де, әкесі екеуінің топырағы бір жерден алынғаны кәміл. Нәкең — сырт пішіні көзге қораш көрінетін, бәкене бойлы, әдейілеп іздемесең тап басып таба алмайтын қысық көзді, таздың басына үркіп шыққан шаштай сұйық сақал-мұртты, көп жылғы ауыр жұмыс титықтатқанмен, еңсесін әбден басып кете қоймағандығы ширақ қимылынан білініп тұратын елгезек, жасы жетпістің ішін еркін аралап кеткен қолтоқпақтай ғана сары шал. Үй шаруасына ұсынақты, қоғам жұмысы десе жанын салатындар тобынан. Ұзақ жылғы өмірінде осы мінезінің шадрылығынан бір жұмыста көп тұрақтамай, талай төбенің басына қонған адам. Құдай сәтін салып, жөні түзу бір кәсіп басын ұстағанмен, араға көп уақыт салмай ерін арқалап алып, басқа бағытқа бет түзеп кете бергенге ұқсайды. Соңғы жылдары тұрақтап істегені — жылқышылық екен, сол жұмыстан зейнеткерлікке шыққан. Өз кіндігінен тараған ұрпағының бәрін аяғынан қаз тұрғызып, қазір олардың бәрі де өздері қалаған мамандықтары бойынша елдің әр қиырында еңбек етіп жүр. Нәкең жан-жаққа тарап кеткен ұл-қыздарының өздеріне кел деп шақырағыннан қарамастан, өз қолымен тұрғызған қара орманды мекенін қиып тастап кете алмай, ұя басқан мекиендей тұрағын қорып, бәйбішесі екеуі әлі күнге осы ауылда түтін түтетіп отырған жайы бар.

...Жеңіс күніне қарсы қатарлары аудандық «Арай» газеті редакциясының тапсырмасымен қатарлары сиреп қалған

ауылдағы соғыс ардагерлерінің бірінен сұхбат алмақ оймен өзімнің туып-өскен ауылым — Еңбекке келдім. Ауылдан ерте қол үзіп кеткендіктен, Нәкең қарияның бүгінгі тірлігінен хабарсыз болатынмын. Бөлімше кеңсесіне келсем, темекі тартып тұрған бір топ жігіттердің ортасында қолын құлаштай сермеп сөйлеп тұрған сары шал менің берген сәлемімді есітмеді ме, болмаса көрінген көк аттыға елпілдей қоймайтын тоңмойындығына басты ма білмеймін, әйтеуір, мен оның назарынан тыс қалдым. Басқа шолақ белсенділер жиналып қалғанмен, бөлімше басқарушысы әлі келе қоймапты. Сол себепті, тек тұрғанша деп, мен де қауқылдасып тұрғандардың әңгімесіне құлақ түрдім. Шал ашулы екен: әсіресе, бөлімше басшысына деген өкпесі қара қазандай ма деп қалдым. Әсілі, тілі усойқыдай ащы екен. Бұл сол баяғыда бала кезімде көзім көріп, ара-тұра болса да сөздерін естіген, жадымда бейнесі сақталып қалған ауыл ақсақалы Нәкең-тін. Оның сөзін тыңдаған адам еріксіз құлуге мәжбүр болар еді. Шалдың қикар мінезі мен мірдің оғындай дөп келіп тиетін кесір тілі бала кезімнен еміс-еміс есімде қалғандықтан, бұған аса таңдана қойған жоқпын. Байқасам, оның бұл жолғы сөзінің екпіні де, жосыны да бөлек екен. Бағанадан бері көзі жоқ басшыны жерден алып, жерге салып, пырақтан шығарып іреп-сойып алған шал енді қарсы алдында тұрған қараторы жігітті жан алқымға ала бастады. Бригадир жігітті қайдам, ондай сілікпені Құдай басқа бермесін деп ойлағаным хақ. Ашулы шал айқайға басып: — Әй, Серік, сен басынды бері бұрып, мына менің көзіме тура қара. Атанның аузын... Қит етсе, осы сендердің талақтарың неге тарс айырылып тұрады, а, соны айтшы маған. Мен сенен жылу сұрап, иә болмаса әкеміңнің құрынын даулап кеп тұрған жоқпын ғой: бар болғаны трәктір сұрап келіп тұрмын емес пе. Үйде сырып салар отын жоқ, сонда маған отқа сирағыңды жақ дейсің бе? Белдерің бесіктен шықпай жатып кекіріктерің азып, болып-толып қойғандай-ақ жерге түспей, аспандап кететіндерің не? Біле білсең, мына сапқоздың ыстық-суығына менен көп күйіп-тоңған адам жоқ. Сен әлгі құрып кеткір трәктірді алдымен сапқоз жұмысшыларына береміз дейсін. Сонда қалай, мен ауылға еш қатысы жоқ, басқа жерден ауып келген кірмемін бе? Сендерше, мен жылқы баққанда сапқозға керекпін де,

зейнетке шыққанда керексіз болып қалған екенмін ғой, солай ма? Солай деп ойласандар, артына бұрыш қыстырған есектей кипактап бұлтақтамай, тура ашығын айтындар. Ізденетін жерді білеміз. Сізге ештеңе дей алмаймыз дейсің, ә? Онда құйқаны құрыстырар мұндай былшыл сөзді қойындар, шырағым. Партия пленумының шешімдерін неге орындамайсындар? Өкімет карт зейнеткерлерге, кешегі соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты адамдарға қамқорлық жаса деп отырған жоқ па? Әлде, сендер біз сияқты кәрі-құртандарды баяғыда өлдіге жатқызып, о дүниеге аттандырып жіберіп пе едіңдер? Бүгін трэктір бермедіндер бар ма, кара да тұр, ісім сендермен болады. Көздеріңе көк шыбын үймелетіп, итжеккенге айдатып жіберемін. Мойындарың дорба іліп, қайыр сұрап кетесіндер. Әйтпесе сендермен қанжығада бір-ақ кездесетін боламын, әкеңнің аузын...пәтшағар өңкей... Қарашы-ей бұларды,— деп, Серіктің ит сілікпесін шығарды. Еңтігін басып алып, тағы да сөз бастамақ болған шалдың ниетін дәл осы кезде келіп қалған бөлімше басқарушысы Токтар бұзып жіберді. Кеңсенің екінші басындағы бұрыштан шыға келген ол жедел басып келіп: «ассалаумағалейку!» — деп сәлем беріп, шалға қолын ұсынды. Нәкең аузын ашса, істің насырға шабатынын бағамдаған Токтар дереу оны қолтықтан алып, кеңсе бөлмесіне қарай бастай жөнелді. Мен де олардың соңынан ердім. Байқаймын, қарияның кеңсе табалдырығын тоздырған сыңайы бардай. Ошағандай жабысқақ қыршаңқы шалдың мінезіне жақсы қанық «упр» одан тезірек құтылайын десе керек, қолына тілдей қағаз жазып беріп, шалдың жұмысын тез бітірді. Мұрнын бір тартып, құлдыраң қағып сыртқа шыққан шалдың соңынан ұзақ қарап, басын шайқап тұрған Токтар сәлден кейін мырс етіп күліп жіберді де: — Нәкенді өзіңіз де жақсы білесіз ғой. Алғаш осы ауылға басқарушы болып келгенде бұл шалдың сөздеріне кәдімгідей ренжіп, біраз уақытқа дейін онымен түсінісе алмай жүрген кездеріміз болған. Артынан мінезіне қанық болғаннан кейін барып қана ол шалмен қабағым жарасқан. Тілінің усойқысы бар, кикар, ашушаң шал, бірақ, қайтымы тез жан. Барған жеріне дауыл тұрғызып, борандатып келетін өзінің бойына сіңісті әдеті. Тұрған бойы — осы. Әйтсе де, жүрегі ақ, көңілі пәк, жаны кіршіксіз таза адам. Өте әділ: өлсе де шындықты жақтап өтеді. Маған әсіресе оның

бойындағы осы қасиеті қатты ұнайды. Ақсақалдың трактор сұрағанына біраз уақыт болғаны рас. Біздің жағдайымызды түсінесіз ғой: бөлімшенің жұмысы бастан асады. Оның үстіне техника болған соң шағылмай тұрмайды ғой, біразын жөндеуге қойдық. Сол себепті техника жағы жетіспей жатыр. Сосын мына көктемгі егіс науқаны да алқымнан алып, мұрнымызға су жетпей тұр. Оны айтсаң шал өр серпіп, заң-законды төпелетіп соғып кетеді. Сосын ғой істі насырға шаптырмайын деп, қат болып тұрса да шалға бір тракторды беріп жібергенім. Қазір лездеме жасап, механизаторлар мен малшыларға бүгінгі күнге тапсырмалар беру керек еді. Айып болмаса, соны өткізіп тастасам. Сосын асықпай отырып сөйлесерміз, оған дейін көрші бөлмеде тоса тұрсаңыз болады»,— деді. Лездеме бір сағатқа жуық уақыт алды. Тапсырма алғандар жан-жаққа тарағаннан кейін мен басқарушының бөлмесіне кірдім. Токтар орнынан тұрып: — Төрлетініз, бері таман келіп, жақын отырыңыз. Иә, не шаруамен жүрсіз?— деп, маған сұраулы кескінмен қарады. Мен өзімнің не себеппен келгенімді айттым. Мәселенің мән-жайына қаныққаннан кейін басқарушы маған сұхбатты әлгі Нәкеңнен алуыма кеңес беріп, ол кісі туралы ауыл адамдарынан һзі естіген не бір қызық оқиғаларды жыр қылып төкті-ау дерсің келіп. Олардың кейбірінен өзім де хабардар болғанымен, олардың ішінде мен естімеген аса қызықты оқиғалар бар екен. Токтардың айтуынша, Нәкеңнің ұмытшақтығы мен жаңғалақтығы туралы әңгімелер үлкен бір эпопеяға жүк болатын, нағыз күлкі шақыратын оқиғалар екен. Көзінен жас аққанша күліп отырып Токтар айтқан сары шалдың кейбір күлкілі оқиғалары төмендегідей...

... Ол кездер Нәкеңнің жылқышы болып жүрген шағы болса керек. Ит-құс көбейіп, тынышты алған күндердің жиілеген шағы екен. Жылқышылар еркек қос болып, Тарбағатайда жылқы бағып жатса керек. Әркім 3-4 сағаттан түнгі жылқы күзетінде тұрып, қосқа талып-жығылып келгенде сүзбе салып, туралған етімен ысытылған сорпаны ішіп, жылы бүркеніп жата қалғанға не жетсін? Қоста қалғандар күзеттегі жолдастарына тамақты кезекпен істейді екен. Сондай бір күні Нәкең кезектес жолдасын аш қалдырыпты. Сонда ол не істеген дейсіз ғой? Сөйтсек, Нәкең от қызуымен қып-қызыл болып ысыған

темір пештің үстіне суды ысытуға қойып, жаңғалақтығынын кесірінен оған етті салуды ұмытып кетіпті. Өзі қаннен-қаперсіз ұйқыға кірісіпті. Таңсәріде күзеттен келген Камали атты жолдасы пеш үстіндегі мескені жерге түсірсе, оның ішіндегі суы қайнай-қайнай суалып қалса керек. Түбі жылан жалағандай таптаза мескені ары-бері аударып-төңкерген ол ақыры жыларман халде жерге отыра кетіпті. Тағы бірде Нәкең Ғұбайдолла атты серіктесімен бірге Шұбартөс деген жерде жылқы тебіндетіп жатыпты. Айналада топтанған қасқыр үйірі көбейіп, солар малға тыныштық бермеген соң, бұлар түнгі күзетті күшейтуге мәжбүр болыпты. Ғұбайдолла Нәкеңнің бөлесі болса керек. Ол ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді сүйетін, шырпы басын сындыруға ерінетін, сонысына карамай, тілі удай ащы, нағыз жатыпатардың өзі екен. Жалпы, Ғұбайдолланың тұқымының бәрі дерлік сайқымазаққа бейім, тілдері ұстарадай өткір жандар болыпты. Оның әкесі Қабимолла туралы ел арасында тарап кеткен алып-қашты әңгімелердің бір парасы мынадай.

...Біреулер айтады, ол кезде Қабимолданың жасөспірім шағы екен. Жасы он бестерге іліккенде ол өзі осы уақытқа дейін бет-жүзін көрмеген, Бұқтырма өзенінің арғы бетіндегі Қызылжұлдыз деген ауылда тұратын нағашы жұртына барып, солармен таныс-біліс болуға арнайы сапарлап бармақ болыпты. Шешесі түсіндіріп берген жол нобайымен келе жатқанда, алдынан екі жігіт шығыпты. Бұл кішілік ізет көрсетіп, әлгілерге сәлем беріпті. Олар бұдан жөн-жосық сұрап, бұл оған жауап берген соң, әлгілердің бірі: — Ә, сен әлгі бәйгісі Сәрсеннің үйін іздеп келе жатыр екенсің ғой. Ол әулеттен бұл ауылда төрт ағайындылар тұрады. Ал, өзіннің ныспың кім?— деп сұраса, бала оларға қарсы сауал қойып: — Ағалар, үлкен тұрып кіші сөйлемес болар. Алдымен ағалық көрсетіп, өздеріңізді сіздер таныстырып өтсеңіздер»,— дейді. Уәжді сөзге тоқтаған екеудің үлкені: — Тәрбиелі жердің баласы екенсің. Қазақы әдет-ғұрыпты біледі екенсің, мұның жөн. Біз сен іздеп келе жатқан ауылда тұрамыз, совхоздың түйесін бағамыз. Менің атым — Старшынай, мынау менің інім — Атаман,— дейді. Оларға сынай қараған бала ештеңе деп тіл қатпастан, атын тебініп, орнынан жылжи береді. Әудем жерге барғанда артындағылар: — Әй,

бала, аты-жөніңді айтпай кеттің ғой», — деп айқайлапты. Сонда әлгі жігіттер өзін баласынып мазактап, ылғи әскери атауларды әдейі айтты деп ойлап, осыған қитыққан ол: — Менің ныспым — генерал-губернатор, — деп, атын қамшымен бір салып, әрі қарай шаба жөнелсе керек. Әлгі жігіттер нұсқап жіберген бағыт бойынша сар желіспен біраз жерді еңсеріп, ауыл тұсындағы өткелге келген кезде күн батып, айналаны қою қараңғылық басып кетіпті. Өткелден өтіп келе жатса, мұның жоғары жағынан тағы біреу бұған қарсы жолығыпты. Әлгі алдам: — Әу, кім боласың? — десе, бұл қарсы сұрақ қойып: — Өзің кім боласың? — дейді. Анау: — Сатамын, — дейді. Өзін баласынып өзіне қыңыр жауап берді деп ызасы келген бұл сол жерде арұятты былай ысырып қойып: — Кім екенінді айтпасаң айтпай-ақ қой, садағам. Бірақ, тас қараңғы түнде өткел үстінде сауда жасамасаң, саудан жүрмей қала ма, антұрған! — деп, әлгіні бір сыбап алыпты. Тағы бірде Қабимолда аудан орталығында өтетін жиналысқа қатысуға бара жатып, жолшыбай Қабырға атты ауылда отыратын нағашыларының үйіне соға кетіпті. Ондағылар мұны қауқылдасып қарсы алып, мал-жанның амандығын сұрасып, су-суан ішкен соң жүруге қамданған бұған: «Қайта қайтарыңда үйге соға кет», — депті. Кешке таман әлгілер әлдібіреудің үйдің қабырғасын дүрсілдетіп соққан дыбысты естіп, бұл кім болды екен деп танданып отырса, үйге Қабимолда кіріп келіпті. Бұлар: — Ау, мұның не? — десе, ол асып-саспастан: «— Үйді соға кет деген өздерің ғой, — депті. Оның қылығына бас шайқаған нағашы ағасы: — Жарайды, шешініп төрге, ең биік жерге шық», — десе, Қабимолда киімдері мен аяқ киімін шешіп тастап, бүйірде тұрған абажадай пештің үстіне шыңғып кетіпті. Нағашысы: — Мынау қай қылығың? — десе, ол міз бақпастан: — Нағашы-ау, бұдан биік орын бола ма? — деп, оған қарсы сұрақ қойыпты. Сәл нәрсені қылжакқа айналдырып, жүрген жерін күлкіге батыратын Қабимолданың мұндай күлкі шақыратын әрекеттері мен қырсық сөздері жетерлік. Әкесі сол боған соң, Ғұбайдолла қайдан оңсын?

Күн суытып, бойлары тонази бастаған соң, Ғұбайдолла Нәкене: — Абзи, саған бір өтініш айтайын. Бірер сағатқа малды қараусыз қалдырып, оларды Құдайға тапсырайық. Маңай тыныш сияқты ғой, малды ештеңе әкете қоймас. Мына

іргедегі Машинскийде ауру-сырқау, ақсақ-тоқсақ қойларды бағып отырған Құсағанның үйіне барып, сәл бой жылытып, шәй-пәй ішіп қайтайық»,— деп қолқа салыпты. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын Нәкен: — Сен де бір қайдағы жоқты айтады екенсің. Ит-құстың өріп жүргені мынау. Сонда, мына малды кімге сеніп қалдырмақпыз? Көзді ала беріп ит-құс тиіссе, ертең упрға не деп жауап береміз? Ондай былшылды қой, шырағым!— деп, сөзді келтесінен қайырып, әлгі ұсынысқа едәуірге дейін көнбепті. Қадалған жерінен қан алатын Ғұбайдолла қойсын ба, киімге жабысқан кәріқыздай Нәкеннің құлақ етін жеп, мазасын алып жүріп ақыры оны өз дегеніне көндіріпті. Сөйтіп, екеуі Құсманның үйіне келіпті. Онда Тарбағатайда жақын маңда мал қыстатып отырған қойшылар жиналып, карта соғып жатса керек. Орталарына бір ләгөн сыраны алып, қызу айтыс-тартысқа толы карта қызығына түскен оларға алғашында қосылмаған жылқышылар тобылғы түсті қою шайға әбден қанып, қол еңбегі сырадан бірер саптыаяқты төнкерген соң бойларына қан жүгіріп, біраздан кейін әлгі дырдуға араласып кетіпті. Карта қызығымен отырғанда екі-үш сағаттың қалай зыр етіп өтіп кеткенін байқамай қалған Нәкендер қойшылардың алды үйлеріне қайтуға қамдана бастағанда ғана малды естеріне түсіріп, апаш-құпаш жиналып, дереу атқа қоныпты. Тебінде қалған жылқы табынына келсе, бұлардың кеткенін күтіп тұрғандай аш қасқырлар тобы бір биені жарып, ішек-қарнын ақ қар үстіне ақтарып, буын бұрқыратып тастап кетіпті. Бұған қатты ренжіген Нәкен Ғұбайдолланы жеті атасының бәрін түгендеп боқтап: — Бағана саған малды қараусыз қалдырмайық деп өлердей айттым. «Құдайға тапсырайық, Құдайға тапсырайық» деп өлсе болмадың. Қане сенің сол айтқан қамқоршы Құдайың? Енді, міне, қараптан-қарап отырып мына биенің құнын төлейтін болдық. Әй, оңбайсың-ау сен, Ғұбайдолла, оңбайсың!— деп таусылып тұрса, Ғұбайдолла түк болмағандай: «Нәке, дүниеде бәріне сенуге болады екен, тек анна кәритке емес»,— деп, саусағымен аспанды нұсқап, серіктісін одан әрмен жындандырыпты. Бұл жерде де Нәкеннің адамға сенгіштігі мен аңқаулығы бой көрсеткені анық.

Нәкеннің жанында көп жыл жүрген Жәнібек атты жылқышы: — Кейде Нәкен екі шұлықты бір аяғына қабаттап

киіп алып, екінші сынарын сағаттап іздеген күндері болған,— деп күліседі. Тағы бірі айтады: — Нәкең бірде өзімен бірге жылқы бағатын Кеңес деген інісімен бірге жолда келе жатып, ауылдан бес шақырым жерде ара ұстап отырған Бедарев деген орыс шалының үйіне жақындағанда, бұлақтан су ішуге тоқтапты. Тұла бойы тұрған қырсықтығына қарамай, ол үстіне қылшық жуытпайтын кірпиаз адам болатын. Сонысына бағып, еңкейгенде суға тиіп кетпесін деп, басындағы кепкасының күнқағарын артқа айналдырып киіпті де, қайта тұрғанда әлгі күнқағар көрінбеген соң, кепкасын сүт пісірім уақыт бойы іздепті. Бәрін көріп тұрған Кеңес шалдың әрекетін қызықтап, оған әдейі ештеңе демепті. Нәкеңнің жаңғалақтығын жіпке тізіп айта берсе, том-том кітап болып шығады. Мұндай ұсақ-түйекті қойшы, бәрінен қызығы, оның жайлауға баратын жолда білдей бір жылқыны ағашқа байлаған жерінде «ұмыт» қалдырып кеткені десем, сенсіз бе, сенбейсіз бе?

Ауылдың Әнеш атты бір тұрғыны мамыр айы өтіп, жаздың мамыражай шуақты күндері басталғанда, меншіктегі биесін совхоз жылқысына қосуға Нәкеңнен жетектетіп жіберіпті. Бөлімшеде ақысын төлегендерге мұндай жеңілдік берілетін болса керек. Ол оны жайлауға шыққан адамдардың бәрі тоқтап, сол жердегі тұма суынан шөлін қандырып, аттың терін басып, белін суытатын Алқым аузы дейтін жерде ағашқа байлаған жерінде ұмытып қалдырып кетіпті. Бие ойда қалып, өзі Тарбағатайға жеткенде ғана әлгі жылқы Нәкеңнің есіне түскен ғой. Дес бергенде, оған жолшыбай бойдақ жылқыларды бағатын жігіттер қарсы кездесіп, Нәкең соларға ұмыт қалған биені кері ала кетіп, иесіне апарып беруді аманат қып тапсырса керек. Кешке қарай әлгі жігіттер өзі Нәкеңе танертең жетектетіп жіберген биесін қайта алып келгенде, Әнеш талып қала жаздапты. Оның бір жағы қайран қалып, бір жағы ызы болғаны соншалық: — Мұндай да жаңғалақ адам болады екен-ау! Отау шөптің ішіне түсіп кеткен ине болса бір сәрі, мынау дегенің бақандай бір ірі қара мал ғой! Өзінің атының жанына байлаған биені қалай ұмытып кетуге болады? Бұл менің миыма сыймайды,— деп, басын шайқай беріпті. Тағы да осы Нәкең сол жылқышы кезінде қыс уақытында елік, марал, тиін атып, өзінше аңшылықпен айналысады екен. Сондай бір күндері

бірнеше тиін атып алып, ең соңғысының терісін сыпырған жерде мылтығын ұмыт қалдырып, қаруын ертеңінде бір күн іздеп жүріп әзер тауыпты. Енді бірде Нәкең өзінің бірге туған ағасымен ауылдың оңтүстігіндегі Қалақ деген жерден жел жыққан жер ағаш дайындауға барыпты. Түс қайта төрт-бес қарағайды ылдифа қарай ағызып, енді кетуге қамданған кезде Нәкеңді үлкен дәрет қысып, ол түзге отыруға кетіпті. Біраз уақыттан кейін қалың қарға малтығып, адымын аша алмай, әке-бабадан түк қалдырмай сыбап боқтап келе жатқан інісіне ағасы: — Әй, Нақан, сені бір қара баспай тұрмайды екен. Ана сыртқы шалбарды неге көтермейсің, сенің адымыңды аштырмай келе жатқан сол ғой, — депті кейіп. Сөйтсе, Нәкең іштегі қалың шалбарды көтеріп, оның сыртынан су болмасын деп киген брезент сулық шалбарды көтермеген күйі жүре берген екен де. Айта берсе, Нәкеңнің мұндай хикаялары жетерлік, олардың қайсыбірін айтып тауысарсың? — деп, Токтар сөзін аяқтады.

...Түс қайта Нәкеңді іздеп барып, қолын алып, арнайылап сәлем бердім. Дес бергенде отындық ағашын жеткізіп алған соң жауар бұлттай түнерген қабағы ашылып, су жырып, тілім-тілім болған сортаң жердің бедерінде терең әжім басқан бетінің шырайы кіріп, көңілі жай тауып, емен-жарқын отырған кезіне тап болыппын. Қария әңгімешіл екен, мұрнын тартып қойып, не бір хикаяларды шертті-ау дерсің. Бала кезде көрген мехнаттары мен Отан үшін от кешкен жылдардағы қарулас жолдастарының ерен ерлігін егіліп отырып жыр қылды. Сонау ел басына қаралы күн туып, ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен аласапыран заманда қанқұйлы соғыста қыршындарынан қиылған боздақтарды айтқанда, көз жасын сығып-сығып алып отырды. Бұл жүрегі жұмсақ адамдарға тән қасиет қой, таңданбадым. Ауыл көлемінде Қожанасырдай аңғалдығымен аты шыққан ақсақалдың үлкен жүректі, елін-жерін шексіз сүйген нәзік жанды адам екеніне көзім жеткен сайын, осы бір алдымда қоңыр дауысымен сезімді тербеп, тебірене сөйлеп отырған қартқа деген сүйіспеншілігім арта түсті. Қатары сиреп, жұрт орнында қалған қадау-қадау шарбақ қадаларындай қарасы азайып қалған қарттарымыздың жан сырын ұғынып, көңіл терезесінен бітім-болмысын, қуанышы мен күйінішін, болашаққа деген сенімін тап басып көре ал-

май жүрміз-ау деген ащы ой санамды шабақтап өтті. Сол сапардан ойға түйіп қайтқаным: біле білсек, халқымыздың тарихы, бүгіні мен ертеңі Нәкеңдердей аға буынның нар жүгін көтерген қажымас қайраты мен елге, Отанға деген адал, шексіз махаббатының арқасында екені еді. Базбір кездері өзгенің жанын түсінбейтін безбүйрек, құлпы тастай қатып қалған сезімсіз жандардың тәлкегіне тап болғанда, жанымыз түршігіп, ел аманатын адал жүрекпен орындаған Отан сарбаздарының, қарт коммунистердің принципшіл әділдікке, бойындағы жылуын бөлісер мейіріміне сүйсінбей тұра алмасымыз шындық қой. Нәкең бойынан мен көрген тағы бір қасиет — әділетсіздікке төзбейтін бірбеткейлік пен ақ іске жанын салар турашылдығы еді. Қарттың сонау бір жылдары болған әділетсіз оқиғаны сөз еткенде көздерінде ыза оты ұшқындап, еріндері дірілдеп, бет-бейнесінің лезде ерекше өзгертіндігіне бір жағы сүйсінсем, бір жағы езу тартқаным да рас. Токтар айтса айтқандай, Нәкең ашуы қандай тез түссе, қайтымы да қас пен көздің арасындай ғана уақытты алатын, сөзді көңіліне дық сақтамайтын адам болып шықты. Қарт жауынгердің айтқандарын орын-орнымен бере алсам, тамаша мақала шығарына зор сеніммен шалдың үйінен алыстай бердім.

Қарттың әңгімесіне рақмет айтып, аялдамаға бет алғанымда, Нәкеңнің биесімен шайқасып, оның басын кесіп итке тастаймын деп айқайлаған ащы дауысы естілді. Іштей: — Ғұмырың ұзақ болғай ауылдың қырсық шалы! Бақыты толысқан ұрпағыңның алдында кеуденді кере дем алып, еңсенді биік ұстап жүре бер!— деп, ерекше бір қуанышты әрі толқыған сезіммен келе жаттым...

О, дүние-ай десеңші! Қазіргі күні Нәкең де бұл жалғаннан озған. Бірақ, оның жарқын бейнесі менің жадымнан ешқашан өшпесі анық.



ЗАҚА

Келесі әңгіменің арқауына ықпал еткен оқиғалар — базарлы балалық шағымның жолбасшысы болған қадірлі ұстазым Зақан жайлы. Енді соларға көшейін.

...Жоғары оқу орнын бітіріп, аудан орталығындағы халық ағарту бөліміне инспектор болып орналасқанымға біраз уақыт болып қалған. Қым-қуыт жұмыстан сәл қол босап, ауылда тұратын ата-анама бір соғып қайтуға сығылып шығудың сәті түсті. Біз оқыған кезде өзімізге етене таныс болып, екінші үйімізге айналған, көзімізге ыстық көрінетін ескі мектеп үйінің орнына еңселі жаңа мектеп ғимараты салыныпты. Жаңа құрылыс үйінің тасасында қалған ескі мектеп алыстан тым қораш көрінгенімен, көзіме оттай басылды. Қасына тақағанда жадымда қалған сан түрлі елестер қылаң беріп, көңілімнің терең түкпірінен ерекше бір қимастық сезім толқыны бас көтергендіктен, көз алдымда бірге оқыған сыныптастарым мен ұстаздар бейнесі тізіліп тұра қалды. Соларды еміреніп еске алдым. Мектеп бағын аралап, өзім отырғызған қайыңды бірден таптым. Анау мойылды Мержан мен Қайрөш, оның арғы жағындағы бұтақтары жан-жаққа жайыла өскен талды Майра мен Гауһар, анау долананы Гүлбадан, анау шыршаны Мұратбек пен Ердос отырғызған болатын. Бақ баяғы балалық шақтың базарлы шақтарын қайта еске түсірді. Бәрі түк өзгермеген, сол кезден қалған ескерткіштей, бүлінбеген күйінде сақталыпты, бәрінен бұрын соған ерекше қайран қалдым. Мектептің тәжірибе участогі де көздің жауын алғандай құлпырып тұр екен: өсімдік өсірудің қыр-сырын жетік меңгерген, талғампаз жанның аса мұқият түрде жүйек-жүйекке бөліп тастаған екпе алаңдар қараған жанды еріксіз тәнті етеді. Бақтағы жұмыстың бәріне менің апайым Қатира басшылық жасайтын. Өткен күндердің сағынышты елесіне елітіп, қалың ойға беріліп кетсем керек, ту сыртымнан:

— Қалай, шырақ, бала кезде жоғалтқан жоғыңды осы ардан тауып, бізге деген өкпе-назыңды еске түсіріп тұрсың ба? Үлкендерге деген сәлемің қайда, әлде оның сатулы ма еді?— деген таудан құлаған қорым тастың гүрлілндей зор дауыс шыққанда, оның Зақан мұғалім екенін жазбай таныдым.

Жалт қарап, өзімді қылмыс үстінде ұсталған адамдай ынғайсыз сезініп, айтарға сөз таппай қипақтап қалдым. Құр терісін сойған касқырдай ыржиып, қысылып күлімсірей бердім. Алдымда тұрған адам — Зақан ағай — біздің сүйікті ұстаздарымыздың бірі болатын. Одан бері де едәуір уақыт өтіп кетсе де, Зақан бөлендей өзгере қоймапты. Өзім ес білгелі бұл кісінің шаш қойғанын көрген емеспін. Ол ылғи да еңгезердей зор тұлғасына жараса біткен шарадай басындағы шашын Фантомас секілді ұстарамен жалтыратып тықырлап алғызып тастайтын. Зақан — жақ сүйектері алға қарай ұмсына шығып тұратын, шарасы үлкен көзінің оты мол, құс мұрынды, маңдайы кере қарыс, бәденді адам. Уақыт өте келе денесі сәл еңкіш тартқаны болмаса, сол баяғы ширақ қалпын сақтаған екен. Ірі тістерін көрсетіп, кеңк-кеңк күліп тұрған ұстазым жайдары мінезінен әсте айнымайтын, жалын мен оттан жаратылған-ақ жан. Ұстаз жүзіне барлай қарап, ебелектеп келіп қолымды ұсынып, хал-ахуалын сұрап, бәйек болып жатырмын. Манадан бері менің өн бойымды шаралы өткір көзімен тінте қарап тұрған Зақан шәкірт бойынан әлі де сол ұян, үлкенді сыйлар кішіпейілділік белгілерінің түгел із жасырып жоғалмағанына риза болғаны ма, күректей алақанына менің әлжуаз қолымды толықтай қаусыра уыстап алып, әлеуетті саусақтарымен шеңгелдей ұстап, ұзақ сілікті. Бұл — ұстаз бен шәкірт арасындағы ешбір сөз айтпастан, тек тілсіз түсініскен ерекше бір қимас шақ еді.

Шүйіркелесе сөйлесіп, мектепке қарай бет алдық. Тосын кездескендіктен бе, ұсақ-түйек жәйттерді сұрасудан әрі аса алмай келеміз. Ол өзінің әлі де тарих пәнінен сабақ беретінін айтты. Анда-санда басын шайқап, өз-өзінен күлімсіреп қояды. Бәлкім, менің бала кездегі кейбір оспадар қылықтарымды есіне түсіріп: «Мына жанымда келе жатқан шынымен-ақ күллі ауылға тентектігімен аты шыққан Ерік пе өзі?»— деп келе жатқан сияқты. Ұстазда ондай ойдың туындауы да негізсіз емес-ті, себебі, несін жасырайын, мектепте оқыған кезімде мен әр үзіліс сайын директордың бөлмесіне бір кіріп шығуды бұлжымас заңға айналдырған, тым сотқар, «тұзы жеңіл, сотанақ, тоғыз аяқты тентектердің» бірі болатынмын. Менің де ойыма шәкірттік кездер оралды.

...Ол кезде Зақан біздің сынып жеткешісі болатын. Тағдырдың жазуынан ба, әлде кездейсоқтық па, кім білсін,

әйтеуір біздің сыныпқа жиналғандар өңкей бір «сен тұр, мен атайындар-тын». Сабақ үлгерімі жағынан ұпайымыз түгел болғанмен, тәртіп жайында сөз бола қалса ұстаздар бізден түңілгендіктерін бар түр-келбеттерімен көрсетіп, жүздерін суытып алар еді. Біздің берген уәделерімізге әбден семіріп, оған сенуден қалған кезде бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай қолдарын сілтелей сөйлеп, біздің жон терімізді сыпырып іреп-соя жөнелгенде, кейісе де ақырып-жекірмей, бізді өзімен тең санап сөйлесетін жалғыз ұстаз осы Зақаң болатын. Басқаларға өре серпіп, тіл мен жаққа сүйеніп, істегенімізді мойындамай бет бақтырмағанмен, Зақаң ағайдың алдында бетегеден биік, жусаннан аласа болып, сызылып қалатынбыз. Пейілі кеңдігінен болар, біздің тентектігімізді, даңғаза у-шуға толы іс-әрекеттеріміз бен әнтек шалдуырлығымызды қашан болса да кешіріп, әрқайсымызбен әлденеше рет жеке-жеке отырып сөйлесіп, бізді дәл өзіндей жақсы түсінетін адам да осы ағай-тын. Біздің бәріміз шөккен нардай салмақты мінезінен еш таймайтын Зақаңның тым болмаса жалқы рет ашу-ызаға бой алдырғанын көруге ынтызар едік, өкінішке орай, Зақаң мұндай бақытты бізге қимайтын: әрбіріміздің ойымызды көзімізден оқып қойғандай сыр бермейтін еді-ау сабазың. Қайтсек те өз мақсатымызға жету үшін қолдан келген барлық айлы-шарғыға баратынбыз. Мәселен, үзіліс кезінде есік тұтқасын белбеумен қатты-қатты ысқылап, қол тигізбейтіндей ысытып қоятынбыз. Басында біздің бұл қулығымызға алданып қалып жүрген Зақаң қолын сан мәрте күйгізіп алып, бертінде есікті өзі жаппай, босаға жақта отырған балаға жаптыратынды шығарды. Бірінші сабақ тарих болса, ең алдыңғы партада отыратын мен бірден қолымды көтеретінмін. Қолымды неге көтеретініме Зақаң қанық: бұл — менің үйге барып, шай ішіп келуге сұрануымды білдіретін. Ол менің шешеммен түйдей құрдас болатын, екеуі дүниеге бір күнде келгендерін айтып отыратын. Сол құрдастығын пайдаланып, оған менің «құпиямды» айтқан шешем екенін іштей сезетінмін. Зақаң еш қарсылық көрсетпестен маған рұқсат беретін, өйткені, мақтанғаным емес, мен сабақты жақсы оқитын үздіктер қатарында едім. Сол себепті де ұстаздарға айтан сөзім өтетін. Содан да болар, ұстазымның кеңпейілділігін пайдаланудай-ақ пайдаланған жанның бірі мен

болғаным күмәнсіз. Мұны кейде қасақана істейтінмін: ондағы ойым — Зақанды қанасынан шығарып, оны бір рет те болса саба-сынан шығарып ызаландыру-тын. Мүмкін, рұқсат етпей, зекіп ұрсып тастар деп дәмеленем ғой баяғы. Жок, Зақаң ұрыспайды да, зекімейді де, екі сөзге келместен өтінішімді орындап, мені үйге жібереді. Сондықтан, бұл әрекетті қайталаудан тез ай-нып шықтым. Осылайша, ұстаздың көнтерілігі мен шыда-мын мойындап, қайта үйірге қосылмасқа шара қалмаған. Айта берсем, Зақанның жүйкесін жұқартам деп мандайын тасқа соғып, қайығын қайраңға отырғызғандар жетерлік еді. Деген-мен, ол кісінің тәлім-тәрбиесінен үлгі-өнеге, өмірлік сабақ алғандар қарасы одан да көп еді. Ұстазымның бойындағы өзім сүйсінетін тағы бір қасиет — оның жалғандыққа аттап баспай-тын адалдығы мен еңбекқорлығы болатын. Қысқы мал азығын дайындау кезінде, мейлі, өз шөбін шапсын, мейлі, совхозға шабындық кезінде көмектессін, уақытты босқа өткізіп, бел жа-зып тыныш отырмайтын тынымсыз жан еді. Және бір қызығы — сондай жұмыс барысында ол тамақты отырып ішіп көрген адам емес-тін. Үлкен сүйретпе меске құйып әкелген айранды керлен тостағанға толтыра құйып сіміріп салатын да, жұмысын тоқтатпастан әрі қарай жалғастыра берер еді. Сусын біткенде, Зақанның да жұмысы тәмам болатын. Күн әлі талтүс болса да, ол ат басын ауылға бұрып, тартып отыратын. Сондай-ақ Зақаң керемет аңғал жан болатын. Ол жайлы ауылдастары бір жерде бас қоса қалғанда әр саққа жүгіртіп айтып, ол жайлы бірімен-бірі жарыса әңгімелеп, күлкіге бір қарық болып қалатұғын. Зақанның осы қасиетіне қатысты өз құлағыммен естіген жәйттің бірі мынау-тын.

...Бірде мектеп мұғалімдері «8-наурыз — халықаралық әйелдер күні» мерекесін қалай атап өтеміз, қандай шаралар ұйымдастырған жөн деп, өзара пікір алмасып отырғанда, мек-теп директоры Төлен:

— Зақа, ішіміздегі жасы үлкеніміз сізсіз. Өмірден көргеніңіз де, ішке түйгеніңіз де көп, бұл жөнінде сіз қандай ақыл қосасыз?— деп сұрапты. Зақаң жұлып алғандай:

— Оған бас ауыртатын ештеңе де жоқ, ашық күні барып, ертерек жығып алу керек»— десе керек. Сөйтсе, Зақаң мек-теп мұғалімдеріне орман шаруашылығы басшылығы тарапы-

нан отынға ағаш жығуға рұқсат берген жер телімі туралы ойлап, мұнда болып жатқан әңгімеге назар аудармай, өз ойымен отырған көрінеді. Сол себепті талқыланып жатқан мәселенің байыбына бармай, ойлап отырған ойына қатысты басына келген алғашқы шешімді ақтарып салып, отынды ауа-райы ашық кезде барып жығып алу керек деген екен ғой баяғы. Тағы бірде мектеп ұжымының бәрі қатысқан педагогикалық кеңесте басқалар оқу-тәрбие ісіне қатысты өзекті мәселені талқылап, бір-бірімен жақ-жақ болып дауласып, әркім өз пікірін дәлелдеуге жанталасып жатса керек. Қызу айтыс-тартыстан кейін ұстаздар пікір алмасуға көшіп, кезек Зақана келгенде, ол:

— Басқанды білмеймін, бірақ, ана бір жылдардағы Шағандабаның (Тарбағатай жайлауындағы дараның атауы) балығындай балықты өмірі көрген емеспін: ұзындығы тура мынадай—ау, мынадай,— деп, ешкімнің ойына кіріп шықпаған, қайдағы бір нәрсені айтқан көрінеді. Сөйтсе, бұл баяғыда бала кезінде осы дараға әкесімен өгіздің артына мінгесіп барған бір сапарында өзі куәгер болған оқиға екен де. Ол кез қайда, бүгінгі күн қайда? Әрине, бұл жолы да Зақаң өз ойымен отырып, кеңесте қаралып жатқан мәселенің желісінен ажырап қалғаны анық...

...Зақаңның отбасында бала басы жетерлік. Кезінде таңертеңгісін үйден шығып, мектепке қарай қаздай тізіліп бара жатқан ұбақ-шұбақ балаларды көргендер: «Әне, Зақаңның футбол командасы кетіп барады»,— деп қалжыңға басып жататын. Олардың бәрі қазір ер жеткен. Ең үлкен қызы тұрмысқа шығып, жеке шаңрық көтеріп, үй болып отыр. Үлкен ұлы біраз уақыт бұрын армия қатарынан оралған. Ұлы дегеннен шығады, тағы да сол аласапыран шөп шабу науқаны кезінде асығыс көлік ерттеп жатқан Зақаң айылды қатты тартып қалғанда, ерқашты болған қыршаңқы бие тізгінді ұстап тұрған кішкентай Ыбанның құлағын қауып тістеп кеп алып, жұлынған құлақтың жартысын жерге түкіріп тастапты. Зар еңіреп, бір ұшып көкке, бір ұшып жерге түскен ұлына Зақаң:

— Жаман қыздарға ұқсап несіне зар еңіредің? Ағызба көзіңнің сорасын. Құлағың, міне, қалтамда.: бір басқа бір құлақ та жетеді,— деп жұбатқан көрінеді. Зақаңның орнында басқа біреу болағнда, әлгі бие таяққа жығылып, не басқадай бір

оқыс оқиға орын алар ма еді, қайтер еді? Ал, Зақаң еш саспастан, бәрін ақылға жеңдірген. Бұған қалай қайран қалмассың? Аяулы ұстаз, жұртқа ақберен адалдығымен, көңіл жықпас бейкүнә аңғалдығымен жаққан Зақаң, міне, қасымда келе жатыр. Осының бәрі есіме түсіп, іштей күлімсіреп келемін. Ақыры екеуіміз мектепке кіріп, мұғалімдерге қол беріп амандасып, кабинеттермен танысқан соң, мұнда түс қайта соқпақшы болып үйге кеттім. Мектеп ауласынан шығып бара жатқанда бір шәкіртті алдына тұрғызып қойып, зор дауысымен тәрбие жұмысын жүргізуге кіріскен Зақанды көзім шалды. Өз кінәсін мойындаған бала басын тұқыртып, аяғының астына қарап қалыпты. Іштей:

— Әй, жас ұлан, Зақаң сенімен әлі де талай рет жеке тәрбие сағаттарын өткізер. Оның айтқандарына шамданбай, бәрін құлағына құя бер, артынан оған шын жүректен алығы айтарыңа мен кепіл,— деп, ұстазыма деген кимас сезімді арқалап, мектептен ұзай бердім... Зақанның заңғарлығына тәнті ететін тағы бір оқиға мынадай.

...Алтай тауының бауырында бір-біріне тығылыса қоныстанған шағын Еңбек аулының кәрі-жасына: «Зақанның шұнағы үйленеді екен»,— деген тосын хабар төбелерінен жай түскендей әсер еткен-ді. Алла тағала сарандық жасап не бой, жөні түзу түр-тұрпат бермеген, бір құлағы шұнақ Ыбан қызға көз салып, оны өзіне қаратады-ау, сөйтіп отау құрады-ау деген ой ешкімнің үш ұйықтаса түсіне кірмейтін шетін оқиға еді. Өйткені, Ыбан өте ұяң, сәл кекештігі бар, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұратын тым болбыр жан болатын. Бұл әлгі менің жоғарыда айтып өткен ерқашты болған шабдар биенің құлағын қыршып алып, түкіріп тастағанынан кейін осындай шұнақ болып қалған Зақанның үлкен ұлы Ыбан-ды. Кезінде құлағы жұлынған кезде ботадай боздаған бұған әкесі: «Жә, болды, бір басқа бір құлақ та жетеді. Шөпжелке қыздарша сораңды ағызба. Құлағың, міне, қалтамда, түк саспа»,— деп жұбатқанымен, есейе келе сол құлақтың «тақтығы» қатты сезіле бастаған. Осы кемістігінен қорынған Ыбан байғұс әлі шұнақ құлақты жасырмақ болып, ұзын шаш қойып, қыз десе бетін басып, олардан тек сырттан көз салса да, әсте жандарына жақын бармайтын. Бергін келе ауыл арасында оның туғанда әкесі

Зақаң азан шақырып қойған аты ұмытылып, ауылдағы үлкен-кішінің бәрі оны «Шұнақ» деп атап кеткен-ді. Бұл көпшілікке не істесін: бастабында шабына от түскендей мөңкіп, өзі шамалас балалармен жаға жыртысуға дейін барғанымен, бертін келе әлгі есімге құлағы үйреніп, әлдебіреу «Шұнақ» деп дауыстаса, «әу» деп жауап беретін халге жеткен. Енді, міне, сол жігітіміз айды аспанға шығарып үйленгелі жатқанын естігенде, былайғы жұрт қалай танданбасын? Үйлену туралы сыбыс шығысымен Зақана «құтты болсын» айтушылар саны артып, ұлының батылдығына дән риза ол: «Той жалғыз менің емес, бүкіл ауылдың, мына біздің бәріміздің тойымыз. Тек ұзағынан сүйіндірсін!»— деп, кеңпейілділік танытқан. Сөйтіп уақытты құр босқа өткізбей, тезірек той жасау қамына кірісіп кеткен. Тойға бәрі сақадай-сай болды, ендігі қалғаны — келін түсіріп, ауылдың тайлы-тұяғын қалдырмай шақырып, ұлы жіңгір той жасау ғана. ..

...Соның сәті дәл бүгін түсейін деп тұр. Зақанның милицияда істейтін балдыздары Еркін мен Ерлан екі арада жеңгетайлыққа жүріп, көрші ауылдағы самай руынан шыққан Құсайынның көптен бері отырып қалған Күләми атты қызын күні-түні азғырып, ақыры Ыбанға икемдеп, оның «тиемін» деген келісімін алыпты. Құдай сәтін салса, Ыбан бүгін түнде ауылдың екі-үш жігітін жанына қосшы ғып алып, әлгі ауылдан болашақ келіндерін алып қашып келмек. Бәріне белін бекем бұған Зақаң: «Қыз көнген соң болды емес пе, әке-шешесінен келер көрімді көріп алдым»,— деп, алған бетінен қайтпас қайсарлық танытқан-ды.

...Қас қарая Зақаң үйіне жиналған қалың жұрт жігіттерге сәт сапар тілеп, оларды көрші ауылға шығарып салғанда, тойдың басы басталып та кеткен болатын. Жарты сағатқа жетер-жетпесте уазикпен көрші Өрел ауылына жеткен жігіттер Зақанның осы ауылдағы бөлесінің үйіне соғып, соның кішкентай баласы арқылы қызға келіп тұрғандықтарын жеткізіп, ол жақтан хабар күткен. Біраз уақыт өткенмен, Құсайын үйі жағынан тырс еткен сыбыс естілмеді. Тегі, қызының ниетін сезіп қалған болуы керек, әке-шешесі күзетті күшейткен сыңайлы. Жігіттерге шыдамдылық танытып, ұзақ күтуге тура келді. Күздің қара суығы өңменнен

өтіп, қатты жаурап кеткен жігіттер үйден алып шыққан ашы суларға ден қойып, бойларын жылытуға кірісті. Қыз келгенде бет моншағың түспей, батылырақ боласың деп, одан Ыбанға да ішкізді. Тентек су шәлің жігіттің буынына түсіп кетсе керек, біраздан кейін Ыбан маужырап, есінеуді жиілетіп, кірпігі әлсін-әлсін айқаса берген соң, жігіттер оны таныс достарының бірінің үйіне сәл дем ала тұрсын деп қолтықтап алып барып, сонда жатқызып кетті. Өздері күзет вахтасын әрі қарай жалғастырып, уақыт озған сайын ішулерін де үдетті. Бұл кезде бойы жылынған Ыбан әбден балбырап, қалың ұйқы құшағына енген болатын.

Арбасу ақыры жігіттердің пайдасына шешіліп, уақыт түн жарымынан аса берген шақта әбден қалжыраған әке-шешесінің көзі ілінді-ау деген кезде қыз да үйден сытылып шығып, тосып тұрған жігіттердің қасына келген. Тағатсыздана күтіп тұрған жігіттер қызды лып еткізіп көлікке отырғызып алып, ат басын Еңбекке бұрған. Мәшине дүр етіп келіп есік алдына тоқтағанда, алды масайып қалған тойшылар көлік ішінен түскендердің кімдер екенімен шаруасы жоқ, кеу-кеулей даурығысып, қызды құрулы тұрған шымылдық ішіне бір-ақ кіргізіп, келіннің жанына ауыл бойжеткендерін отырғызған. Той одан әрі қызып, таң қылаң бере Күләми қыздардың бірінен Ыбанды шақырып келуді сұраған. Әлгі қыз оны қанша іздегенмен еш жерден таба алмай, ақыры бұл жайды алдымен той иесі Зақаңа, сосын Күләмиге айтуға мәжбүр болған. Сол-ақ екен, Зақаң бастаған тойшыл қауым ауылдың әрбір үйінің есігін қағып жүріп ашқызып, Ыбанды індетіп іздеуге кіріскен. Көкке ұшып кетті ме, жер жұтып кетті ме, Ыбан ұшты-күйлі жоқ. Істің арты насырға шабайын деді. Жағдай осылай қалыптасады деп ойламаған қыз бұл қорлыққа шыдамай, таңертеңгісін аудан орталығынан Өрел ауылы екі араға қатынайтын автобуспен үйіне тартып отырды. Үлкендердің жік-жапар болып айтқан басына да, Зақаңның өтінішіне де құлақ аспай, ағылшындарша ешкіммен қоштаспастан кетті. Осыдан тура екі сағаттан кейін кері қайтқан әлгі автобустан мойнын ішіне тығып сүмірейген Ыбан түсіп жатты. Шалғайдағы шағын ауылда осылайша дүрілдеп той өтті, бірақ, ол екі жастың бас құрауына дәнекер бола алмады.

Ауылдағы қалжыңбас Кеңес деген жігіт Зақаңа аяушылық білдірген қалып байқатып: «Зақа, сізге обал болды-ау.. Қарап отырып осыншама шығынға батып қалдыңыз. «Бала, баланың ісі шала» деген осы да. Іштен шыққан шұбар жылан болған соң, баланың ісіне көнбеске амал бар ма? — деп көсемсісе, Зақаң түк саспастан: «Нешауа, түк те етпейді, тек бас аман болсын де. Қыз деген дефицит емес, шашылып жатқан шөпшек емес пе, керек болса, ертең-ақ тағы біреуін теріп алармыз. «Ішкен-жеген — бұйырған»,— демекші, Тәңірі жазған құлын ішіп-жемнен айырмасын де одан да. Бұл тойдың өзі емес, соның дайындық репитициясы»,— дейтін көрінеді сабыр сақтап. Зақаңдар заңғар-ау, шіркін!

Одан бері де көп уақыт өтті. Қазір мен қалада тұрамын, әйтсе де, Зақаңның ер мінезі мен болбыр Ыбанның ауылды дүр сілкіндірген «үйлену» хикаясы әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Анау бір жолы қалада ауылдастардың бірін жолықтырғанымда, сол: «Ыбан содан кейін тентек суды ернінен жақпайтын болды, бірақ, әлі күнге дейін бас құраған жоқ»,— деді. Іштей: «Қайран, Шұнақ-ай, өмірде жолың бір болмай-ақ қойды-ау. Тағдырдың қиынын-ай, мұншама бейбақ болармысың?»— деп, бертінде дүниеден озған Зақаң ұстазымның дарқан бейнесін есіме алдым. Аяулы ұстазым Зақаң осыдан біраз жыл бұрын фәниден озып, бақилық болған еді. Адам баласының жер бетінде қанша уақыт қонақ болып жүрерін шешетін жалғыз Алла ғой. Жарық дүние есігін іңгәлап ашқан әр сәби өсе келе маңдайына жазылғанды көреді емес пе. Сол себепті, сандаған ауыл балаларының адам болуына үлкен үлес қосып, әр шәкіртінің жүрегінен орын алып, артында өшпес із қалдырған Зақаңның рухына басымды иіп: «Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болып, жаныңыз жәннатта болсын! Жұмақ төрінен орын алып, Алланың нұр шапағатына бөленіңіз, менің қимас ұстазым!»— деймін. Одан басқа не деймін енді?



ТӘКЕ

Бүгінгі әңгіменің бас кейіпкері — Тәкең (шын аты — Тәжен). Қысы-жазы ат жалында, түйе қомында жүретін, тау құлап келе жатса да орнынан аттан сап қозғалмайтын салмақты пенде кім десеніз, ол — кәдімгі біздің есепші Тәкең. Бұл өзі қыс бойы інінде ұйықтайтын суырдай ауыл кеңсесінен шықпай, соның ішінде қағаздан баррикада жасап алып, есеп-қисап майданының қызу ортасында жүрсе, жаз шыға шабындық басынан табылып, шабылып, отауға үйілген шөптің есеп-қисабын алуға ауысып, өмірі бір орында дәт қылып отыра алмайтын тынымсыз қаракеттің адамы. Ол — аяғын аңдап басып, айтар ойын безбендеп өлшеп, ақыл таразысына тартып барып қана сыртқа шығаратын, қанжығасынан тастары тізілген есеп шоты кетпейтін, барға мәз, жоққа тарылмайтын кеңпейіл жан. Әдейілеп шұқып аламын деп іздесең табуың қиын қысық көзді, тақырға шыққан селдір селеудей сұйық сақал-мұртты, езуіне қыстырған темекісі түспейтін, сырт қарағанда ұйықтап жүргендей көрінетін жан. Сөйте тұра, ділмәр, шешенмін, ақылгөй данамын дегендерді бір ауыз уәжімен есекке теріс қаратып мінгізіп жіберетін тапқыр, сөзді біреуден сұрап алмайтын қу жақ, сайқымазақ өнерінің аулында түнеп, түстеніп аттанған уытты тілдің иесі де. Жалпы, бұлардың әулетіндегілердің бәрі осындай тілі мен жағына сүйеніп қалған, өзге біреудің айтқан сөзінің өңін айналдырып жібермесе көңілдері көншімейтін, тілді әрі мінезді жандардан тұрады. Осы Тәкеңнің Қали деген үлкен ағасы болды. Ол кісіні мен бала кезімде сан рет көргем: бастабында сиыр фермасында, кейініректе ауылдың жеке меншік ірі қара табынын баққаны бар. Тілі удай ащы, елді тасқаяқтай қағыстыратын тым күйгелек әрі қыршаңқы, екі сөзге келмей жатып әкеден түсіп сыпыра боктайтын, аса шақар адам еді. Оның осы күйгелектігінен, күзеннің айғырындай шаңқылдаған ащы дауысынан ауылдың сауын сиырларының бәрі жүректен талма ауруға шалдыққаны кәміл. Ол айқай салғанда, сауып отырған сиырлар денесіне кенеттен біреу біз сұғып алғандай шыжбалақтап, бауырында желінін тартып отырған әйелді шелек-мелегімен бір теуіп, ата жөнелер еді. Қарияның басына темір гайка байланған) ұзын бишігінің дәмін сан рет татқан бейкүнә жануарлар сөйтпегенде қайтсін? Бұл шалдың сөзді бұрмаламай, түзу сөйлеген кезін,

имандай шыным, өз басым бір көрмеген екем. Тәкенде де сондай ұрт мінез бар, бірақ, Қалидай емес, сәл жұмсақтау, сәл бұйығылау. Әйтсе де, ұстаған жерде тырнағы, тістеген жерде тісі қалатын, көргенінен көзақы алмай қоймайтын пысық жан. Сырт қарағанда қой аузынан шөп алмастай жуас көрінгенімен, шамына тисе, шалқасынан түсетін асаулығы да, бетің бар, жүзің бар демей тура қауып, айтып тастайтын томырықтығы да бар. Десе де, ауыл арасында басқаларға деген адалдығымен, жатты туысындай сыйлар жалаңтөс ақ пейілділігімен жылы лебізге бөленіп жүрген бір жан болса, ол нақ осы — Тәкен. Жаңа айттым ғой, бұл әулеттің адамдарының бәрі қыңыр, шақар мінезді болып келетіндіктен, Тәкеннің де сөздің өңін айналдырып жіберіп, оған басқаша астар беретін кездері аз болмайтын. Елдің көсегесін көгертер айтулы іс істеп, алқалы топты бастамаса да, ауылдастарының оң қабақ танытар адамы осы Тәкендей-ақ болар, сірә. Бұл кісінің тағы бір қызық қасиеті — үлкенмен де, кішімен де ортақ тіл табысып, құрдасындай әзілдесе беретіндігі болатын. Шымбайына батырып айтса да ешкім оның сөзін көңіліне ауыр алмай, шайпау тілмен оған қарсы сөз қатып, артық мінез көрсетпейтін. Содан ба екен, ауыл арасында: «Тәкен былай депті», «Анау былай дегенде, Тәкен былай деп іліп түсіпті», — деген тәрізді аңызға бергісіз алыпқашты сөздер өріп жүретін. Әсілі, Тәкен артық сөйлеп, бас қатыратын мылжындар қатарынан емес, керісінше аз сөйлеп, көп тыңдағанды ұнататын адам-тын. Құрдастарымен кездескенде өзін ұстауы, сөйлеу мәнері бөлек-ті. Соның бір парасы төмендегідей.

...Жайлауға шығып бара жатқан Тәкеңе Обаның үстінде (осындай бір асу бар) өзінің құрдасы, жылқышы Пішенбай қарсы кездеседі. Екі замандастың аман-саулық сұрасып, өзара уәждескендеріне куәгер болған адамның айтуымен осы кездесудің мән-жайы шып-шырғасы шықпастан ел аузына ертеңінде-ақ тарап, гу-гу күлкілі әңгіменің сюжетіне айналып жүре бергенге ұқсайды. Сол кездесудің куәгері айтады дейді:

— Бір жарым айдай бір-бірін көрмеген құрдастар екпіндеп кеп өзара қол алысып, төс қағыстырмай-ақ, амандық-саулықты бірер ауыз айтып түсіністі. Бір қызығы басқаға түсініксіз қысқа сауалдар мен жауаптар олардың өздеріне үйреншікті таныс секілді.

— Иә, хал нешік?— дейді Пішенбай.

Жыбыр. Бұл Тәкеңнің жауабы.

— Зговор (разговор дегені) не?

— Былшыл. Бұл Тәкеңнің сауалына Пішенбайдың берген жауабы. Құлын-тайдай тебісіп бірге өскен сыралғы достардың арасында бір сағатқа таяу ат басын іркіп, бірнеше темекіні тартып тауысып бітіргендеп сөйлескен сөздері осы ғана екен. Тәкеңнің жауабынан Пішенбай ауыл-аймақтың, туған-туысқандардың аман-саулығын, ойда ешқандай жаңалық хабар жоқ екенін білсе, Пішенбайдың жауабынан Тәкең соңғы кезде қаптап кеткен ит-құстан жылқыда шығын барын, жылқышылар тіршілігі қиындап кеткенін ұққан еді. Міне, сөзбен емес, қас-қабакпен ұғынысу дегеніміз осындай-ақ болар. Тағы бір ауылдас айтады.

...Бірде бөлімше кеңсесіне тығыз жұмыспен келіп қалып, сондағы бухгалтерия бөлмесінде болып жатқан бір қызу айтыстың үстінен шықтым. Сөйтсем, дау-дамайға түрткі болған медицинада сулима, ал, қазақтарда қызылжүйрік деп аталып кеткен дәрінің орысша атауы қалай болатындығы жөнінде жүріп жатқан пікірталас екен. Біреу ана, біреуі мына бір атауды атап, қызылкенірдек болысып жатса, әлгілердің арасында бұған ешқандай қатысы жоқ адамдай өз ісімен айналысып, есепшотын қағып отырған Тәкең бір әредікте:

— Оған несіне жақ-жақ болып айтысып-тартысып жатырсындар? Оның қазақша атауы қызылжүйрік кой, рас па? Ендеше оның орысша атауы «красный бегунец» болуы керек»,— деп, әрі қарай өз ісімен айнасылып кетіпті. Біреуі бұған келіссе, енді бірі бұл дәрі атауын қазақшадан сөзбе-сөз аудару деп өзара қаншама айтысып-тартысса да, бөлмеге жиналғандар акыры Тәкеңнің уәжіне келіп тоқтасыпты. Бұл жерде Тәкеңнің пікірі дұрыс болмауы да мүмкін, бірақ, мағыналық әрі сөзбе-сөз аударуы жағынан оған жетер балама атау жоқ екеніне барша жұрт қол қойған ғой. Табан астында сөз тауып кететін Тәкеңнің тапқырлығы бұл жерде де өз рөлін ойнағаны хақ. Ауыл адамдарының тағы бірінің айтқанына құлақ түріп көрсек.

...Бірде ауыл басшылары ауа райының сәл ашылған кезін пайдаланып, ауылдың кәрі-жасын жинап, сенбілік өткізіп,

техника жүре алмайтын жерлерді қол шалғымен шауып алмақ оймен шабындыққа көп кісі шығарады. «Қызыл қайың» дейтін жердің шөбі шүйгін, салалы болғанмен, томар басып кеткендіктен, шөп шабу өте қиынға түсетін-ді. Бөлімше басқарушысы Тәкеңді жас балалар мен жасөспірімдерге баскөз болып, тартпаларын шыңдап беріп, оларға басшылық етуге қалдырса, Тәкең сабазың:

— Ал, батырлар, мына томарларды көріп тұрсындар ма? Көрсендер бопты, енді біріннің артыңнан бірін қаз қатар тұра қалып, кәззартарды тамақтан бауыздай беріндер,— депті. Күйіп кеткен басқарушы жерге бір түкіріп, жайына кетсе керек. Өз сөзіне айызы қанған Тәкең оны сыртынан мазақтай күліп, қала беріпті. Бұл, әрине, өзін қолжаулық санап, қолбала қылғысы келген басқарушыға Тәкеңнің жасаған қысастығы-тын. Тағы біреу айтады.

...Токсанды алқымдап барып қайтыс болған ауылдың қадірменді бір кейуана әжейдің жылына жиналғанбыз. Олардың арасында Тәкең де бар-тын. Қазақ өлімнен несін аяған: дастарқан үсті тағамның түр-түріне толып, майысып тұрса керек. Ауыл молдасы оқыған құран аятынан кейін елдің бәрі жемтікке үймелеген қара шыбындай тамаққа бас қойғанда, дастархан басына сәл кейінірек келіп отырған Шәкең Тәкеңмен қатар отырып қалыпты. Бұл екеуі түйдей құрдастар болатын. Әркім әрнені айтып, әңгіме тақырыбын әр саққа жүгіртіп, ақыры әңгіме ауаны дастарханға қойылған балықтың қара уылдырығы төңірегіне ауысады білем. Күні бойы ұрттап-жалап ішкені бар ма, әйтеуір, Шәкең елге дес бермей, қайта-қайта жұрттың сөзін бөле беріпті. Тіпті, қой десе қоймай:

— Ал, осы уылдырықты бар ғой, қалада бір келісін 50-60, тіпті 100 сомға сатып, оны былайғы жұрт аттай қалап алады деседі. Мұның бағасының шығандап кетуі неліктен? Жарықтық ас атасы наннан мұның несі артық? Өзі де бір ылжыраған, қоймалжың бірдене ғой. Ал, мен, міне, жедім мұны, қайтер екен, көріп алдым. Өзгерген бірдене бар ма? Жоқ қой, жоқ. Әкем-ау, құдайшылықтарыңды айтындаршы, а, жамағат»,— деп, өзегуреген Шәкене басқалар ештеңе дей алмағанда, Тәкең онымен құрдастығын пайдаланып:

— Не болғанын білгің келсе, мен айтайын, сен тыңда. Оның нәтижесін сен үлкен дәретке барғанда көресің. Көкіп оты-

рып мынаның талайын еңсеріп тастадың білем. Таң атқанша бойындағы мына градусың басылмаса, әлгі уылдырықтар жылы жерге түскен соң жарылып, ертең артыңнан оның ішінен шүпірлеп шыққан шабақтар түспесе, ит екенсің деп тура маған кел,— деп, сынар езулей күліпті. Жарылған күлкіден қатты ұялған Шәкең сыртқа ата жөнеліпті. Міне, бұл жерде Тәкең елді сыйламаған, сөзге қонақ бермеген көкала қырттың аузын тардай қылып, тәубасына келтірген. Шынында да, айта берсек, Тәкең жайлы әңгіме өте ұзақ, оның ұшы-қиырына жету қиын. Әйтсе де, маған ұнайтыны — не өшпейтін, не өспейтін, қарапайым ғана мамандық иесінің тағдыр тауқыметіне күле қарап, еңсесін бастырмай, үнемі ел ілтипатына бөленіп жүрер ақжарқындығы, қала берді адамгершілікті ар туым деп жоғары ұстайтын парасаттылығы дер едім.

...Жуықта жаман тұғырын отқа қоюға жетелеп бара жатқан Тәкеңді кездестіріп, оның өзімен түйдей құрдас үлкен ұлы Ерболдың хал-жағдайын сұрадым. Мырс еткен Тәкеңнің жауабы да мен күткендей зілсіз болғанымен қисық болып шықты.

—Е, жүр ғой досын. Үйде әйел жоқ, айтшылап кеткен. Қазір ол екеуіміз еркек қос болып отырмыз. Мен білгенде дүниедегі ең қорлық — бір шалды бір шалдың баққаны екен. Досынның үйлену тойын мен сияқты ол зейнетке шыққанда бір-ақ жасайтын шығармыз. Өзіне айтсаң, үндемейді. Әйелді мен емес қой алатын, сосын мен де үнсіз қалам. Қазір мына ыңыршақты отқа қояйын деп барамын», — деп күлімсіреген түр байқатты. Енді еріксіз мен күлдім. Досымның әлі күнге бас құрамай жүргенін білетінмін. Себебі бар ма, кім білсін, тұйық жан болған соң, жарылып сыр аша қоймайды. Ыңғайсыз болар деп, мен де тықактап сұрай бермеймін. Осы жолы бұл мәселе жайлы онымен дұрыстап отырып бір сөйлесу керек екен деп түйдім ішімнен. Ауыл іргесіндегі ашық алаңқайға атын отқа қоюға бара жатқан Тәкең бар тұрған болмысымен, қуақы, шымшып сөйлер қыңыр мінезімен көз алдымда ерекше бір қимас жанымдай қаз қалпында әлі тұр. Ауылға соққан сайын ол кісіге арнайы барып сәлем беріп шығу менің бұлжымас әдетіме айналған еді. Қазір ол үрдіс жоқ, өйткені, Тәкеңнің дүние салғанына біраз жылдың жүзі болып қалды. Бірақ, оның жарқын бейнесі менің жадымда ұзақ сақталары күмәнсіз.

Өмірдің өзі қызық қой. Біреулер қалың жұрт арасында қоңырқай ғана тіршілік етіп, басқалардан ерекшеленбей, елеусіз ғана ғұмыр кешсе, енді біреу ес біліп, етек-жеңін жиғаннан-ақ алдына үлкен бір мақсат қойып, сол ой-арманын іске асыру жолында бар өмірін сарп етеді. Кейбіреудің бар көрген-білгені көз алдындағы ішіп-жемі, жатса-тұрса ойынан шығармас қаракан басының мүддесі, өзіне ғана әсер ететін мұң-зары болса, енді біреулердің ел үстінен күн көрер пайдақұмар екенін, ал, базбіреулердің күн жаумай жатып малмандай су болатын, жұрттың сұқ саусағын шошайтып көрсетіп, бар ашу-ызасы мен сын-сықақ жебесін бағыттар нысанаға айналып жүргенін өмірде талай көріп-біліп, сондайларға куәгер болып жүрміз ғой. Біз әңгімеге арқау еткелі отырған Шікең де (Шідербай) осы айтылғандардың біріне ұқсамайтын, бітім-болмысы да, мінез-құлқы да тым өзгеше, түр-түсі де былайғы жұрттан мүлде бөлек жан. Елдің аузына кім қақпақ болсын, оның да сойқанды, содыр жел сөздің шашбауына ілігіп, күлкілі оқиғалардың басты кейіпкеріне айналып жүретін кездері аз емес. Әйтсе де, халық мұндай қаңқу сөздерді, зілсіз әзіл-қалжындарды қаны қарайып, ұрынарға қара таба алмағандықтан емес, сол өздері сөз қылған адамның бойындағы көзге ұрып тұратын ерекше мінезіне, әдетіне, сөйлеу мәнеріне байланысты тудыратыны да шындық. Ал, біздің Шікең бұл жағынан нағыз «комик», жүрген жерінде артынан сыпсын сөз ермей, күлкілі бір жайға тап болмай жүрмейтін адам. Енді ол кісімен жақынырақ танысайық.

Шікең — бойы сырықтай ұзын, жағына пышақ жанығандай арық, аласы мол көзінің іші үнемі қызарып жүретін, сөйлей бастаса езуі көбіктеніп, бүкіл денесі «билей» жөнелетін кісі. Бір қызып алса аттыға жол, сөйлеушіге есе бермей, бел алып кететін қызу қанды «ораторлығы» да бар. Қолын әрлі-берлі сермеп тастап, жалаңаш төсін қос қолдап ұрғанда, ешкімге дес бермей кететін кездері аз емес. Тындаушыны, әсіресе, бұл кісінің мінезінің сәт сайын құбылып, кілт өзгеріп тұратындығы бей-жай қалдырмайды. Жаңа ғана қызыл шырайлы жүзі шуақты күлкіге тұнып, қыт-қыттай күліп сөйлеп тұрған Шікеннің бет-әлпеті әп-сәтте тез өзгеріп, тым жүдеу,

тіпті мүсәпір күйге түскен кейіппен солқылын баса алмай боздап, көз жасын сығып алатын кездері жиі кездеседі. Оның мінез-құлқының сәтте өзгеріп шыға келуіне белгілі бір себептер ықпал ете ме, болмаса бұл оның сол сәттегі көңіл-күйіне байланысты ма, бұл жағын тап басып ешкім айтып бере алмайды. Сөйте тұра Шікеңнің мінезі қаншалықты құбылмалы болса, оның тыңдаушысына деген көзқарасы мен пікірінің де лезде басқа бағытқа аунап кететін шақтары аз емес. Сұхбаттасына қанталаған көзімен ішіп-жей қарап, әр жерге үркіп шыққан қадау-қадау селеудей қызғылт жирен мұрты едірейіп, таңқы танауының тесігі қос ауыз мылтықтың ұңғысындай саңырайып, мұрнының желбезегі ауыл ұстасының көрігіндей желпілдеп кетеді. Оның сырын жақсы білетіндер қысылтаян сәтте үндемей құтылуды жөн санайды. Бұл жайдан бейхабар болсаңыз, шұрқ етпеңіз, Шікең сізге сүт пісірім емес-ау, ет пісірім уақыт бойы «лекция» оқып, ақыры сіздің жеңілгендігіңізді мойындатып барып қана арқаныздан қағарына мен кепіл. Бойында өзін ұятқа қалдыратын осындай осал қылықтары болғанымен, обалы не керек, ол жұртқа залалы жоқ, көңіліне арамдық жинап, ел сыртынан жұдырық түйетін жан емес. Қайта басқаның басына түскен ауырпалықты бірге көтерісуге асығып тұратын, қуанышқа ортақтастығын білдіріп, қайғысына қабырғасы қайыса қиналатын ақ пейіл, адал, періштедей таза, жүрегі жылылыққа толы жан. Қалай десек те, бұл кісінің ауылдастары жылы лебізбен естеріне алар адамдардың бірінен саналатындығында дау жоқ. Әйтсе де, тұзының жеңілдігінен бе, болмаса мінезінің сұйықтығынан ба, талай жұмыстың басын шалып, біраз кәсіптің құлағын ұстағанмен, солардың ешқайсысында табан тіреп тұрақтап қалмай, балдай батып, судай сіңіп кете алмаған жан. Жылқы да бақты, сиыршы да, қойшы да болды, құрылысшылар бригадасында да істеді, бірақ, бірде-бірінде тұрақтап қалмады. Қазіргі күні бөлімшеде әр түрлі кәкір-шүкір ұсақ жұмыстармен айналысып жүр. Ауыл арасында қуанышты той-томалақ, шілдехана, сүндет той, топырақты өлім сияқты қалың жұрт жиналатын шаралар болмай тұрмайды ғой. Сондай ел азаматтарының басы қосыла қалған ауқымды шараларда жұрттың қаужайтыны да, қолқалап әңгіме айтуды сұрайтын адамы да осы Шікең болады. Оның

кұрсағына ашы судан хабар барса-ақ болғаны, Шікеңнің аузы-басы жыбырлап, бір орында тұрақтап отыра алмай, өз-өзінен желігіп, күзеннің айғырынша тісін ақситып, шықкылықтап күле бастайтын. Мұндай сәтті жұрт қалт жіберсін бе, оған талақтай жабысып, оны сөйлетуге жандарын салатын. Өзін әке-көкелетіп, бағасын әбден асырып алған соң барып қана Шікең әңгіме-дүкеннің түбін түсіріп айтар еді. Шынында да, Шікең өте әңгімешіл адам-тын. Жөткірініп қойып, тарғылданған дауысымен әңгімесін бастайтын ол тәмам жұртты аузына қаратып телміртіп қойып, тыңдаушысының айызын қандыратын еді. Төменде сондай отырыстарда айтқан Шікеңнің қызықты біраз әңгімелерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

...Жылқыдағы кезім болатын. Бойдақ жылқы бағамыз. Жаз кезінде аз уақытқа болса да бел жазып, ой-хой, бір жасап қаласың ғой. Жылқыны екі-үш күнде бір рет түгендеп қойсаң болғаны, қалған күндері жайлау төрінде көрші қонған қойшылар мен бие байлап отырған ауылды аралап, қымыз ішіп, ет жеп, арқаны кеңге салып жатасың. Бұл оқиға да жазғы жайлауда жылқы бағып жүрген кезде болған еді. Мал тойынып, оған ит-құс қоятындай күздің сұрғылт та сүреңсіз лайсаң шақтары әлі бастала қоймаған кез-тін. Кешелі-бүгін Сойқықара деген сәуіктің үйірі көзге түспей, соны салбурын болып іздеп жүрген кезім болатын. Бүгін әлгі сәуірік үйірін шығандатып Қызылкезең деген асуға алып кетте ме деп, сол жақты арылтқан соң, ат басын Ақбұлақ бойына қарай бұрғанмын. Тау өзені болса да, оның сарқырап, бұрқ-сарқ етіп жөңкіліп ақпай, баяу ғана ағатын өзен екенін өздерің де жақсы білесіңдер ғой. Күн шақырайып көтеріліп, ауа ыси бастаған соң, су бойына ат шалдырып, біраз бел жазып алуға тоқтадым. Бір кезде суда қалқып бара жатқан сиырдың кепкен тезегінің үстінде кетіп бара жатқан қос қоянға көзім түсті. «Мынау рас па, өтірік пе?»— деп, өз көзіме өзім сене алар емеспін. Әлгі тезекті екеуі анау бір жылдардағы қайықшы Мәкендей екі жағынан қос аяқтап есіп, жан салып барады: құдды әлгі теледидардан көрсететін суда жарысатын қайықшы ескекшілер ме дерсің. Бұларға осыншама жандарын жалдап не көрінді десем, әлгілердің соңына шам алып түсіп, оларға адам ойына келмес істі жасатқан зәнтілақ біздің мына алтайы қызыл түлкі

екен. Онтайы келгенде мұны құр жібермейін десем, жанымда мылтығым жоқ — тын, бірақ, біздің қанжығадан қара маймен майлап, иін қандырып илеген теріден тіліп істеген жұмсақ қайыс арқан үзілмейді ғой. Соны ала салып, астымдағы қаракермен әлгі зәнталақ түлкіні бастырдым-ау келіп. Қанша бұлталаққа салып қашқанмен, оны Шәкең құтқарсын ба, біраздан кейін болдыра бастады-ау деген шақта түз тағысына таяқ тастам жерге жақындап келіп, оған шалма салып лақтырмай-ақ, арқанның тұйығын оның мойнына іле салдым. Сөйтіп, әлгі өлексенді құзғын жегір Сойқықараның үйірін іздеймін деп жүріп, түз тағысмын нокталап, жайлау төріндегі біздің еркек қосқа жеттеп алып келгенім бар. Дүниеде талай хикаяттар бола береді екен ғой: анау жылдары мен киік тоздырған түлкі тымақ сол түз тағысының терісі болатын, — деп тоқтағанда, манадан бері әзер шыдап отырағн оның көршісі Есей деген жас жігіт:

— Шіке, сол бөркіңіз ана бір жылы Өрелден келген орыстар атып кететін Ыдырыс шалдың тарғыл төбетіне тәуір-ақ ұқсас,ә?—дегені сол еді, көзі шақырайып,мандай тамырлары адырайып шыға келген Шікен:

— Әй, күшік! Сен сонда маған сенбей отырсың ба? Біле білсең мына мен пайғамбар жасына келгенше біреудің ала жібін аттап, болмаса жалған сөйлеп көрген жан емеспін. Ұқсас болса ұқсас шығар, ол атаңа нәлеттерді мен тауып, мен емізіп өсірді деймісің? Қарашы-ей мұны, бесіктен белі шықпай жатып ата сақалы аузына шыққан әкесіндей мені сайқымазақ еткісі келуін. Әй, әкем, бұл жерге осы сен неге қыстырылып отырсың, соны айтшы маған? Ә, білдім, әсілі сен мені әр сөзіне бір-бір күә керек, сөзінде пәтуа жоқ сужұкпас өтірікші етіп көрсеткің келген екен Оның бола қоймас беті бір табақ ет болған, пигмей. Мені қойшы, сендердің бүкіл зәузаттарыңмен ішмерез екенін барша жұрт білмейді дейсің бе? Қарашы мұны. Сен менімен ойнама, шырағым. Сен мені әлі білмей жүр екенсің. Әкеңді танытып, жерге қазықша қағып жіберемін. Мойныңа қамыт іліп, қайыр сұратып тентіретіп жібермесем, қара да тұр. О несі-ей, жүнін жұлған тауықтай тыраштанған атанның аузын, найсап, — деп барып, әзер тоқтады. Басқалар іс насырға шауып кетпесін деп:

— Шіке, ашуыңызды басыңыз, бұл әңгіме қызық болсын деп Есейдің жай айта салған зілсіз қалжыңы ғой, оны

көңіліңізге ауыр алмаңыз»,— деп, жуып-шайып, жік-жапар болысуда. Міне, бұдан кейін Шікене қарсы сөйлеп көр мықты болсаң. Бұл — ол кісінің аңшылыққа байланысты өз басынан өткелген оқиғалардың бірі. Енді әрі қарай тынданыңдар.

Ауылдағылар айтады, бірде ауылда аталас ағайынның бірінің қызы ұзатылып, Шікенді соған бас құда етіп жіберуге шешім қабылдасыпты. Ауыл тойы белгілі ғой: ішімдік жағы судай сапырылып, жұрттың қым-қуыт жұмыс арасында тоқайласып қалатын кездерінің бірі осы. Жай күнде жеңілтек Шікең тентек суға суарылған соң тоқтасын ба, елдің бәрін тыйып тастап, ешкімге дес бермей есіп сөйлеп, сол күнгі тойда жалғыз өзі ғана сөз ұстапты. Көзі көргендердің айтуынша, Шікең құлды Наполеонша бір мезетте үш адаммен қатар сұхбат құрып, дастарқан басынадғы әңгіменің тізгінін уысынан шығармай, мықтап ұстап отырыпты. Басқаларға тост көтертер алдында жарты сағаттық тілек сөзін айтып, ақанды алдымен өзі қағып жіберіп, қалғандарының да түп қотара алып жіберулерін көзбен жіті бақылап отырды деседі. Кезек өнге келгенде Шікең жөткірініп, тамағын кенеп алып:

— Ал, әлеумет, той дегенде қу бас домалайды деген емес пе, қане, ән бастайық,— деп алып, шырылдаған жіңішке дауысымен Жаяу Мұсаның әніне басатын көрінеді.

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,

Қалмайды-ау кімдер жаяу зорлық қылса, дей беріп:

— Құдағи, неге ішпей отырсыз, той сіздікі, жо-жок, бір тамшысын қалдырмай сіміріп қойыңыз,— деп, әрі қарай тағы да:

Шорманның Мұстафасы атымды алып,

Атандым сол себептен..

— Әкетай, бір жерің ауырып отыр ма, өнің сынық қой. Тақыл-тұқыл ұрттап отыр, бұл жарықтықтың бастың сақинасын жазып жіберетін құдіреті бар,— деп:

— Жаяу Мұса-а-й,— деумен бір шумақ өленді едәуір уақытқа созады екен. Бүкіл той барысында осындай бірнеше адамның рөлін жалғыз өзі ойнап отырған бас құданың соңғы рөлі — Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік сөздерін өз сөзімен шатыстырып, әбден қалжырап, жартылай ұйықтап отырған жерінен екі жігіттің қолтығынан сүйемелдеп алып кетуімен аяқталғанға ұқсайды. Міне, бұл — Шікеңнің шамасын білмей, «әлін білмеген — әлектің» кебін киген кезі-тұғын.

Тағы бір ауылдас жігіт Төкен айтады:

— Соңғы мектеп реформасынан кейін бөлімше басқарушылары ауыл мұғалімдерінің жағдайларына қарасып, мектеп сұраныстарына көңіл бөлуді дұрыс жолға қоя бастаған болатын. Сондай көңіл қуантар істің бірі бөлімшеден мектеп ұжымына деп бір жылқы (ат) мен бір арба бөлулері еді. Бөлінген көлікті атқорадан барып алу маған тапсырылған. Ауыл ішінде отырған соң, қай ат жақсы, қайсысы аяқ артуға келмейтін ыңыршақ екені елдің бәріне бес саусақтай белгілі емес пе? Маған салса, Шікеңнің астындағы шабдар атты алар-ақ едім. Ол алыс жолға белі мықты, етке берік, нағыз тас қайрат жылқы болатын. Бірақ, оны Шікеңнің астынан күшпен аударып алмасаң, басқадай жолмен алудың қиын екені түсінікті еді. Оны ол өліп бара жатса бере қойсын ба? Сол себепті, мен бәрін бара көрермін деген оймен күн көтеріле атқораға келдім. Жылқыны қораға кіргізіп, шабдардың үстінде бір қырындай отырған Шікең аман-саулықтан соң, иегін көтерді. Бұл оның не шаруамен келдің дегенді меңзегені. Мен мән-жайды айтып, өзім біліп тұрсам да, Шікеңнен қорадағы қай атты алуға болатынын сұрап, одан сыр тартпақ болдым. Бір сәтке ойланып қалған Шікең содан кейін сәл алға ұмсынып, әр жылқыға сипаттама бере бастады.

— Мына шетте тұрған Қақпанбелді ал. Тұрқы қысқа демесең, домаланып алып, трактордың жүгін тартатын күшті мал. Өзі мес, қабырғалы жылқы.

— Ойбай, Шіке-ау, Қақпанбелдің кісікіік сияқты қара көрсе бой тасалауға дайын тұратын қашаған ғой, оны қалай үнемі белдеуде байлап ұстаймыз? Ерқашты болғандікі ме, ерден бір босаса, ауыл маңына жоламай кететін тақыстығы тағы бар емес пе? Қойыңыз, оны атаманыз, — деп, азар да безер болдым. Сол-ақ екен, Шікең:

— Әй, осы сенің сөзіңнің жаны бар, тура шындықты айтып тұрсың. Бұл ма, бұл жылқы емес, басын қасқыр мүжігір барып тұрған бір ит мал. Төрт аяғын қазыққа тас қылып байлап тастасаң да бір жерде тұрмайтын зэнталак. Бас-аяғы бір-ақ қарыс, үрлеген қарын сияқты болып алып, он екі салсаң бір баспайтын шабан. Оны алмағаның дұрыс. Одан да ана торы төбелге жүген сал. Арбиған түрін қорашсынбасаң, бауырынан

өтіп жатсаң да селт етіп, айылын жимайтын жуас мал»,— деп, сол сәтте өзінің алдында айтқан пікірінен жалтарып шыға келді. Мен бұл аттың да сырын жақсы білем ғой. Бұл жыл он екі айда бір ет алмайтын қызылаш, құнан кезінде қолы түсіп қалғандықтан жан қинар жұмыстан кейін ақсап қалатыны бар кінәраты бар жылқы. Осы жағын ескертіп едім, Шікең:

— Рас айтасың, күнім, қабырағы арса-арса болып алып, үстінен өлі жүні түспейтін, аруақтай ұсқынсыз-ақ неме. Сен одан да ана Зейнел торыны иемден. Шегуге жуас, тартымға да жақсы. «Тандаған тазға жолығады» деген, көзді тарс жұм да, жүгенді осы торының басына кигіз. Опық жемейсің. Мен мал танысам, мына қораның ішінде осыдан артық тұғыр жоқ»,— деп, мінезі шадыр, күйгелек торыны ұсынды. Мен оған қалай көнейін, саудаласа келе, әңгіме ауаны Шікеңнің астындағы шабдарға ауған. Менің сұқ көзім өзінің астындағы атына қадалған кезде Шікең жылан шакқандай шоршып түсіп, күллі ауыл мойындаған бірегей атты мүлде жылқы санатынан шығарып тастады.

— Мұны қой, өзінің арқасы шилі, көзіне қос көрініп тұрғандай, аяқ астынан үркіп тұратын жаман мінезі бар. Аттаған қадамын санап басып келе жатқандай, жерді түртіп басып, аттаған сайын бір сүрінбесе көңілі көншімейтін сүріншек, ет алмайтын қызылаш, баяғыда-ақ анау Зыряндағы ет комбинатына етке өткізіп жіберетін итырақ бұл,— деп, шамасы келгенше астындағы атын жамандап бақты. Ішімнен айызым қанғанша күліп, ақырында үйге қаракер атты алып қайтқанмын,— деп баяндаған Төкен. Шікеңнің сәт сайын құбылып тұратын мінезі мен пікірінің бір жарнада тоғыспайтын берекесіздігін көрсететін эпизодтардың бұл бірі ғана. Тағы бір ауыл тұрғыны айтады.

...Упр маған етке өткізетін біраз жылқыны бағып-қағып, сәл бордақылап семіртуге тапсырма берді. Атқораның жанындағы үсті жабық албарда әлгі жылқыларды мен бақсам, мінгі аттарды осы Шікең ие болатын. Күндіз ол кісінің қолы бос болатын, мінгі аттар атқораға тек жұмыстан кейін, кешке қарай ғаан жіберілетін. Кешкісін екеуіміз өз қарамағымыздағы жылқыларға іргеде тиіп тұрған ауыл қоймасынан құрама жем алып, жылқыларға береміз. Анда-санда әлгіден іркіп

алып, жақын маңдағы көрші-қоландарға тентек суға айыр-бастап, өзімізше «бизнес» жасап жүретінбіз. Жемнің қайда жұмсалатынын жақсы білетін қоймашы Тоқтар да кейде бізге ортақтасатын. Сондай күндердің бірінде қоймашыдан жем алып, оның бірер қабын көршілерге зытырып жіберіп, екі шөлмекті Тоқтар екеуіміз алдымызға ала бергенде, сайтандай сап етіп үстімізге Шікең келіп қаламсы бар ма. Мені қойшы, бұған қоймашы қатты састы. Өйткені, Шікеңнің аузы жеңіл екенін аулдағының бәрі жақсы білетін еді. Амал жоқ, қоймашы екеуіміз ауызбастырық үшін екі шөлмекке Шікеңді де ортақтастырып, бұл жөнінде ешкімге тіс жарып ештеңе айтпауын қиыла өтіндік. Келесі күні әлгіндей «операция» жасауға Шікеңнің өзі ұсыныс жасады. Тоқтар қу ғой:

— Мейлі, Шіке, тек бұған тікелей өзіңіз жауап бересіз. Біреу-міреу сезіп қалса, мынаны білмеймін, мен мұның ішінде жоқпын, келістік қой», — деді. Шікең:

— Ойбай-ау, о не дегенің? Бала-шаға емеспіз ғой, екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоюды жақсы білеміз. Мен тілсіз балықпын, меңіреу моламын, аузымды ашсам, тілімді кесіп ал!— деп, ант-су ішті. Айырбас болып, қолға тиген шишаны қылдай бөліп ішіп алған кезде бір жақтан беліне көлденең таяқ ұстап алған Мәкең шал келіп қалды. Бұрын ауылда ұстаның құлағын ұстаған, темірден түйін түйетін қас шебер бүгіндері зейнетке шығып, ауыл үйді аралап қыдырыстауды әдетіне айналдырған-ды. Біз ештең болмағандай түр байқатып, үн-түнсіз отырмыз. Бірақ, бұл тыныштық ұзаққа созылмады. Арақ Шікеңнің ішін қыздыра бастаса керек, сөз бастағысы келіп, кипақтауын көбейтті. Мәкеңмен әр нәрсені бір сөз етіп отырдық. Ақыры Шікең шыдамады білем, оқыс алға ұмсынып:

— Ал, Мәке, сен не білдің? Мына біз қылдық та тындық. Қылғанда да, әкесін танытып жібердік. Сенің мұрнына біздің істеген ісіміздің иісі де бармайды. Бірақ, ол туралы мен жақ ашып, ештеңе айтпаймын. Тек өзіңнің ішін білсін. Әй, бұл бір керемет іс болды. Несін айтасың, бәрі нанға жаққан майдай болды», — деп, қыт-қыттай күлді. Шікең мұндай сөзді бастама-са да болар еді. Себебі, құмдағы құмырсқаның ізін, жыланның жусауын білетін Мәкең Шікеңнің аузына ақаң тимесе бұлай лепірмесін жақсы біледі ғой. Сұңғыла Мәкеңнің бұл үшеуінің

арактарды жемді көршілерге сатып, солардан алғанын тап басып білген еді. Бірақ, онысын ашып айтпады. Өйткені, Мәкең Шікеңдей емес, сөзге берік, аузы құлпытастай берік жан болатын. Біз оның бүгінгі өзі куә болған жайтты ешкімге тіс жарып айтпасына берік сенімді болатынбыз. Тек ұрлығымыздың арты ашылып қалғаны ғана өкінішті еді.

Біздің ауылдың азаматы — Шікең, міне, осындай жан-тын. Бойындағы кейбір осындай осал қылықтарына қарамастан, ауылдастарының жат көрмей, ішке тартып, жылы лебіз білдіретін адамдарының бірі еді ол. Шікең жайлы енді тек өткен шақта ғана айтуға тура келеді. Ол біраз жыл бұрын мәңгілік мекеніне аттанған-ды. Қимас Шікеңді емірене еске алып: «Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын. Жаныңның жәннәттан орын алуын Аллаһ нәсіп етсін!— дейміз де...

ДӘКЕ

Құрметті оқырман! Сіздерді өзімнің ауылдастарымның сезімге сағыныш, көңілге шуақты күлкі үйірлідетін, бірде аңғырт, бірде салауатты, бірде күлкілі, бірде жан жадыратар қимас қылықтары мен мінез-құлықтарын, тілінің тікенегі бар жандарымен әрі қарай таныстырсам ба деймін. Әрине, олардың ішінде аты ел аузында қалғанымен, өздері о дүниелік болып кеткендері де, ауыл арасында әзіл-қалжыңымен жұртқа көңілді күлкі сыйлап, әлі күнге аман-есен құлдырандай жүгіріп, жер басып жүргендері де бар. Бүгінгі хикаяның басын Дәкеңнен бастауды жөн көрдім.

Басынан қысы-жазы түлкі тымағы түспейтін, сырт тұлғасы көзге тым қораш көрінетін, тәует бас, қыр мұрынды, бет әлпетін стансалардағы жан-жаққа тарайтын темір жол тораптарындай әжім басқан, өртең жерге сілбелеп шыққан селдір өскіндердей сұйық сақал-мұртты, әдейілеп шұқиын десең таптырмас сығыр көзді қарияға кездесе қалсаңыз, міне, Дәкең деген (шын аты — Дәуіт) — осы кісі. Бұл адамның басқаларға ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән басты

қасиеті — адамдарды үнемі шатыстырып, ешқашан тап басып танымайтындығы, мықтап таныдым дегенде — шырамытудан аса алмайтындығы дер едім. Қырықтың қырқасына шығып, бір қора баланың әкесі болған біздер қайда, талды ат қып мініп шауып жүргенімізде-ақ ауыл ақсақалы атанған Дәкендер қайда? Кәрілікке жеңдірмей-ақ келе жатқан жан. Қария артық-ауысқа көңіл бөле бермейтін, өз ісіне мығым, айналасындағыларға зәбірі жоқ адам. Соңғы кездері жұмыстан қалып, өз кіндігінен тараған әулеті бас көтеріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қарт рет саны бойынша сегізінші алған бәйбішесімен ең кіші қызының қолында түтін түтетіп отырған жайы бар. Ақсақал ұзақ жасап, көпті көріп, көңіліне көпті түйген сұңғыла адам. Содан да болар, соңғы кездері жастарға ғибрат айтып, оларға жөн сілтейтіндей ақылгөй сөздерді көбірек уағыздайтын болып жүр. Қиянат атаулыға аттап баспайтын қарттың сөзінде өмірде болған шындық оқиғалардан алшақ кетіп жататын оқиғалар да бой көрсетіп қалатын кездер болады. Бірақ, соның кейбіреуіне Дәкеннің ешқандай қатысы жоқ боп шығатыны-ақ қызық. Содан да болар, қызыққұмар ауыл жастарының қарттың сөзін әр саққа жүгіртіп, кейде оларды тігісін жатқызып өндеп, базбірде оған өз жандарынан да бірденелерді қосып, оның айтқан сөздерінің ішек-қарнын айналдырып жіберу арқылы оларды күлкілі әңгімеге арқау ететіні жасырын емес-тін. Жалпы, Дәкен сөзге шорқақ адам-тын. Сондықтан өзінің айтқандары әлекедей жаланып, тым түрленіп шыға келгеніне масаттанма, «Жоқ, мүлде олай емес болатын, көп жерінің қоспасы бар», — деген сөз оның аузынан ешқашан шығып көрген емес. Керісінше, ол жұрттың таңданысын одан әрі арттырып: «И»ә, тап солай болған, біздің бастан не өтпеді дейсін, құрғыр?» — деп, қарап отыратын. Сондай өз құлағыммен естіп, көзіммен көрген біраз әңгіменің ұзын-ырғасын алдарыңызға жайып салмақпын.

...Дәл сол күні Дәкеннің әңгіме айтуға зауқы жоқ-ты. Былтырғы жылы ауылдың тап іргесінен екі бірдей ірі қарасын аю тартып кеткенде, осылай бір жаны ауырып, үстіне қара аспан төңкеріліп түскендей ауыр күйді басынан кешірген. «Шығасыға иесі басшы» деген ғой, сол құрғыр малдардың

соңында жүріп-ақ жарты ғұмыры өтті ғой. Бәрібір өзіндікі дегенде өзегің өртенеді, әйтеуір, камсыздандыру мекемесінен аюға жем болған малдарының жарты құнын өндіріп алып, орнына әрі етті, әрі сүтті деген соң, галловей дей ме, сондай бір басы домаланып қалған, мүйізден жұрдай қап-қара құжбан құнажын сатып алған-ды. Кешеден бері сол көзіне түспей, былтырғы қырсықтан зәрезеп болып қалған бұл: «Жаманат хабарды кімнен және қашан естимін?» — деумен-ақ діңкелеп біткен. Өріске құғанда айланба тигендей есік алдынан айналшықтап шықпайтын сол құнажын, міне, кешеден бері ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Бармаған жері, індетпеген қуыс, қалтарысы қалмады. Құмға сіңген судай жым-жылас, хабар жоқ. Кейде: «Жас неме, әлде бошалап кетті ме екен?»— деп, өзін-өзі алдандырып қояды. Бар көңілге медеу етері «малынның өлігінен көрдім» деген жан баласы жоқ. Шал қынжылмай қайтсін: «сыртынан байқап қалып едім иә болмаса соған ұқсас бір қараны көзім шалғаны бар»,— деп емексітер ағайын сөзі болмаса. Құяңы ұстаған жандай құрыс-тырысы жазылмай, әрі алаң көңіл болып отырған қарт біздің әкелген хабарымызға қатты қуанып қалған-ды.

Кеше мен Мұқан екеуіміз қыстан қыртысын беріп шығып, енді-енді көкке аузы тиген қолдағы шағын ұсақ малға ара-тұра болса да азын-аулақ ырымын жасап, құрама жем, тұз-мұз салатын науа жасай қоймақшы болып, түс ауа ауыл басындағы Күйгеннің етегіне дейін көтеріліп, сол жерден «осы жарап калар-ау» деген жуан теректі жығып, екі ағашты бір-біріне тіркеп алып, кері қайтқан болатынбыз. Қайтар жолда Күйгеннен төмен Көктеректің тұсына келгенде, қалың қараған арасынан жанында аяғын тәлтіректей басқан жас туған бұзауы бар қара құнажын шыға келгенде, шыны керек, Мұқанды білмеймін, өз басым тіл-ауыздан айырылып қалғаным рас-ты. Ойбай-ау, кешкі апақ-сапақта алдан құжбан қара құбыжық шыға келеді деп кім ойлаған? Ә дегенде екеуіміз де уәделескендей-ақ тақымды қысып жіберіп, атты ең қатты жылдамдығын қосқан бізді адамды қара тартып мөңіреген сиырдың дауысы есімізге кіргізіп, ат басын тартуға мұрсат берген. Анадай жерде басын шайқап, өз-өзінен жер тарпып тұрған Дәкеннің қара құнажыны екенін танығанда ғана барып екеуімізге тіл бітіп, бір-бірімізге

карап, еріксіз қарқылдап қатты күліп жібергенбіз. Бүгін картка сол қуанышты хабарды жеткізуге келген едік.

Сүйіншісіне деп қария алдымызға қойған бір көк мойынды құтты орнына қондырып, Дәкенмен бірге келе жатқанбыз. Құнажынының табылғанына риза болғаны ма, болмаса «екі күн салбурын болып іздегенде, қасқыр жегір қарасанды мен неге көрмей кеттім?»— деген беймаза ой қинап келе ме, қария үн-түнсіз, аузына су толтырып алғандай ләм-мим деп жақ ашпайды. Біздің қажап сұраған сауалдарымызға жөнді құлақ аспай келеді. Кешегі күні жаңа туған төлімен құнажын қалған Көктеректің тұсына келгенде, Дәкең атынан жерге домалай түсе қалып, тас төбеде шақырайып тұрған күнге қолын көлегейлеп тұрып ұзақ қарады. Сосын: —Балдар, бұл бір сәтімен біткен жұмыс болды, көрдің бе-ей мұның қызғаншағын, ә, пәтшағар!»— деп, құнажынға жақындай бастады. Тағы да сол жаңғалақтығына басып: анда-санда: —Бәсе, сол, әлде ол емес пе, әй, айна қатесіз менің құнажыным екен, — деп қояды. Әсілі Дікең осы құнажынның жанынан сан мәрте өтуі мүмкін, бірақ, ауыл адамдарын шатыстыратыны секілді, өз малын да тап басып тани алмай, қасынан жанай өте бергені анық. Малың айда-сып келген соң, қариямен қош айтысып, Мұқан екеуіміз үйді-үйімізге қайттық. Жолда келе жатып Дәкеннің:

— Енді менен құтылмассың аузы-басын жүн басқан қарасан келгір, ертең жөніңді табармын сенің,— деп кіжінген сөздерін естіп, ұзақ күлдік. Бір жағынан қарияның аңқылдаған ақкөңілділігіне разы болсақ, екінші жағынан, айналып кетсе қайта ештеңені танымай қалатын ерекше қасиеті — аңқаулығы мен бір нәрсені тап басып түстеп бере алмас жаңғалақтығына таңдай қағумен болды. Дәкең айтқанын орындап, ертеңінде қара құнажынның мойнына ат басындай жез қоңырау тағып жіберіпті. Осыдан былай қарай Дәкеннің қара құнажынын біреуден сұрағанын ешкім естіп көрген емес. Міне, мен куәсі болған Дәкеңе қатысты бір оқиға осы болатын.

Бұл жолғы әңгіменің өрбуіне Мұқан түрткі болды. Қара құнажын жайындағы әңгіме сан-саққа жүгіріп, кейбіреу тіпті Дәкеннің сонау бір жылдары ауданнан келген дайындаушыға өз малым деп біреудің тайыншасын өткізіп жіберіп, масқара болағанын, ақыры өзі танымай өткізіп жіберген тайыншаның

орнына иесіне өзінің желіндеп тұрған құнажынын беріп зорға құтылғанын еске салып, не керек, жел сөздің көрігі қызған уақыттан біраз кейінірек маған Мұқан келген. Ол жел қағып тотыққан жүзінде ұялаған күлкі табын жасырып, құпия бір сыр айтпақшы болған жандай маған сынай көз тастады. Алғашында бұған онша мән бермей, көр-жерді сөз қылып отырған кезде, ол кенет есіне бір нәрсе түскендей оқыс алға ұмсынып: —Айтпақшы, айтпай ұмытып барады екем ғой,Бағана Нілібай бұлағының оң жақ қапталындағы күнгеіден қой қайырып жүріп быжынаған ара үйірінің үстінен шықтым. Аналықпен бірге үйірден биыл бөлініп шыққан ұя ма, болмаса үйірінен адасып қалып, сол жерге айналсоқтап қалған аралар тобының бірі ме, ол жағын білмедім. Соның жайын бір білсе Дәкең біледі. Ол шалдың өзі: —Ана бір колхоз жылдары Байдуrow деген таныс орыстың омартасында болып, ара ұстаудың мән-жайын талай рет көріп, көңілге тоқыған едім»,— деп отыратын. Ары кетсе шалдың бір әңгімесін тыңдап қайтармыз, біздің неміз кетіп барады. Әйда, сонда барайық»,— деп қолқа салған. Үйде басы артық жұмыс болмаған соң, өзіммен-өзім шахмат ойнап. Күнді өткізе алмай отырған маған бұдан артық ермектің қажеті жоқ-ты. Оның ұсынысына тез келістім. Біздің айтқан хабарымызды естіген қария қутың қағып, әлсін-әлсін: —Балдар, ара ұясын тап қазір барып ұстап әкелейік. Мен оны-мұны дайындағанша, сендер де тез қамданып келе қойындар,— деп, шегінуге жер қалдырмай, алды-артымызды орап тастады. Біраз уақыттан кейін амалсыздан оның соңынан ердік. Әлгі ара үймелеген жерге жеткенше ол бізге аратұқымының мінез-құлқы мен іс-әрекеттері туралы студенттер аудиториясында оқылатын ұлағатты лекцияларға бергісіз ақыл-кеңестер айтып, құлағымыздың құрышын қандырды. Сырт көзге өсімдіктердің шырынын сорып алып, оны артынан балға айналдырумен ғана айналысады деп ойлайтын араларымыздың кәдімгі адамдар әулеті реуішті тұрмыс-тіршілік кешетінін, ол аз десеңіз, өз ұрпақтарын өрбітуде де өркениеттің ең биі сатысында тұрған адамзат тақылеттес қам-қарекет жасайтынын алғаш рет осы Дәкеңнен естіп білдім десем, өтірікші болмаспын. Қарияның айтуынша, бұл жәндіктер іс-әрекетсіз бір минут қарап отыра алмайтын

көрінеді және әрқайсысы өз міндетін мүлтіксіз жатқа біледі екен-мыс. Мәселен, жұмыртқа қауашағын жарып шыққан бөлдіген кішкентай бала араларды бағып-қағып, оларға баскөз болатын тәрбиеші аралардың баска жұмыспен ісі болмайтын көрінеді. Жұмыстың ауырына сауырын тосып, маңдай терлерін төгіп жүріп шырын жинап, қысқы азық-түлікті, жалпы, ішіп-жемді дайындайтындар бал таситын жұмысшы аралар болса керек. Егер бір шелек (бір ұя) аралардың аналығы күшті болса, бал да көп жиналады, ұя да мықты болады екен. Алда-жалда ұя шырқын бұзатындай қысылтаяң жағдай туындап, оған қауіп төне қалса, қара шаңырақты қорғайтын жауынгер, сақшы аралар болатын көрінеді. Үй тарлық ете бастаса, ұя қорушысы аналық ара еншісін бөліп беріп, жаңа ұяны бөлек шығарады. Аралар кейде балды молдап жинау үшін ұясынан алысқа ұзап ұшып кетеді. Шырынды көп жинап, өздерін-өздері ауыр сезіне бастағанда жолда түнеп қалып, ұясына ертеңіне бір-ақ оралатын кездері де болатын көрінеді. Бұған іштей күмән келтіргеніммен, Дәкеңнің сөзінде аз да болса шындықтың дәні бар екеніне де ұйып келемін. Андасанда қыт-қыттай күліп қойып, кірпікшешеннің инесіндей тікірейіп тұратын мұртының шалығын қайта-қайта сипап қойып, бейкүнә кейіпте келе жатқан пірадар жанға сенбеске амалың да қалмайды екен. Ақыры межелі жерге жетіп, қуысы мен қалтарысы көп, кей жерін мүк басып кеткен үлкен тастың жанына тақап кеп, аттан түстік. Алғашында тар қуысқа бірі кіріп, бірі шығып жатқан ара саны аз сияқты көрінгендей болып еді, біраздан кейін манайымыздың бәрі гүілдеген ызыңға толып кетті. Әлде әлгі сақшы араның карауылшысы хабар беріп үлгерді ме, кім білсін, әйтеуір, мазасызданған аралар күтпеген қонақтарға ақ жарқын пейіл танытпағаны анық. Тас қуысына шелекті төңкеріп, ішіне түтін қуалап жатқан Дәкеңнің жайын білмеймін, әр жерін ара шаға бастаған көліктер бір орында тұра алмай тыпырлап, тізгін үзердей көкке шапшыған кезде біреуінің тізгініне сүйретіліп кетем бе деп зәрем ұшқаны анық. Әрең деп тамұқтың қара түніндей ұзақ болып көрінген уақыт та өтіп, «ух» деп кеуде кере дем алдық-ау, әйтеуір. Ара тіршілігінен Дәкеңнің мұрына иіс баратын сынды. Қария ығы-жығы айқасып, быжынап жатқан

аралар ішінен көп іздеп жүріп аналығын тауып алып, оны шелек ішіне отырғыза қойған еді, қалғандары да оның артынан тез-ақ шелек ішіне жайғасып үлгерді. Қайтар жолда олжаға кенеліп, көңілі тоғайған Дәкең әңгімені енді өзі қозғады. Бір қызығы, әңгіме тақырыбы ара төңірегінде емес, сонау өткен өмір кезеңдері жайлы, Дәкең солардың беттерін парактап кетті. Өзінің айтуынша, Дәкең өмір бойы мекәнизатр (механизатор) болыпты. 40-ы жылдардағы Ұлы Отан соғысына денсаулығына байланысты қатыса алмаған, бірақ, жеңіс таңын атыру үшін тылда ерен еңбек үлгісін көрсетіп, ұзақ жылдар трактор құлағын ұстаған. Колхоз құрылған кезде МТС-та темір-терсек төңірегінде жүріпті. Бертініректе елдің шығыс өңіріне Бұқтырма ГЭС-інің желісі келгенге дейін істеп тұрған ауылдағы электр стансасында моторшы болып істепті. Оған менің өзім куәмін. Сол кездерді емірене есіне алған шал әңгімесінің арасында: — Ол шақтар керемет еді ғой»,— деп қояды. Ауылда той-томалақ болмай тұрған ба? Сондай ырду-дырдуға толы той иә біреудің туған күні, шілдехана, тілашар, сүндет той сияқты базбір шаралар өткенде, Дәкеңнің мәртебесі өсіп, бағасы аспандап кететін. Сағат тілі 10-11-лерді көрсеткенде, ауылдағы жарық жыпылықтай бастайтын. Бұл Дәкеңнің: — Уақыт келді, жарықты өшіремін»,— деп берген белгісі. Сол-ақ екен, әлгі шара өткізіп жатқан үйдің бір шабарманы қалтасына бір жартылықты салып алып, стансаға құстай ұшып жетеді. Өзінің бұл қулығы кәдеге жарағанынан дән риза Дәкең мұртын сипап қойып: — Балдар, ешқайда асығып-аптықпай, емін-еркін отырып тойлай беріндер. Біз де жас болғанбыз, ойын-сауық жайын білеміз ғой. Тәк што, ешбір аландаушылық болмасын,— деп, шабарманды сабасына түсіріп қайтаратын. Сөзінде тұрып, жарықты тағы бірекі сағат бойы өшірмейді. Ондай күндері Дәкеңнің қасынан табылатын «көңілдес достар» көбейіп кетеді. Тамағы құрғай бастаса, Дәкең әлгі әрекетін тағы да қайталайды. Несін айтасыз, ол да бір қызық дәурен еді-ау, шіркін!.. Тағы да сол Дәкең айтады:

— Бірде Чернова ауылындағы МТМ-ға «сәбәшкі» (собачка) деген қосалқы бөлшек түсті деп хабарлап, соны алып келу үшін арбаға пар ат жегіп, жаныма жұмысты тезірек бітірейік

әрі бөтен ауылдың азаматтарына жалынып-жалпаймайық деген оймен үш-төрт жігітті алып келсем, аузыңды ұрайын, әлгісі калтаға сала салатын қол басындай ғана темір екен ғой. Мұндай ыза болмаспын. Білместік қой, оқымаған соң не жорық? Өздерің білесіңдер, мен самоушкемін ғой. Міне, білмеген істің жарға әкеліп соғатыны. Мынау да дәл сондай оқиғаның бірі. Ара тіршілігін білмесең, бұл мақұлық та жалаңаш қолмен ұстауына көне қоймайды. Өмірдің өзі сабақ, одан ғұмыр бойы үйрену артықтық етпейді. Жалықсаң, қапы қаласың. Ұзақ ғұмырындағы өзі істеген істеріне сын көзбен қарап келе жатқан Дәкеннің осал тұсын біліп алағни ба, Мұқан елеусіз ғана:

— Дәке, осы жаз кезінде бөденеден аяқ алып жүре алмайсыз. Жұдырықтай ғана домаланған бір бәле, лақтырған кесектей ұшқаны да мардымсыз. Пыр етіп көтеріліп, қанаты кесілгендей топ етіп жерге құлап, домалап жатқаны. Сол бейшара құстар қыстыгүні қайды ұшты-күйлі жоғалып кетеді? Көпті көрген көнекөз адамсыз ғой, соның сырын айтып беріңізші,— деп, маған қарап көзін қысып, жымындап қойды. Дәкен одан мұндай тосын сауал күтпесе керек, бастабында тосылып қалғандай көрінді. Әйтсе де, «ештеңе білмеймін» деуге намыстанды ма, еңсесін тез көтеріп алып: — Балдар, бұл шынында да қиындау сұрақ. Бірақ, көпті көріп, көпті көңілге түйдік қой, сондықтан, бұл пәтшағардың да өмірі менің алақанымда. Өздерің білесіңдер, бұл байғұс алысқа самғап ұша алмайды ғой. Өзінің осы кемістігін білетін болуы керек, бұл сығырлар күз түсіп, шөп басы сарғая бастағаннан топ-топ болып жиналып, алыс жолға, сонау ыстық жаққа аттанар ұзақ сапарларына алдын-ала дайындала бастайды. Бұлар кәдімгі аттамбоз (автобус) тосқан өзіміздей биік тау қияларына шығып алып, қаз бен тырналардың қайтар жолын күтіп отырады. Кейде, мақұлық болса да, адам жасамайтын жақсылықты осы құстар жасайды. Әлгі қаз бен тырналар бұлардың жолдарын сарғая күткен бөденелердің сағын сындырмай, оларды арқаларына сыйғанынша отырғызып алып, өздерімен бірге ала кетеді. Мұндай жәйтті өз көзіммен сан рет көрдім, балдар. Құданың құдіреті, мұндай да доспейілділік болады екен-ау!— деп, ұзақ жөткірінді. Мұқанды білмеймін, мен дауысымды шығармай күлемін деп, қатты қиналғаным бар. Не нәрсеге баладай сенгіш,

аккөңіл қарттың көңілін пәс етіп алмайық деген ой Мұқан екеуімізді қаншама іштей тығылсақ та, дыбыс шығармай күлуге мәжбүр етті. Қартты үйіне дейін шығарып салып, үйге қайттық. Былай шыға бере күлкінің тізгінін жібердік-ау бір. Дәкең айтпайды, айтса...

Бірақ, біздің оған күлгеніміз дұрыс емес екен. Оған артынан барып көзім жетті. Бірде «Ботаника қызықтары» деген кітаптан бөденелердің алыс сапарға дәл Дәкең айтқандай «транспортпен» ұшатынын оқып, қайран қалдым. Сөйтіп, Дәкенге күмән келтіріп, бекер күлгенімізді іштей мойындауға тура келді. Бұл қоңыр күзде болған оқиға еді. Кейінірек Дәкең араларды қыс қыстатып, жаз шыға Өрелдегі бір орыс кемпіріне сатып жіберіпті деп естідік. Араларды сатуға сол жылы қуаңшылық болғандықтан гүлдер мен шөптердің қысырап шықпай қалғаны әсер етті ме, болмаса басқа бір себеп болды ма, белгісіз. Қалай болғанда да, Дәкеңнің араларының жолшыбай қона жатып бал жинай алмағаны анық тәрізді. Мұның жөнін сұраған елге ол: — Балдар, тұқымың құрғырлар алты ай қыс бойы үш айлық зейнетақымның түбіне су құйды. Ауыл дүкеніндегі бар қантты мен сатып алдым-ау деймін. Бір ұя ара ұстау қыруар мал баққаннан қиынғы түсті. Әйтпесе, ара деген малдан да пайдалы жәндік қой. Рас айтам, балдар, бұл менің имандай шыным, — деп ант-су ішсе керек...

Өкінішке орай, Дәкең де жасы жүздің үстіне шығып барып, осыдан бірнеше жылдар бұрын дүние салды деп естідім. Топырағы торқа, жаны жәннатта болғыр Дәкең, міне, осындай жан еді.



ИГӘ

Өмір бойы туа біткен қисық мінезінен арыла алмай, ақ пейілімен ақтарыла айтқан сөздерін басқалар ашық күмәнмен қабылдайтын, болмаса (әй, қойшы, оның сөзі не, өзі не?)» деп қол сілтей салатын тұзы жеңіл жандар болады ғой. Біздің бүгінгі қол алысып таныспақ болып отырған адамымыз — мінезі қисық, тілінің усойқысы бар, сонысымен жұртқа бірде жақса, бірде жеккөрінішті болып қалатын ауыл ақсақалы — Игәң (әкесінің қойған аты — Иғали). Жасы сексеннің ішін кең аралап кеткен қарияның жүріс-тұрысы ширақ, қамшы салдырмайтын қағылез. Бет-аузы шүйкедей ғана, сақал-мұрттан ада деуге болатын көсе адам. Көзінің алды дорбаланып, үнемі ұйқысы қанбаған жандай беті домбығып ісіп жүретін адам. Ауыл-аймаққа сыйымды болғанымен, отбасында тынышсыз, қытымыр, тіпті ауылдастары айта беретіндей «басы елге, аяғы жерге сыймай» жүрген қыңыр шал. Шындығында Игәңнің жаркылдай күлген арқа-жарқа кезін көрген жандар аз. Үнемі тұнжырап, қиын есеп шешімін таба алмай жүрген оқушыдай ойсоқты күйінен бір танбайды. Дүниеге немқұрайдылықпен қарап, өткен-кеткеннің парқына көңіл бөлмейтін сияқты көрінетіні тек сырт көзге ғана. Жеме-жемге келгенде Игәңнан салихалы ой да, ішек-қарныңды солқ еткізер ащы мысқыл да, езуінді жиғызбас әзіл-оспақ та көптеп табылады. Ауылдағылардың ойына Игәңнің базбір көп адамдар бас қосқан алқалы жиындарда орын алған сөз сайысында қарсыласына есе жіберіп, айтар сөз таба алмай қалыпты деген ой кіріп-шыққан емес. Сөйте тұра, оның орынды сөзге бұрмаламай, дұрыс жауап бергенін де ешкім көрмейті. Әсіресе, қыңыр шалмен сәлем беріп сөйлесуге ауылдың жалаң аяқ, қара сирақ балалары-ақ құмар. Игәң да қайтарған сәлемінің денесін түгел көрсетпестен келеді. Жасы кіші біреу ол кісіге: «Ассалаумағалейкум!»— деп, қолын ала жүгірсе, ол: «Әлекс...»— деуден әрі аспай, әлгіге саусақтарының ұшын ғана ұстатады. Өзін басқалардан оқшаулау ұстайтын қарияның өткен өмір жолын бес саусағындай білетіндер мен кідіріссіз судыратып айтып беретіндей қарасы көп емес. Ел адамдарының анық білетіні — бұл кісінің қараша төңкерісіне дейін ауылдағы Қисамбы

байдың жалшысы болып, 20-30 жылдары бай-кулактарды тап ретінде жою науқаны кезінде әлгі операцияларға Таңба, кейін Еңбек аталған қазіргі ауылда ат салысып, колхоз құрылған кезде ұзақ жылдар қой бағып, соғыс басталғанда ел азаматтарымен бірге қырғын қантөгіс ортасында болып қайтып, одан оң қолынан жарақат алып, елге аман-есен оралғандығы ғана. Одан бергі ғұмырының бәрі ауыл арасында өтіп келе жатыр. Қолынан алған жарақатына байланысты ауып-оспақ жұмыстар істей алмайтындықтан, бөлімшеде тиіп-қашып кеңшардың жеңіл-желпі жұмыстарымен айналысып келеді. Зейнетке шыққаннан кейін біраз жыл ауылдағы жеке меншіктің ірі кара малын бақты. Бүгіндері құрметті еңбек демалысы — зейнетке шығып, ауылда қатары сиреп қалған, ауылдастарының құрмет тұтар карттардың бірі. Игәннің ауыл арасында тараған іс-әрекеттері жайлы ірілі-ұсақты оқиғалар желісі жетерлік. Мен солардың өзім көзіммен көріп, соған куәгер болған оқиғалардың біразын баяндап берсем деп отырмын.

...Бұл оқиға тамыз айында болған-ды. Дәл осы уақытта жылма-жыл ауыл тұрғындары қолда ұстайтын азын-аулақ малдарына қысқы азық дайындайтын. Шөп шабу науқанын ауылдағылар әзіл-шыны аралас «соғыс» басталды деп атайтын. Сол кезде ауыл адамдары бір-бірімен амандық-саулық сұрасудан қалатын. Бозала таңнан күн арқан бойы көтерілгенше жаяу-жалпылы, атқа мінгесіп-ұшқасқан адамдар тобы ауыл іргесіндегі Сырт деп аталатын таудың қуыс-қуысына кіріп, құмға сіңген судай жым-жылас болатын. Ауылда асықпайтын жалғыз адам — Игән. Ерқашты болған биесіне күндік сусыны мен ішіп-жер тамағын артып, шыжыған ыстықта қаракөл тымақтың бауын тамақ астынан тас қып байлап алып, көлігінің басын шығыс жаққа қарай бұрады. Игәннің мінезіне астындағы көлігі де үйреніп алған: ә дегенде аяғын жеделдетіп басқанымен, біраз уақыттан кейін жантала-сып екіленбей-ақ жеңіл бұлкекке көшетін. Игәннің тақымына түскелі қолтық керіп шапқан кезі, болмаса арсы-күрсі желген шағы, тым құрса тізгін сүзіп лекітіп қатты аяңдап көрген күні жоқ. Иесіне жағымды жылдамдықты сезеді білем, бұлк-бұлк етіп отырудан бір танбайды. Бір қызығы, Игән не дыбыс шығарып, не дене қимылымен мұның митың бұлкегін бұзып

көрген емес. Иесінің дауысы мен қамшысы бұл сүрініп кеткен кезде ғана көтерілетін. Мұндай шақта бие басын тез көтеріп, кінәсін мойындағандай борт-борт желіске ауысатын. Бұдан ондай ағаттық кеткен кездері иесі едәуір уақыт бойы мұның сауырында қамшы ойнатып, аузы да боқтықтан босамай, күйіп-пісіп қалатын. Сондағы Игәңнің лексиконы:

—Әкеннің аузын... Алла тағала-ау, өлімге айдап келе жатқандай аяғыңды сүйретпей неге баспайсың сен, найсап? Басқа жер құрып қалғандай дәл тышқан қорықты барып басыны несі мұның,ә? Өй, белі қайқаң-қайқаң еткен иманыңды... Әрбір тышқанқорықты, жолдағы шұңқырды санап бер деген неме бұған, сәбәкі, екі көзінді ағызып жіберіп, жетектеп жүрейін бе, осы. А, ну, кәззап... — деуден тұратын. Иесінің мінезі өзіне аян: бұдан кейін дауыс та тынышталады, қамшы да оң қапталда жай салақтап келе жатады. Шабындық кезіндегі бір ай бойғы күнбе-күнгі тіршіліктері осы. Ауылдағылардың бәрін мезі қылған шөп дайындау науқаны аяқталуға жақындады. Мұны сыралғы бие мойнына қамыт ілінген сәттен бастап-ақ сезген. Екі-үш күннен бері себелеп жауға жаңбыр толастап, күн қабағы ашылған болатын. Игәң бүгін шөмеледегі шөпті отау үйетін жерге иіріп, отаудың астына салатын ағаш дайындап, кеш батқанша оны үйіп кетуді ұйғарған. Мұндай қарбалас шақта қария жанындағы бала-шағаларына тыным-тыныштық бермейтін. Етженді келген, денесі ауыр бәйбішесінің бұған еті үйреніп кеткен: шалының күйіп-піскен сөзіне де, қыжырта сыбайтын боқтығына да көңіл бөлмей, өз жұмысымен бола беретін. Шал мінезіне көндіге алмай жүрген тек жаңа түскен келіні ғана. Қария сөзіне ұлдары миықтарынан күліп, ешқашан қарсы уәж айтып көрген емес. Өйтсе, бастарының бәлеге қалғаны. Сондықтан дыбыс шығармайды. Ал, жас келін Гүлнұр болса, бірде биесіне, бірде кемпіріне оқыс жылан шағып алғандай ащы дауыс көтеріп, айналаның бәрін даңғаза у-шуға толтырып жіберетін атасының әрбір сөзінен шошына селк етіп, жонынан дейін терлеп, ит-зықысы шықты. Оның үстіне түү тас төбеге шығып алып, жер-көкті аптап ыстығымен күйдіріп тұрған Құдайдың күні де жүйкені жеп тұр. Сол қолы айыр көтеруге жарамайтындықтан, Игәң мая басына қада ағашпен шөмелелерді иірумен ғана айналысып жүр. Түс ауа

үлкен ұлы Қанатты есепші бөлімшеге шақырып әкетіп, кіші ұлы мая түбінде тұрып, кемпірі үйіліп жатқан шөптің үстіне шықты. Шал мая төбесіне қол-аяғы жеңіл келінін шығаруға сеніңкіремегені рас-ты, бірақ, ең басты себеп — мая үстіне салмағы ауыр, денесі мелжемді кемпірін шығаруды жөн көрген. Игәңа салса, шөп тығыз түсуі үшін кемпірінен артық пресстің қажеті шамалы. Сол себепті, оның шөптің нығыз түсіп, мая шакпақ тастай қатып шығатынына сенімі зор болатын. Дәл қазір оны мазалап тұрған мүлде басқа жағдай-тын, ол — маяның жоғарылаған сайын күншығысқа қарай тәжім етіп, қисайып бара жатқандығы-тұн. Кемпіріне осыны айттып, бірнеше рет ескертсе де, салмағының ауырлығынан аударылып кетем бе қорыққан жаны тәтті бәйбішесі маяның ортасынан шетке қарай бір адым аттап баспай, мұның жынын әбден кетіріп болды. Бұған күйіп кеткен қарияның кемпірінің жеті атасын түгендеп шығып, әр атасына бір-бір тұздықталған боктық сәлем жолдағаны бар болсын, мая биіктеген сайын басы айналыңқырап, аяғының асты да өзіне орнықсыздау көріне берген кемпір шығысқа қарай аяқ баспай қойды. Ақыры, мая осы жаққа қарай қыңырайған қалпы үйілді. Енді оны жерге түсірейін десе, солқылдап тұрған мая бір жағына қарай опырылып құлап кете ме деп қауіптенген бәйбіше азар да безер болып, өзіне лақтырылған арқанның бір жағынан ұстап саумалап түсуге көнбей-ақ қойды. Баласы мен келіні бұл кезде екінші көлікпен ауылға кетіп қалған-ды.

— Әй, шал, жерге енді қалай түсем?— деген кемпірінің сұрағына манадан бері оған ашулы жүрген Игәң;

— Хақолдардың ақ тұқымды шошқасы секілді жарылғалы тұрған боктың қабы сол, маған не қыл дейсің? Саған таңертеннен бері: «Шөпті аяғыңның астына салып баттай бермей, айналаның бәріне біркелкі қылып жайып сал, мая сонда шошаймай, нығыз да орнықты болады, әйтпесе, мая бір жағына қисайып бітеді»,— деп Құдайдың зарын қылып айттым ба, айттым. Ал, отыр енді мая үстінде ертеңге дейін. Мен білсем, мына мая таңға жуық аударылып, тура ортасынан қақ бөлініп құлап тынады. Өне, сол кезде ауған шөппен бірге сен де жерге түсесің,— деп, жыларман болып тұрған бәйбішесін тағы бір рет сыбап алып, күні бойы кемпіріне тісін қайраумен болған

Игәң биесіне асықпай ер-тоқымын жөндеп ерттеп, алғы-артқы айылдарды қаттырақ тартып, құйысқанын салып, көлік басын ауылға бұрып, бүлкектей жөнелді.

— Әй, әй, мына шал жынданғаннан сау ма, әкем-ау, қайда барасың? Қайт кері, мен қайтем, қақпас! Үй, делқұлы, қайт деймін кері! — деп шырылдаған кемпірінің сөзін шыбын шаққан құрлы көрмей, Игәң тұқырайып алып, тартып барады. Бұл Игәңнің өзінің тілін алмаған кемпіріне кескен жазасы-тын. Шалдың бәйбішесін жақ жаппай айқайлап отырған жерінен егістік алқабын күзгі жыртумен айналысып, үйге кеш қайтып келе жатқан ауыл механизаторлары түсіріп алып, үйіне аман-есен жеткізіп салыпты. Отбасында қандай дау-жанжалдың болғанын кім білсін, тек мая үстінде отырып айқайлай-айқайлай дауысы қарлыққан Жанбибі бәйбіше төсек тартып, біраз уақыт жатып тұрған еді. Бұл әңгіме ертеңіне-ақ ауыл арасына механизаторлардың куәлік етуімен тез тарап, ауылдастардың күле отырып баяндар қазақты оқиғалардың біріне айналғаны рас-ты. Игәңнің ұрт мінезіне дәлел болатын оқиғаның ұзын-ырғасы осындай. Тағы да сол ауыл азаматтары айтады.

...Жылда шілде айының басында жайлаудағы бойдақ жылқыларды ойға айдап түсірген кезде ауылдың жас балашағасының бәрі азаннан тұрып, ат қораға барып, өздеріне құнан, дөнен, болмаса бесті ат ұстайтын. Артынан оларды үйретіп, бастықтырған соң, сонымен кеңшардың шөп дайындау науқанынан қолұқабыс жасау — бұлжымас үрдіске айналған болатын. Сондай бір жылы олкезде оқу жасындағы Игәңнің үлкен ұлы Қанат ат қорадан мойнына ұра шыққан қаракер бестіні ұстап әкеліп, оны күні кешке дейін үйретіп, сенделіп, солығын баса алмай тұрған асауды Игәңнің алдына көлденең тартып:

—Ата, Ата десе, мынау қандай ат болады, соны айтып берші»,— деп әкесіне қолқа салыпты. Соңғы жылдары кеңшар шаруашылығында «ЖБ» (жабайы) деген жылқы түрін көбейтіп, малдың тұқымы азып кеткендіктен, салпаң құлақ, бас-аяғы бір-ақ тұтам, жүрістен мақұрым, жүре қалса ішек-қарнынды аяғынның басына түсіретін он екі салсаң бір баспайтын тұғырлардан көңілі қалып, қалыптасқан жағдайға іштей

ренжулі қарт өзінің сөзін тағатсыздана күтіп тұрған ұлының меселін қайтармайын деп, бестіні айналып қарап, зерттей баптапты. Аттың сайыры мен төсіне қол салып қарап, тісін ашып, құйрығын көтеріп көріп, қолтығына қол жүгіртіп, әдеуір уақыт өткеннен кйін басын шайқап тұрып: — Мынауың мал-ақ екен! Мен мал танысам, бұл ертендері ет алып, толыса келе тарланышып, әншейін қара ат болады,— депті. Игәңнің бір нәрсеге көңілі толмағанда өз пікірін осылай тосыннан әрі шолақ қайыратын әдет-тін.

Тағы да сол ат дегеннен шығады, өткен жылдардың бірінде 9-мамыр — Жеңіс күні мерекесін тойлауға арнап салтанатты түрде ұлттық ойындар ұйымдастырып, артынан аламан бәйге өткізуді жоспарлаған ауылдың әкім-қаралары Игәңе келіп:

— Мынау бөлімше атынан бәйгеге қосатын пырағымыз еді, осының терін алып, бауырынан жарағанға дейін бәріне өзіңіз бас-көз болып, баптап берсеңіз қайтеді?— деп, бірсыдырғы шабысы бар, ауылда жүйрік атанып жүрген торықасқа атты Игәңа әкеліп, қартқа қолқа салған көрінеді. Аттың өн бойына, он екі мүшесі мен тұрқына жіті көз салып өткен қария өзінің тура айтатын мінезіне бағып:

— Шырақтарым, мына шал не көкіп тұр демендер, мыналарың шауып, бәйге алады дегендерің бос қиял. Сөзім расқа шықпаса, мұрнымды кесіп берейін. Неге дейсіңдер ғой, өйткені, мына тұғырларыңның жасы менен бірер жас қана кіші екен, бұл қайтіп шапсын, пәтшағар. Мұның орны Зырәндағы ет комбинаты»,— депті міз бақтастан. Игәңнің сөзін құлаққа ілмей, атты ауылдағы Бөкен деген тағы бір шалға бапта-тып, бәйгеге қосса, әлгі торықасқа жарыстың сонын жинап келіп, қараұқшыға жете алмай, жолда қалыпты деседі. Игәң көңіл-күйі болмай, қитығып тұрса, ешқашан жөні түзу жау-ап бермейтін қисық адам. Бұл жолы да сол қадетіне басқаны кәдік. Ауылдың бір жігіті айтады.

...Бірде өрісте жүрген үш ірі қара малым ұшты-күйлі жоғалып, оларды іздемеген жерім, сұрастырмаған адамым қалмай жүрген кезім болатын. Жемтігі көзге шалынбаған соң, «үмітсіз шайтан» деген емес пе, жазған басым тағы да ауыл маңынан сәл қашыққа шығандап шығып, жоқ іздеп келе жатқанмын. Алдымнан осы Игәң жолыға кетті. Сәлем беріп,

ананы-мынаны сөз қылып тұрып, бір әредікте: — Игә, үш бас ірі қара мал көзіңізге түспеді ме? Қарасан келгірлерді індетіп іздеймін деп, әбден итім шықты», — деп жөн сұрасам, қырсық шал: — Қарай ғой, түссе ала бер, — деп, көзін саусақтарынмен керіп ашып тұр. Күйіп кетсем де, үлкен адам ғой деп ештеңе демедім. Бұл не деген қырсық адам, түсінсем бұйырмасын, — деп кейіді.

Тағы бірде Игәң тракторда істейтін немере інісіне үйінің жанындағы бау-бақшалық жер телімін жыртқызыпты. Трактордың артына тіркелген түреннің жер қыртысын майша тіліп аударуына қызықтай қарап тұрған оны әсіресе трактор артқа шегініп келіп, қайта алға жылжыр кезде жоғары көтеріліп тұрған түреннің өз-өзінен сылқ етіп төмен түскені қатты таңырқатса керек. Бұған миы жетпеген қария інісінен: — Әй, Жақып, мынаның сырын түсіндіріп берші маған. Бұл сиқыр ма, көз байлау ма?— деп сұрап, бұған інісі ғылыми тұрғыдан дәлелдер келтіріп тәптіштеп түсіндірген соң, Игәң: — Бұл үкіметтің білмейтіні жер астында. Қарашы ойлап тауып жүргендерін. Бұлардан қулық та, сұмдық та ауыспас, сірә. Ғажап-ау, ғажап, — деп, таңдайын қағып біраз тұрыпты. Айта берсе, Игәңнің хикаялары жетерлік. Әзірше тізгінді осы арадан тартайық. Осы аз ғана оқиғалардың өзі Игәңнің қандай адам болғанынан хабар берген шығар-ақ деп ойлаймын...

Басқасын қайдам, өзім үшін мінезі мен ісі бір-біріне сәйкес келе бермейтін, тілінің қыршанқылығы бар Игәң ауылдың «визитный карточкасы», былайша айтқанда, өмірінде ешкімге кеудесін басқызбайтын, тағдыр тәлкегіне әзіл-қалжыңын қарсы қойып, ел көңілінің тазалығын көрсетіп отыратын барометр іспетті. Тек оның мына жалған дүниеден бақилыққа озып кеткені ғана өкінішті. Қалай десек те, өмірде Игәң сияқты халық сүйген аяулы жандардың қатары сиремей, жүрекке жұбаныш, көңілге қуаныш сезімін сыйлай берсе, қандай ғанибет!..



ТҰМА

Жасы жетпісті аралап кетсе де, қутындаған ширақ қимылы жас жігіттердей жылдам, дабырлап тез сөйлейтін, күнге тотыққан жүзі қайыстай қатқан қара шалды кездестірсеңіз, міне, біздің Тұманбай атты ақсақалымыз осы кісі болады. Ауыл азаматтары оған сыйлап қойған есімі — Тұма. Бұл кісі өмір бойы қара жұмыспен айналысқан, кезінде оқтың астында жүріп Отан қорғаған, бейбіт кездегі ерен еңбегі үшін көптеген үкімет наградаларына ие болған соғыс және еңбек ардагері. Ол аз десеңіз, әскери атағы тағы бар. Ел адамдары Тұманды шындықтан жаза баспайтын ақиқаттың алдаспаны ретінде ғана танымай, мұқтаждық көргендерге қол үшін беруге дайын тұратын ақ көңілділігі мен қолы ашық ақжолтайлығы үшін де қатты сыйлап, құрметтейді. Қарттың ең бір осал жері — мақтан сүйгіштігі мен мінезінің аумалы-төкпелілігі. Қолына алған істі аяғына дейін жеткізбей тыным таппайтын еңбекқор жан. Сосынғы кемшілігі — күйгелектігі мен екі сөзінің бірін былапыт сөзбен тұздықтап отыратын боқтампаздығы. Ауылдықтар оның бұл мінезіне қанық болғандықтан, оның боқтық сөздерін көңілдеріне алмайды. Мінезінің әлгіндей бірде көл, бірде шөл екендігіне қарамай, қарияның қыңырлығы мен тілінің тотияйындай ашылығы бір басынан артып жығылады. Өз кіндігінен тараған ұрпағының бәрі — қыз балалар. Ұлдары жас кезінде шетінеп кетіпті. Қазіргі күні: «Ата-бабамда қыз қолына қараған жан жоқ, мен неге олай етуге тиіспін?»— деп, бір шаңырақтың астында кемпірі екеуі ғана түтін түтетіп отыр. Обалы не керек, қыздары бұларға қал-кадерінше көмектесіп тұрады, бірақ, күйеу балалары күйгелек шалдың қай жағынан шығып қаламыз деп, қарттың үйіне сирек бас сұғады. Әйтсе де, біреуден ілгері, біреуден кейін ел қатарлы тіршілік етіп жатқан жайлары бар. Қарт құрметті еңбек демалысына шыққаннан бері қоңырқай тіршіліктің қамымен қолындағы аздаған ұсақ малының күйін күйттеуден аспайды. Өйткені, малсақтық қанында бар адам. Енді ақсақалға қатысты хикаяттарға тоқталып өтелік.

...Бірнеше ауыл азаматтары демалыс күні дүкен алдында тұрғанбыз. Ауыл жастарының сүйікті жерлерінің бірі — осы ауыл дүкенінің алды. Бұлар ары өткен, бері өткен

автокөліктерді күтіп алып, шығарып салып, қысыр әңгімемен уақыттарын өткізуді әдетке айналдырған. Алыстан қараған бейсауат көзге олар сонау бір кездердегі дворяндар заманы тұсындағы бірін-бірі жекпе-жекке шақырғандардың секунданттарындай қаралы-ақты шолақ тондарының жағаларын көтеріп алып, ошарылып тұрғандары сол. Осындай топтың арасында аудан орталығынан ауылда тұратын ата-анама келген мен де тұрғанмын. Қаңғалақтап келіп қалған Тұмаңды көре салысымен бәріміз жамырап оған жапа-тармағай сәлем беріп жаттымыз. Мұндай ілтипатқа Тұмаңның ықыласы бөлек, өзінің шөбересіндей бозбалаларға дейін әрқайсысының қолын алып, ұзақ сілкілеп амандасып шықты. Араның ұясындай гуілдесіп тұрған жастар сап тыйылып, енді не болар екен деп, бір-бірінің аузын бағып тұр. Осы кезде дүкеннен жылқышы Аманғали шықты. Тұмаңның назары бірден соған ауып:

— Амантөк, мал-жаның аман ба? Табындарың ит-құстан аман ба? Не ғып жүрсің, ауру-сырқаудан тысқарысың ғой, әйтеуір,— деп, сұрақты қардай боратып бастырмалатып барып тоқтады. Аманғали бөлімшедегі сауын биелерді бағатын. Кезегі келіп, ойға демалысқа түскен беті сияқты.

— Саусыз ба, Тұма? Мал-жан аман, жылқылардан да шығын жоқ. Әзірше ит-құстан хабар жоқ. мына Диірмендегі Мейрамның қорасына барайын деп едім, көлік болмай тұрғаны»,— деп, өзінің жағдайын айтты. Дүкеннің арғы жақ басына келіп тоқтаған үш аяқты «Урал» маркалы мотоциклден түсіп жатқан Уәлиханды көрісімен Аманғали солай қарай жүрді. Аз-кем тұрғасын Уәлихан бізге қарай беттеді де, Аманғали үйіне қарай кетті. Қысқа амандықтан кейін Тұмаң: — Ал, ана шірік не дейді? Шаруасы бар-ау, тегі. Саған талақтай жабысқан шығар, ә, солай ма?— деп, оған сыр тарта сауал қойды. — Жай шаруа ғой, мына арадағы қораға апарып салшы дейді. Оған қол тиіп тұр ма, үйден шүрк етіп шығуға мұрша жоқ. Жалғызілікті адамға ауыр екен. Ана көмекшім Ерік табан астында ауырып, аудандағы ауруханаға түсіп қап, қойды әйеліме тастап, упрдан жаңа көмекші сұрауға келіп едім. Жіберем дап қалды, бүгін-ертең барып қалса жақсы болар еді,— деді Уәлихан. Сол-ақ екен Тұмаң: — Е, үйінде керіскедей көлік тұр емес пе? Жас босанып, қалжаланып отырған шөпжелке әйел емес, мына тұрған

жерге сол атты мініп барса, хандығынан түсіп қала ма? Сен не, біреуді арлы-берлі таситын болмаса оның саған өткізіп қойған бірденесі бар ма? Осы күнгінің бәрінің көкірігі азған. Әкемау, ол жаяу-жалпы отырса бір жөн ғой. Біреудің айтақынан балаша жүгіре беретін сен бас еркі жоқ жалшы иә құл емессің ғой. Кет де оған, маңымнан қырық күншілік жер әрі жүр де. Бір қолдынды екеу ете алмай, басыңды тауға да, тасқа да соғып жүрген саған оның қай еркелегені? Барсын атпен, тырп етпе, атаңның көрін.— деп, бір взвод боқтықты боратып жіберіп, шыж-быжы шықты да қалды. Уәлихан Тұмаңның мінезіне қанық қой, миығынан күлгені болмаса да, тіс жарып ештеңе демеді. Уәлихан дүкенге кіріп, қант-шай, басқа да ұсақ-түйек азық-түлік алып шығуға ішке енгенде, Аманғали қайтып оралды. Жақындай берген оған Тұман: — Не дейді әлгі сарт? Апармаймын дей ме? Мына тұрған жерге зыр еткізіп апарып салса, несі кетеді? Сені ол әлгі жерге арқалап апармайды ғой. Астында сағатша сартылдап жүріп тұрған судай жаңа мотоцикл. Әкемау, дйттеген жерге ә дегенше топ еткізіп жеткізіп тастамай ма? Бұл ит өзінің аяқ астынан басқаны көрмейтін, біреуге қол ұшын бермейтін ішмерез антұрған ғой бұл. Бұл ма, бұл нағыз барып тұрған қотиын ғой, қотиын,— деп, жаңа ғана өзі әпек-жәпек болып, хал -жайын өжеттеп сұраған адамын шығаннан шығарып тастады. Дәл осы кезде дүкеннен шыққан Уәлиханды көріп қалған Тұман: — Амантөк, міне, ағаң да шықты. Айда, міңгес оның артына. Мына тұрған жер ғой, қазір ақ салып ұрып жетіп барасыңдар. Әкемау, сені апармағанда, бұл ағаң енді басқа кімді апарады? Өйте алмаса, мына мотоциклді несіне мініп жүр? Қысылғанда бір-біріне қол ұшын беремесеңдер, несіне ағайынсыңдар онда? Уақытты оздырмандар. Сөзді қойып, ағаңның артына қалбай. Ал, кош, жолдарың болсын,— деп, екеуін өзі жарастырып, үлкен бір жұмысты бітіргендей ентіге дем алып тұрды. Бұл, міне, Тұмаңның сәт сайын құбылып тұратын мінезінің бір қыры. Ауылдың тағы бір азаматы айтады.

...Біздің шөп шабатын жеріміз Тұмаңның шабындығымен қатар болатын. Кей күндері түс әлетінде атына мініп, Тұман шай ішуге бізге келеді. Қарияның немере бауыры шөп шабысып жүргенін білсем де, шалды сөйлетейін деген ниетпен әдейі:

— Тұма, шөп қиылып бітетін бе? Жападан-жалғыз жүрмісіз?— деймін ғой баяғы. Тұмаң шайды ұрттауын қоя салып: — Жалғыз жарым жүрген адамға біте ме бұл ит жегірдің шөбі? Шөпті жалғыз шауып жүрмін, жанымда бір портрет жүр,— дейді кейіп. Тұманның мұнысы — қимылы баяу әрі аурушаң інісінің әрекетіне көңілінің толмайтындығын білдіргені. Қиқар шалдың осы немере інісіне қатысты бір оқиғаны өзі айтқаны бар. Шал: — Бірде осы Имашпен бірге моншаға түстім. Қара монша деген рақат қой, шіркін, қайыңнан дайындалған бейнекпен айызың қанғанша сабанып, құрысып-тырысқан жерінді жазып, бір жасап қалмайсың ба. Ыстық тасқа суды көп салғандықтан, Монша іші қол шыдатпайтын ыстық болып кетіп, айнала буға толып кетті. Бойдағы ащы тердің бәрін шығарып, жүрегім алқынып кеткен соң ініме қол жалғап, ана босағада тұрған бактан бір бакыр суық су алып беріп жіберші десем, ол атаңа нәлет сөзімді жөндеп ести алмады ма әлде сабын көпіршігінен алжасып көз алдындағыны ажырата алмай қалды ма, кім білсін, суық судың орнына ыстық суды алып беріп, оны мен басыма төңкере салмасым бар ма. Әкеңнің көрін, сөйтіп айдың-күннің аманында пыстым да қалдым. Орыннан қарғып тұрып, кәззапты қос қолымды қабаттастыра қусырған күйі құлақшекеден қонжиттым-ау келіп. Адам мұндай да әумесер болады екен ғой,— деді. Шал сөйлей түссін деген оймен: — Одан әрі не болды?— деп сұраймыз. Тұмаң: — Не болғанын білмеймін. Табалдырық алдына өкіріп құлаған оның үстінен аттап өтіп, сыртқа шығып кеткенмін. Дімкәс қой ол байғұс, кейде өзін қатты аяймын да. Бірақ, әлгіндей қылықтарына қалай шыдайсың? Нешауа, одан өліп қалмайды, қайта өзіне сабақ болады. Жүр ғой әне басы қарайып,— дейді маңғазданып. Ауылдың Асан деген азаматы: — Ана бір жылы үйдің алдындағы бітеу қораның қабырағын жанартайың деп, біраз жігіт қолын жидым. Қас қылғандай өткір балтаның сабы сынып, осы Тұмаңның үйіне балта сұрап алайың деп бардым. Кеше едәуір қызу жүргендей көрініп еді, қабағы салыңқы екен. Екі көзі кіртііп, есік алдында аһылап-уһілеп отырғаны үстіне тап болыппын. Жайсыз түрін көрген соң, үндемей-ақ кете беруге оқталғам. Бірақ: — Әй, не ғып жүрсің, жайшылық па?— деген Тұмаң дауысы еріксіз тоқтатып, оған өзімнің осында

келген себебімді айттым. Іштей жолымның боларына сенімім аздау-тын. Сезімім алдамапты, менің сөзімді естімегендей басын төмен салып, сұлқ түсіп отырған ол кенет шаңқ етіп: — Мен сендерге кіммін? Дүкенмін бе, көрмемін бе, әлде балта жасап сататын зауытпын ба, а? Үйінде бір сырғауылдың басын қақтап шабатын өткір балта қайрап ұстай алмасаң, неғып семья құрып, басына қоқырайтып бөрік киіп жүрсің? Олай болса, шеш мына бұтындағы шалбарды. Ауылдың салпы етек әйелдерінше алдың алжапқыш байлап алып, қолыңа оқтау ұстап, қамыр иле. Күлді көмеш қатыннан күні төмен шірік неме сол! Қол басындай темірді қасқалдақтың қанындай зәру зат санатына қосып, қыңырайып келіп, менен ұялмай-қызармай балта сұрауын мұның! Кет көзіме көрінбей, зәнталақ!— деп, іреп тастады. Шатынап, басы ауырып отырған қыршаңқы шалға не дерсің, тіс жармай, жылыстап шығып кеттім. Біраздан кейін бір қызыл вино бөтелкесін қойныма тығып алып, Тұмаңа қайта келдім. Маған жақтырмай тыжырына қараған Тұмаңа: — Жезде, басың ауырып отырған сияқты ғой. Бір жаман қызыл бар еді, соны саған әкелдім, қағып жібер,— деп, әлгі шишаны қойнымнан шығарғаным сол еді, ол орнынан лып етіп тез тұрып, емпеңдей жетіп келіп, мені қолымнан ұстап дедек қаққызып үйдің ішіне қарай жетелей жөнелді. Жартылықты қылдай бөліп ішіп алған соң, Тұмаң теңіз түстес көк-жасыл көзін жалт-жұлт еткізіп: — Әсөк, осы сен жана балта сұрадың ба, қалай? Жүр, ең жақын балдызымның бірісің ғой, сенен аяғанды ит жесін. Ал, бәрін ал, қотарып әкет, е десем, ит екенсің де. Жүр, жүр, міне, саймандар мына жерде тұр,— деп, шағын сарайдың есігін ашты. Бірінен-бірі өткен, жиырмадан астам қылпып тұрған балталар ағашқа қаз қатар шаншылып тұр екен. Тұмаңның қолыма ұстатқан баллитасын алып, күле-күле үйге қайтқан едім сонда.

Тұмаңның соғыс туралы әңгімелерін естудің өзі бір ғанибет! Сұрапыл соғыс кезінде капитан шенінде майданға қатысыпты. Сол бір қиын-қыстау кез жайлы Тұмаң:

— Соғыс деген ойыншық емес, жігіттер. Ол дегенің өмір мен өлім арпалысқа түсіп, адамның ғұмыры таразы басына тартылатын нағыз тозақ қой. Майданда төрт жыл болдым. Көн етікпен бүкіл Еуропа жерін басып өтіп, сұм соғысты бастаған Гитлердің алынбас бекінісі саналған ордалы жылан тұрағы — Рейхстагқа

жақындап қалған кезіміз болатын. Аты жадымда қалмапты, Германияның бір шағындау қаласындағы мейрамханаға келіп, бір топ офицерлер осының алдындағы күні қол жеткізген жеңісімізді тойлап отырғанбыз. Шнапс бап, басқа ішімдік түрлері бар, ақан судай ағылып, кейбіреулердің көздері бозарып, ауыздары қисая бастаған шақта қайдан, неден шыққанын білмеймін, қатар отырған екі үстелдегі офицерлермен екі арада күтпеген жерден кикілжің туындамасы бар ма. Масайып алған бір орыс офицері: «Біз — великорусьпіз!»— деп, кеудесін қайта-қайта соғып, беліндегі қаруына жармасқанда, мен де қаруымды жұлып алдым. Айналаның бәрі тарс-тұрс атысқа толып кетті, біреуді-біреу біліп болмайды. Ұрыс осылай қызған бір тұста өзіме револьвер кезеген орыс офицерінің бірін қарауылға алып, қару шүріппесін басып қалдым. Оғым оған дендеп тиді ме, жоқ па, ол жағын білмеймін, оның оқыс сүрініп кеткендей етпеттей құлағанын ғана білемін. Батырға да жан керек, мейрамханадан шығып, вокзалға барып, сондағы пойыздың біріне міне салып қаштым ғой баяғы. Хабарлап қойған ғой, қайдан құтқарсын, екі станса өтпей жатып патруль кеп ұстап алды. Осылайша мен қасқаны әскери трибунал айыпты деп тауып айып батальонына (штафбат) айдады да жіберді. Шенімді алып тастап, қатардағы жауынгерлікке төмендетті. Сөйтіп: «Отанды қанымызды төгумен қорғап, айыбымызды өтегіміз келеді»,— деген өтініш жазумен майдан шебіне келіп қалған небір обыр өңеш, нағыз қылмыскерлердің арасына тап болдым. Оларға мылтық берілгенмен, оқ берілмейтін. Баскесер немістердің өздері қарсы алдарына айып батальоны келіп қалды десе, бәрін тастап, бас сауғалап қашып кететін. Өйткені, окка ұшса да, былай өлсе де әйтеуір бір өлім деп, бастарын окка байлаған олар өлген-тірілгеніне қарамай, бойларын жасырмастан тік тұрып, қарсыласына психологиялық шабуыл жасайтын. Шабуыл басталар алдында оларға екі жүз грамман спирт беріп, қандарын қыздырып қоятын. Қандары басына шапқан соң олар неден қорықсын, басына кездік шаншылған мылтықпен-ақ қарсыластарын жапырып, шақ келтірмейтін ғой. Мені соғыстан хабары бар адам ретінде соларға басшылық етуге тағайындаған. Бір взвод шабуылға көтерілгенде екіншісіне, ол көтерілгенде үшіншісіне жылыстап кетіп, әзер деп жан сақтап жүргем. Бұл

дегенің қатқан қайың сойылмен жасанған жауға қарсы шығу ғой. Сондай шабуылдардың бірінде мына кішкене шынашағым тыз ете қалмасы бар ма. Көріп отырсындар ғой, міне, мына үтір секілді қисайған саусақ сонда алған жаракқаттан қалған. Қолымды жоғары көтеріп: «Мен жараландым»,— деп айқай салдым. Сөйтп, мені лазаретке тылға жіберді. Өмірді сақтау үшін осындай қитұрқы істерге баруға келген-ді,— деп, әңгімесін мықты бір боқтықпен аяқтады. Шалдың хикаясы басталғалы бері Ербол деген құрдасым ішінен күбірлеп отырған. Сөйтсем, ол ақсақалдың әңгіме барысында қанша рет боқтанғанын санап отыр екен де. Өзіне-өзі риза болған кейіпте, ол: «Тоқсан үш»,— деп хабарлады. Яғни Тұмаң әңгімесін 93 боқтықпен «тұздықтаған» екен де.

Мінеки, бірі жасын, бірі еңбегін, бірі сөзін, бірі мінезін қызық көріп, бүкіл ел сыйлаған Тұмаң, міне, осындай жан болатын. Ол біраз жыл бұрын жасы сексенге иек артып барып дүние салды. Бірақ, топырағы торқа болғыр аяулы жанның бейнесі әл күнге көз алдымда, оның жадымнан өшпесі де ақиқат. Мінезі шатақ болғанмен, ауылдың бүкіл болмысы мен мінезін, асыл қасиетін білдіретін ондай жандардың есте ұзақ сақталатындығы да содан болса керек, сірә...

ЕСКЕН

Денесі еңкіш тартып, қозғалысы сәл баяулағаны болмаса, Ескеңнің (әкесінің азан шақырып қойған аты — Есіркеп) сырт тұлғасында анау айтқандай алабөтен өзгеріс жоқтың қасы. Әлбетте, бұрынғы күш-қайраты қайтып, соңғы кездері қылтың-сылтың ауру айналдырғыш болып алғанымен, кесек те сом тұлғасын ұзақ ғұмырдың ауыр салмағы тұқыртып жаншып, ерік-жігерін мұқалтып кете алмағандығы көзге анық байқалады. Жүріс-тұрысында енжарлық бары рас, әйтсе де, сексеннің сенгірін баяғыда артқа тастаған қария әлі де қолына таяқ ұстап көрген емес, тамактанудан да, көлікке мінуден де қалмаған. Мінсін-мінбесін бурыл биесін есік алыдна әкеліп ерттеп, үстіне бір шығып ауыл үйді айналып келіп, біраздан

кейін қайта отқа жібермесе, көңілі көншімейді. Бір нәрсесін ұмыт қалдырған жандай бір орында байыз таппай, өзінің де, үй ішінің де дегбірін қашырып болады. Бір қызығы ұзақ жылғы өмірінде бұл әдетінен әсте айнап көрмепті. Жалпы, сырт тұлғасы қанша мол пішілсе, мінезі де соған сай, тым ауыр, кез келген болымсыз нәрсеге күйіп-пісіп, жөн-жосықсыз ашу шақыра бермейді. Ашулана қалған кезде оны райынан қайтарып, тәубасына түсірем деу бос әурешілік. Бір өзендер болады ғой: сырт көзге моп-момақан, баяу ғана ағып жатқандай көрінетін. Бұл, әрине, бойына жинаған орасан зор күшті жасырып жатқан өзеннің көңілге бейқамдық туғызатын алдамшы көрінісі ғана екені кәміл. Мұндай өзендер жанды мақұлықты өзінің арыны қатты құшағына алғанда ғана күшін анық көрсетеді. Ескеңнің де ашуы да, міне, сол іспеттес: ашуланбайды, ашуланды ма, жуыр маңда қайта сабасына түсіп, байырқалай қоймайды. Ескеңді алғаш көрсеңіз, сізді оның денесінің мол пішілгендігі, болмаса осындай зор тұлғаға да үлкендеу көрінетін торсық шекесі, жуан шүйдәлі басы емес, керісінше, қара торы жүзінен ерекшеленіп, бірден дараланып көзге түсетін екі шалғысы жирен, ортаға жуық жерің ақ, ал суағары иә қарақошқыл, иә сарғыш екенін айырып болмайтын ширатылған қалың мұрты боларына шүбәңіз болмасын. Егер сізбен бұрыннан таныс болмаса, оған өзіңіз жанасып, оны әңгімеге тартасаңыз, әңгімесін дәл осы мұртының түсінің ала-құла болуының сырын айтудан бастары хақ. Расын айту керек, қария әңгіменің майын тамызып айтатын ділмәр жан. Қатты күлген кезде аласы мол көздері жасқа шыланып, тіпті, сырт көзге жылап отырғандай әсер ететіні бар. Ол кісінің орамалымен қабаттасып жүретін тағы бір заты — жас баланың білегіндей жез тығынды насыбай шақшасы. Насыбай ататындарды да, оны ернінің ішіне, тілінің астына салатындарды да талай жерде көріп жүргенмен, бұйра насыбайды тұп-тура жарты алақан етіп салып алып атқан адамды бұрын-сонды көрмесіңіз кәміл. Базбір адам бас бармағын бүгіп жіберіп, соған толтырып алған насыбайды шекіп-шекіп, там-тұмдап қана атса, бұл кісінің насыбай атысы елден ерек, тіпті, ересен. Ескеңе салсаңыз, өзінің басқалардан ерекшелігін дәл осы насыбайшылдығымен байланыстырады. Ол кісі адам баласы бір-бірінен мінезімен, түр-түсімен, қасиетімен, қойшы,

әйтеуір бір нәрсесімен ерекшеленіп тұруы керек деп есептейді. Тіпті, адамның дене мүшелері, ол аз десеңіз, қолындағы саусақтарының өзі бірдей емес қой, әне, адамдар да сондай әрқилы: сондықтан, әркімнің өзінің кім екенін білдіретін ерекше белгісі болуы керек, онсыз өмір жадағай көшірмеден ғана тұрады, ал, көшірменің түпнұсқадан әрқашан сапасыз әрі нашар болатыны белгілі ғой дейді ол. Өне, өмірдің сұрқай да мағынасыз болуы сондайдан деген қағидаға келіп саятын қарт пікіріне еріксіз ден қоймасқа шараңыз қалмайды. Қарияның әңгімесін бала кезінен бастап, сонын қазіргі өмірге әкеліп тіреп, әрісін болашақты суреттеумен, берісін айналадағы, әлемде болып жатқан саяси жағдайларды сараптаумен аяқтарын сеніңіз. Ескеңмен енді сіздер де жақын танысыңыздар.

Кеңк-кеңк күліп алып, әңгімесін бастайтын Ескең:

— Маған былайғы жұрт күле қарап, сайқымазаққа айналдырады. Солардың бәрі насыбай ататын жалғыз қазақ құдды мендей-ақ үдірейіседі. Шынына келсем, мен бұл пәлені зәруліктен, зәруарт дерттің кесірінен атып кеттім. Кішкентей ойын баласы кезімде неден екені белгісіз мұрным кәдімгідей желденіп, бет-аузым көнектей күп болып ісіп кетті. Шешем марқұм, топырағы торқа болғыр, тамыр ұстап, құмалақ салатын, азын-аулақ сәуегейлігі бар адам еді. Сол кісі әлгі ісікті қайтаруға насыбай көмектеседі деп, тіпті, ешкі мүйізінен істелген шақшаға насыбай салып беріп, оны жанқалтамнан тастатқызбайтын болды. Дерттің сәті түсті ме, білмеймін, бара-бара ісік те, өне бойымды дуылдатып тұратын қышу да сап тыйылып, арқам кәдімгідей кеңіп қалды. Осыдан бастап насыбай менің айырылмас серігіме айналды. «Ауру қалса да, әдет қалмайды», — демей ме қазақ, сол сөз тегі рас екен, оған мына өмір көзімді жеткізді. Бұл құрғырға үйреніп алған соң, оны ада-күде тастау мен үшін қиямет-қайымдай қиын шаруа болды. Насыбай темкі сияқты табылуы оңай дүние емес, әрі оны дайындаудың өзі бір машақаты көп жұмыс. Оны бабына келтіріп даындау — нағыз өнер. Бұл құрғырды пәшістермен соғысқа қатысқан жылдары да тастай алмадым ғой. Әлі есімде, ауылдан алынған бір қауым қазақ жігіттерін Кәлененград маңында әскери тәртіпке үйретіп жатқан кез болатын. Ылғи қой соңында мен байғұс қолтоқпақтай орыс сержантының не деп тұрғанын

кайдан білейін, әйтеуір, ел не істемсе, мен де соны қайталап, ілдебайлап жүргем ғой. Ол күнде де шабандау, оралымсыздау едім. Жұрт жерге етпеттей құлап жатқанда мен тұрып қап, ел тұрғанда мен жатып қап, әлгі бастығымыз маған қылғынып кеп айқайлайтын да жататын. Тіпті жұдырығын мұрнымның алдына тақап тұрып шәңіклейді келіп. «Әттен, — деймін, — тістеніп. Күзеннің айғырындай шаңқылдатпай, аузыңды теріс қаратып, жоктауыңды асыра салатын-ақ кәззапсың, бірақ, амал нешік?»— деймін іштей зығырданым қайнап. Келген күннен маған қырын қараған бастығыма менің насыбайшылыдығым мүлдем жақпады. Жаттығу әрекеттерінің ара-арасынад берілген демалыс сәттерін насыбай ұқалауға арнап, әлгінің қанан ішіп біттім. Қолымда балықтан босаған қаңылтыр қалбыр болады. Ол тұста солдаттар үшін махорканың қазіргідей қат кезі емес. Құл орнына қолға түскенді сала беретінмін. Аршаның күлін салып ұқалаған насыбайға не жетсін, шіркін! Бірақ, соғыс кезі ғой, керегінді түстеп, екшеп тауып алуға уақыт тығыз, сосын қайтемін? Әлгі сержантымыздың бізге марш-бросок жасатып, бүкіл қару-жарағымызды асынып алып, жүгіріп келе жатқанымызда белімдегі сусын құятын құтының жанына байлаған қаңылтыр қалбырдың талайын-ақ жұлып алып, неше мәрте айдалаға лақтырып тастап кеткен кездері болған. Бірақ, не керек, ол лақтыруын қоймаса, мен насыбайға қажетті құрал-саймандарымды түгендеп алудан жалықпадым. Ақыры әбден ығыр болған сержантымыз қолын бір-ақ сілтеп, мені жөніме қалдырды. Бірде, тіпті, менің талақтай жабысып айырылмай, ерекше дайындықтан өтетін әлгі менің насыбайыма әуес көзбен қарап, бір шымшып алып, атып көргені бар. Атқаны бар болсын, байғұстың көздері жасаурап, қайта-қайта түшкіруден әбден қалжырап, менің қасыма енді қайтып жоламастай болған-ды. Бірақ, осыдан кейін оның маған деген көзқарасы да өзгерген. Оны бұйра насыбайды шекіп емес, алақанға салып молдап ата-тын қазақтың түшкірмей де, пысқырмай да, бәрін жайбарақат көтеретініне риза болды ма, әйтеуір, қабағы жылыған-тұғын. Тіпті, сіңбіруге мұрша жоқ, қиян-кескі соғыстың атыс-шабыс, апалас-төпелеске толы шайқастар кезінде де уақыт тауып, насыбай ұқалайтынмын ғой. Уай, ол да бір заман екен-ау, зырлап бара жатқан уақытқа не дауа? Бәрі кешегі күні ғана болғандай, ал, одан бері қаншама уақыт өткен десеңші. Өмір деген осы

ғой, ағынды су сияқты тоқтаусыз ағып, көзді ашып-жұмғанша өтеді де кетеді...

Ескең сәл кідіріс жасап: «Бұған не дейсіз?»— дегендей, жанындағы адамға сынай қарайды. Осы кезді пайдаланып, әңгіме төркінін басқа арнаға бұрсаңыз, ол кісі болашаққа болжам жасап, болмаса қазіргі төрткүл әлемде болып жатқан саяси жағдайды талдаумен айналысып кетері хақ. Біз де соны ескеріп, сауал қойып үлгердік:

— Еске, сол соғыста қанша жаудың көзін құрттыңыз?

— Итім білсін бе, олар да атты, біз де аттық. Қазір ғой ауыл балалары атыс ойнап жүргенде: «Сен өлдің, мен өлген жоқпын, алдымен мен атқам»,— деп жататыны. Өз басым: «Мені өлтірген сенсің»,— деген немісті көрген жоқпын. Оның үстіне жауыздардың кімнің оғынан мерт болғанын қайдан білесің: оққа белгі сап, немісті нөмірлеп қойған ешкім жоқ емес пе. Сондықтан базбіреулерше кеуде қағып: «Мен пәленбай пәшестің көзін құрттым»,— деп жалған айтып, жер-көкке сыймай мақтана алмаймын. Атаңа нәлет сұм жауды жеңуін жеңдік қой, бірақ, сол қанқұйлы соғыстың кесірінен талай ауыл азаматтарының денесі жат жерде қалып, оларға туған жерден топырақ бұйырмай қалмады ма? Елге қайтқандарының көбі мүгедек болып қалды. Пәшестерді қынадай қырдық дейміз-ау, бірақ, бізден де шығын көп болды ғой, көп болды. Бұл соғыс иісі қазаққа ғана емес, бүкіл Кеңес, Батыс елдерінің бәріне сын болған, халыққа орасан зор қайғы-қасірет әкелген керемет зұлмат болды ғой. Оны әлгі молдалар айта беретін ғазабат майданымен салыстырса болатын сынды. Әлі күнге дейін түн баласы кәдуескі қырғын ортасында жүрген кездер түсіме кіріп, қатты қиналып, бастырылып шығатын шақтарым аз емес. Мына үрім-бұтағымның көз жасы ма, болмаса бұ дүниелік су ішкілігімнің барлығынан ба, осы соғыстан бар болғаны үш саусағымды беріп қайттым. Соғыстан бергі жылдары Қойшы атаның таяғы қолымнан түскен жоқ. Мұндай кең заманды көреміз деп кім ойлаған? Халқыма, көмөнестер партиясына, өкіметімізге рақмет. Мен өзімді бақытты адамдар санатына қосамын. Лайым, алдағы уақыттар да осындай бола бергей,— дейді сөзін аяқтап. Сосын жадырай күліп отырып, бұйра насыбайды едел-жедел қос танауға атып ұрады. Біз де тиімді сәтті

құр жібермей, тағы бір әңгіме тақырыбына сауал-қармақ тастап:

— Ақсақал, біраз жасқа келіп, ұзақ ғұмыр сүрдіңіз. Өткен өмір жолыңызда: «Осылай болса қандай ғажап болар еді, шіркін!»— деп, іштей әлі күнге орындалмай арман болып келе жатқан жәйттер болды ма?»— деп сұрасақ, ол бір түшкіріп: «Жәрекім, Алласын» айтып алып:

Е, неге болмасын, болды. Өзімнің өткен өміріме оралсам, орындалмай қалған, соған өзімді кінәлі санайтын екі басты өкінішім бар. Соның бірі — бізді әскерге әкетіп бара жатқан кезде анау Іркітті (Иркутск) басып өттік. Эшалон бір шағын стансаға аялдады. Екінші жолда да бір пойыз тұр екен. Соның ішінен біреу менің атымды атап шақырғандай болды. Кім екенін тап басып айыра алмадым әрі пойызымыз орнынан қозғалып кетіп, соның ауылдың қай боздағы екенін біле алмай кеттім. Дәу де болса, сол біздің Саматай болуы керек. Қайран азамат соғыстан қайтпай қалды ғой. Ең болмаса бетін бір көріп, тілдесіп қалсам, осы күнге дейін соны армандамас едім. Екінші бір арманым — соғыс кезінде болған оқиғаға байланысты. Қызу атыс-шабыс жүріп жатқан кез болатын. Кәмәндіріміз атой салып шабуылға шығуға бұйрық беріп, бәріміз орнымыздан дүрліге көтеріліп, алға ұмтылғанбыз. Соларың арасында қалбалақтап мен де келе жатқам. Оң қапталдан да, сол қапталдан да бірнеше бөлімше атой салып, уралап келеді. Сүріне-қабына алдағы әкөптің шетіне іліге бергенде, менің алдымда бірнеше қадам жерде жүгіріп келе жатқан біржігіт мұрттай ұшып түсті. Қолын алға созған күйі етпеттей құлаған оның басындағы малакайы анадай жерге ұшып кетіп, дудыраған бұйра шашын жел желпіп жатты. Жанына тақап келсем де, оның басын көтеріп, бет-жүзін көре алмадым. Көргім-ақ келген, бірақ, қарсы жақтан түйдектете атылған сінәрат бас көтертпей, әкөп түбіне бой жасыруға мәжбүр еткен. Атыс саябырлап, шаң-тозанды тұман басылғанда, зеңбірек оғы түсіп астан-кестенің шығарған әкөп шетінен әлгі жігітімнің денесін таба алмадым. Сірә, тура кеп түскен сінәрат төңкеріп кеткен топырақ үйіндісінің астында қалған сияқты. Артынан барып ойласам, сол біздің әлгі немере ініміз Итемген секілді көрінеді де тұрады. Менің ішімді қара мысықтай тырнап, әлі күнге өкіндіріп келе жатқан екі арманым, міне, осылар,— деп, көзіне

жас алды. Ақсақалдың бұзылған көңілінің басылағнын тосып отырып, ол өз-өзіне келді-ау деген шамада:

— Сізді сонғы кезде ащы су баласын ауызға алмайды деп жүр ғой. Сол рас па? Бұрындары анда-санда жүз граммнан бас тартпайтын едіңіз, неліктен ораза ұстадыңыз? Әлде мына үкімет арақ-шарапқа тыйым салғаннан кейін тәубаға келдіңіз бе? Сол үкімет заңынан кейін ауылда арақ ішушілер саны азайып, ауылдағы өмір қуанышқа айналғандай ма, қалай?— десем, Ескен:

— Әй, байқаймын, сен өзің бір барып тұрған сөзбақ неме екенсің. Мені сөйлеткісі келеді-ау, пәтшағар. Сұра, сұрап қал, жер бетінде енді біз қанша жүреді дейсің. Мың жасайтын құзғын емеспіз ғой. Ал, енді шынымды айтсам, үкімет арақ сатуға шектеу қойғалы ауыл үй арасы тынышталып, бөлімшенің жұмысы алға басып, тұрмыс түзелгені жасырын емес. Ауыл дүкенінде арақ-шараптар қаздай тізіліп тұратын сонау бір кездері күндізді қойып, түнімен таң атқанша ауыл іші азан-қазан болып, шаң-шұң ұрыс-керіс, боқтық сөздерден құлақ сарситын еді, қазір соның бәрі сап тыйылды. Қазіргі жастар іше алмайды. Еріндеріне ащы суды жақса-ақ болғаны, балапан әтештей қоқиланып шыға келіп, бір-бірімен жаға жыртасып, төбелес сайлап кеп жатқандары. Жас жігіттер Тарбағатайға жұмысқа кеттік деп, үш күн бойы ауылға қайта соғып, ақыры шашылған тарыдай әр жерде есеңгіреп жатқан әлгілерді біргедір жігіт әрең деп жинап алып, жайлаудағы сапқоз жұмысына даңғаза шумен әзер алып кететін ғой. Қазір соған аз да болса тосқауыл қойылып, еңбек тәртібі жөнге салынғандай. Арақ дегенді қойсаңшы, барып тұрған өзәзіл ғой бұл. Тұқымың тұздай құрығыр мұның дап-дардай адамды қуыршаққа айналдырып жіберетінін қайтерсің? Мұны сондай жағдай өз басымнан өткен соң айтып отырмын. Қызық әңгіме, қаласаң тында. Ана бір жылы, онда арақ-шараптың мол кезі, жылқышы Зейнелханның ортаншы ұлын әскерге шығарып салушылардың арасына түсіп қалып, қатты масқара болғаным бар. Не сайтан түрткенін қайдам, қолыма ұстатқан қырлы стакандағы ақанды кері қайтармай суша сіміріп, қатты масайып қалсам керек. Бала әскерге кетті ме, жоқ па, ол жағынан бейхабармын, өзім сол мәғезін алдында қалып қойыппын. Жолымда кездескен діңгекке соғылып, қара басқанда, әлгі

бағананы мені ұстап жібермей жүрген бала-шаға екен деп жағаласып, ет асым уақыт бойы әлгімен жұдырықтасып, тіпті құлата алмаған соң, онымен артқа шегініп, сосын жүгіріп кеп кәдімгі қошқарша сүзсем керек. Мұны ертенінде хал-жайымды сұрауға келіп, күп болып ісіп кеткен шекемді көрсетіп отырып, ауылдағы өзім қатарлы сыйлас құрдасым Мәкең айтқан еді. Қандай жағдайда болса да ақыл-есін жоғалтып ішпейтін, бүкіл ел сыйлаған адам еді ғой ол. Сол қадірлі сыйласымның алдында енді қайтып ащыны ауызға алмауға серт берген едім. Топырағы торқа болғыр жарықтықтың аруағы разы болсын, сол уәдемді әлі күнге бұзбай, берген сөзімде тұрып келем. Төрімнен көрім жуық қалған маған ендігі жетпегені арақ ішу ме еді дедім де, бәрін кілт доғардым. Арақ деген, міне, осындай әзәзіл, балалар. Ішкеннен мүйіз шықса, кішігірім бұтақ емес, ен қарағайдай болып мына біздің басымызға шығатын еді ғой. Әсілі, бұл құрғырды ішуді доғарған жөн. Еш пайдасы жоқ, есесіне, кәлланды айналдырып, бүкіл абыройынды айрандай төгетін атау кере ғой бұл. Саған да айтарым осы, ішкенді тый, бала,—деп, маған қарап көзін қысып қойды. Мұндай миға кіретін уәжге қалай иланбассың?

Ауылдастар: «Өмірі түшкіріп көрмеген, тек соңғы кездері ғана айнамалы күн райындай денсаулығының кетеуі кеткеніне күйзелген қария қит етсе үрім-бұтағымен арыздаса бастайтынды шығарды. Әулетінің алдында жасаған еркелігі ме, базынасы ма, кім білсін, тек бірер күн өтпей-ақ бүкіл ауылды дүрліктірген қарт аяғына тұрып, бурыл биесін жетектеп келе жатады»,— десетін. Сонда мен өмірмен қоштасудай-ақ қоштасып, бірақ, соны қия алмай жүрген күллі ауыл адамдары сүйген қарияға: «Мың жасаңыз, Еске! Ауылдың аузы дуалы, өмірі нұрға, кеудесі сыр мен жырға толы аяулы қариясы, дәм-тұзыңыз таусылмасын!»— дегім келетін де тұратын. Одан кейін мен қалаға қоныс аудардым да, біраз уақыт ауыл жақтан хабар-ошарсыз қалдым. Жуықта бір ауылдасымды кезіктіріп, одан жаны жайсаң қарттың біраз жыл бұрын бақилыққа аттанып кеткенін естідім. Өзім көрші тұрған, әңгімесін талай рет елітіп тыңдаған Ескеңнің бейнесі көз алдыма келіп, мұрнымның іші ашып кетті. Еріксіз көзіме жас оралып: «Иманыңыз жолдас болып, жаныңыз жәннатта болсын, Еске!»— дей бердім.

КЕҢЕС

Қашан болсын қағанағы қарқ, сағанағы сарқ адамдай көңілді жүретін, аузынан зілсіз қалжыны мен езу жиғызбас әзілдері түспейтін жігіт ағасын көрсеңіз, міне, бұл — бүкіл ауылға сайқымазақтығымен аты шыққан Кеңес атты жылқышыңыз осы кісі болады. Оның бір нәрсеге ренжіп, еңсесі түсіп жүрген кезін өз басым көрген емен. Бет-аузы бірақ уыс, иегінде үркіп шыққан бірер талшықтан басқа көзге түсер қылтанақ жоқ көсенің нақ өзі. Көзі үнемі күлімдеп, аузы енді бірдене айтуға оқталғандай жыбырлап тұратын Кеңестің жыр қылып айтар әзіл-қалжыңдары жетерлік. Соның біразын сіздерге баян етсем деймін. Мынау Кеңестің өзі айтқан хикая.

...Тарбағатай жайлауы төрінде Шұбартөс деген жерде бөлімше жылқыларын тебіндетіп жатқанбыз. Күздің кара суығының соңы қырбақ қарға ұласып, ит-құстан маза кете бастаған шақ болатын. Сондай қарбалас күндердің бірінде ойдан Оралбай упр жіберді деп, ауылдағы атқорадағы жылқыларды бағатын Уәли келді. Қолындағы тілдей қағазға упр: «Мына Уәлиге бір ту бие ұстап беріп жіберіндер. Ауылдағы механизаторларға сойып береміз»,— деп жазыпты. Бастық айтты — бітті, шұғыл бұйрықты орындауға кірістік. Төрт жылқышы қаныжағдағы кара маймен сылап, пештің ысына салып илеп жасаған қайыс арқандарымызды шешіп алып, шу асауларға арқан тастай бастадық. Арамызда Божбан атты ақсақал бар-тын. Басқаларымыз қулыққа басып, шалма тастаған кейіп байқатып қана жүрміз, өйткені, жазғы қоны қайта қоймаған семіз шу асаумен мына сылбыран ақ қар, көк мұзда кімнің арпалысып жүргісі келеді дейсің? Божбан қария болса, асау ұстауға жан тәнін салып кірісіп кетіпті. Сәті түсті ме, болмаса оқыстан түсіп кетті ме, кім білсін, әйтеуір, әлдебір заматта қарттың арқаны сауыры тақтайдай семіз бурыл биенің мойнына сарт етіп түсе кетпесі бар емес пе. Қылбұраудай жіңішке қайыс арқан жіңішке мойынға емес, төске таман түскен екен. Шу асау мойнын ішіне алып, әй бір мөңкіді-ау келіп. Біраздан кейін оның бұта-қарағанды жапыра-мапыра ылдиға қарай жосып бермесі бар ма. Оның артында арқанның екінші шетіне ұстап, атын тепкінің астына алып тепендеп шал

кетіп барады. Асаудың екпініне шыдамаған қария ерден ұшып түскенімен, арқанды жібермей, біресе тұрып, біресе етпеттей құлап сүйретіліп барады. Өкшесіне үлкен нәлі қакқан, тура кара санға дейін келетін саптама етігін әлтек-тәлкек басқан Божкең енді болмаса арқанды жібере салатындай Шалдың бойындағы жалғыз кемшілігі — мақтан сүйгіштігі болатын. Оның ниетін байқап қалдым да: «Бөжеке, асыл текті тұқымнан едіңіз ғой, өлсеңіз де арқанды жібермеңіз!»— деп айқай салып, астына кішігірім көпшік емес, қытайдың диванын қойып жібердім. Сол-ақ екен, шалым қайыс арқанның ұшын беліне орап жіберіп, өкшесін қалың өскен қарағанға тіреп, шалқалап сіресті де қалды. Қарға тиіп былжырап жұмсарып кетте ме, әлде шу асаудың тегеурініне шыдамады ма, қатты тартылған домбыра ішегіндей арқан шарт етіп үзілді де кетті. Шалым бүк түсіп отырып қалды. Шапқылап қасына келдім. Бетіқабарып, қатты қиналғаны қабағынан байқалып тұр екен. Бөжкең менің сұраулы жүзіме қарады да: «Бала, шаруа бітті, шалбардың іші толған збой»,— деді. Бастабында ұқпай қалып, шал сөзінің мәнін біраздан кейін ғана бағамдадым. Сөйтсем, Бөжкеңнің тік ішегі түсіп кететін ойнамалы екен де. Былай сырттай естігенім болмаса, өз көзіммен көрмегендіктен, оған онша мән бермеген екем. Қалжындаймын деп қарттың обалына қалғанымды іштей түйсініп, пақыр күйге түскен шалға көмектесуге ниет білдірдім. Бірақ, менің бұл пысықтығыма іші жыли қоймаған ол: «Қазір түк те істей алмайсың. Алдымен ана менің атымды ұстап алып кел, сосын, лекерлеп қосқа жеткіз. Одан арғысы менің өз шаруам»,— деді бұйыра сөйлеп. Сәлден кейін басқа жылқышылар да келіп, мен шалды қосқа әкеттім де, қалғандары көптеп-көмектеп жүріп әлі бурыл биені ұстап, оны Уәлиге жетектетіп жіберді. Бәріміздің түнгі жұмысымыз Бөжкеңмен болды. Мылтық гильзасына салған қой майымен жанып тұрған білте шамның жарығымен мылтықтың ұңғысын тазалайтын шомполмен қарияның тік ішегін орнынан салумен айналыстық,— деп, Кеңес қықыттай күлді. Басқасы рас болса рас та шығар, бірақ, тік ішекті шомполмен салдық деуі, сөз жоқ, сөзінің арасына үстемелі гипербола қосып, асыра сілтемесе көңілі көншімейтін Кеңестің әдеттегі сайқымазағының бірі екені анық. Бөжкең тік ішегін өзі жуып-шайып, ішінен бандаж

киіп жүретінін жастар жағы білмесе де, үлкендер ара-тұра айтып жүретін.

Кенеспен бірге жылқы баққан Жақан дейтін ауылдас азамат болды. Бұл бір тікбақай, тұяғы тиген жерден бір нәрсені іліп кеткенді жақсы көріп тұратын, қулығына құрық бойламайтын жымысқы жан болғанымен, жанындағы жолдасына қиянат жасамайтын адал еді. Сол Жақан айтқан бір әңгіменің ұзын-ырғасы мынадай.

...Алатайдағы барақты баспана етіп, жылқы қыстатып жатқанбыз. Кенжәлі мен Сымбат кезегі келіп ауылға он күндік демалысқа кетіп, жылқы табынына мен, Кеңес, Божбан ақсақал және Нәкең төртеуіміз ие болып қалған болатынбыз. Қыс онша аязды болмай, қар да қалың түспей, мал бағуда айтарлықтай қиындыққа тап болған жоқпыз: табынды күндіз сырттан шолып, тебіндігін ауыстырып отырамыз да, тек түнде ғана кезектесіп күзетіп шығамыз. Соңғы кездері ғана ит-құс мазалай бастап, тынышты алып тұрған. Бір-бірінен айнымай өтіп жатқан сұрқай күндердің бірінде есте қалардай қызық бір оқиға болды. Осы зәнталақ Кеңес Бөккен қариямен жезде деп қатты қалжыңдасатын, тіпті, кейде шектен шығып кетер еді. Қайсыбір күндері Кеңес сағат тілін кері шегеріп қойып, байғұс шалды кезекке уақытынан ерте жіберетін. Бұған кейістік білдірсек, бізге: «Таза ауада жарты сағаттай артық жүрсе, ол шалдың түгі кетпейді, қайта бұл оның денсаулығына жақсы. Қара да тұрындар, бұл шал бәріміздің басымызды жұтып барып қана о дүниеге аттанбаса, әкел қолдарыңды, бұған мұрнымды кесіп берейін. Балдызының әзіліне шыдамаса, оның ойынды көңіліне дық алмас жезделігі қайсы? Біраз әурелейін, аңқау шалдан кейінірек кешірім сұраймын ғой», — деп, мәселені ойнай шешетін. Оның өз айтқанынан өлсе де қайтпайтынын жақсы білгендіктен, біз оның уәжіне амалсыз көнетінбіз. Сол күні де Кеңес шалды кезекке әдеттегідей уақытынан жарты сағаттай бұрын жіберген. Неге екені белгісіз, біраздан кейін оның соңынан іле-шала өзі де кеткен. Оның бұл әрекетін неге жорырға білмей біз қалғанбыз. Артынан білсек, оқиға былай өрбіпті. Жұптас кезектесін ауыстырған Бөккен қалың тұлыппен ат үстінде қимылсыз отыра беруден жалығып, жақын маңдағы самырсынның бұтақтарын сындырып әкеліп қар

үстіне жая төсеп, өзі соның үстіне қыңырайып жатады білем. Ит-құстан хабар болмағасын, біраз уақыт көз шырымын алмақ болса керек. Шалдың қорылы естілісімен аяғын еппен басып оған жақындап келген Кеңес әлгі самырсын бұтақтарынан жасалған төсенішті келесі бағытқа қарай бұрып қойыпты. Бір мезетте көзін ашқан Бөжкен басының шығыстан қалайша батысқа қарап қалғанына аң-таң қалып, едәуір уақыт мәңгіріп отырыпты. Ішінен өзі білетін дұғаларды күбірлеп оқыған ол жан-жағына секемдене қарап, сәлден кейін қайта қалғып кетсе керек. Саппас Кеңес әлгі әрекетін тағы да қайталап, келесі оянғанда шалдың бойын шынымен де кәдімгідей үрей билеп, дұғаны енді сыбырламай дауыстап оқуға көшіпті. Қалың ағаш арасынан сылаң етіп шыға келген Кеңестің сұлбасы көзіне жын-шайтан болып көрінген болуы керек, ақсақал: «Сұбыхан Алла, рахман рақым. Бәле-жала ібілісті бұл маңайдан аластап, шайтанның әзәзіл әрекетінен сақтай көр. Кет, пәлекет, кет!— деп, әлек-шәлегі шыққан көрінеді. Тақап келгенде ғана Кеңесті әзер танып, шалдың тілі сонда ғана кәлимаға келсе керек. Кәззап Кеңестің Бөжкенді өстіп бір қатты қорқытқаны бар»,— деп бір тоқтаған Жақан әңгімесін әрі қарай жалғап:

— Бұл оқиғаның әрі қарай жалғасы бар. Ақсақал Кеңестің арам қулығын іштей сезіп жүрген екен. Содан кезегі келіп ауылға демалысқа түскенде бірден Зырян қаласына тартып, сонда тұратын үлкен ұлының үйінде қона-түстене жатып, оған қақпағы ашылған кезде әуен ойнап тұратын қалта сағат сатқызып алыпты. Оның сағат сатып алғанынан бей-хабар Кеңес әдеттегідей сағатына қарап, Бөжкенді асықтыра бастағанда, ол:

— Айн-момент, бала. Уақыттың қанша болғанын біз қазір байқап көреміз, — деп, төс қалтасынан жалт-жұлт еткен сағатты суырып алды. Сосын оның бетіне біраз уақыт үніліп тұрып:

— Хүкімет олай демей тұр ғой. Кезекке әлі тура жарты сағат уақыт бар екен. Енді біраз мызғып алса да болады екен,— деп, жастыққа қисая кеткенде, өтірігі ашылып қалған Кеңес:

— Бағана сыртта тайып жығылып едім, мына құрғыр сонда бұзылып қалған-ау, тегі. Уақыт қанша екен, ақсақал, айтып жіберіңіз, мынаны түзеп қояйын,— деп, өп-өтірік мүләймси қалды. Айтпақшы, дәл осы оқиғадан кейін Кеңес шалдың

сағатының көзін құртудың амалдарына кіріскен. Бірде Кеңес кезектегі Бөжкеннің соңынан әдейілеп барып, оның сырт жағынан келіп қатты жөткірініп қалғанда, оқыс дауыстан қолы ербен ете қалған оның сағаты әудем жерге ұшып түсіпті. «О, әкеннің аузын, ата сақалың аузыңа шыққанша қылжақты бір қоймайды екенсің сен атаңа нәлет. Мына қалың қарда ал тауып көр енді сағатты»,— деп, қатты ашуланыпты. Шалмен бірге сағатты іздеуге кіріскен Кеңес оны ә дегенде-ақ тауып алғанмен, онысын шалға сездірмей, іздеуді әрі қарай жалғастыра беріпті. Бұдан түк шықпасын білген Бөжкен жылдарман күйде тұрса, Кеңес оған:

— Бөжке, сағатты мына қара самырсынның басына шығып, менің бинокліммен кара. Қазір айлы түн ғой, бинокль жылтырап жатқан затты тез тауып береді,— деп, аңқау шалды ағаштың басына шығарып, ол әлгі ағаш басында бір жарым сағат бойы отырыпты. Кеңесті жеті атасынан бері сыбаған қарт ақыры ештеңе өндіре алмай, қосқа қайтыпты. Кеңес сағаттың табылғанын Бөжкенге тек бір аптадан кейін ғана айтқан-ды. Бұған балаша қуанған ақкөңіл ақсақал кейінірек ауылға кезекті демалысқа түскенде, сол үшін Кеңесті қатты сыйлап, тентек суға бір тойдырған болатын. Бұл Кеңес пе, оңбайды-ау, оңбайды. Сірә, мұның жүрген жеріне шөп шықпас,— деп, басын шайқап көп отырған.

Тағы бір ауылдастың Кеңес жайлы айтқан хикаясы төмендегідей.

... Кеңестің кезекті демалысқа ауылға түскен кезі болатын. Қыстыгүні ауыл азаматтары шолақ тондарын киіп, ауыл ортасындағы дүкен жанында топ-топ болып үйіріліп тұрып алып, ары-бері өткен автобустарды шығарып салуды ермек ететін. Сондай көп жігіт-желен бас қосқан кездерде дүкеннен қарызға деп жаздыртып алып, тентек сумен тамақтарын жібітетін сәттер де жиі бой көрсететі. Өрелден аудан орталығына бара жатқан бір-екі ауылдасты шығарып салып, олардың жолдарын жууға деп тастап кеткен ақшасына екі-үш шөлмек алып, қай жерге барып ішуді ойластырып тұрғанымызда, жанымызға құла жорғасын тайпалтып осы Кеңес келе қалды. Амансаулықтан соң оны да қатарға қосып алып, дүкен жанында тұратын, құлағы тосаң еститін Күлән атты кейуананың үйіне

бардык. Жігіттердің біреуі күндегі үйреншікті әдетке басып, кемпірге ештеңе деместен, құдды өзінің үйіне келгендей, бәрін өзі билеп-төстеп, үстел басына сылдыратып бірнеше стакан алып келді. Қауқылдасып отырып әлгі шөлмектерді босаттық та, енді бір-екі бөтелкені қалай алсақ деген мәселені ортаға салдық. Ол кездері ауылдағы жалақысы әжептәуір саналатындар қойшылар мен жылқышылар қауымы болатын. Соны алға тартып, енді Кеңесті жан алқымға алдық. Ол біраз уақыт көнбей отырып, ақыры келісімін берді. Бізге «шүрк етпендер» дегендей көзін қысып, сыртқа шығып кетіндер деген белгі берді. Өре түрегеліп, бәріміз сыртқа беттедік. Біраздан кейін іштен жайраң қағып Кеңес шығып, бізге бас бармағын шошайтып көрсетті де, дүкенге қарай бет алды. Үш шөлмекті қаусыра құшақтап шыққан Кеңесті кеу-кеулей мақтап, әлгі үйге қайта кірдік. Оны да түгескеннен кейін, кім алғаны есімде жоқ, тағы да біраз бөтелкенің түбіне су құйдық. Масайып қалған Кеңестің тілі күрмеліп, онсыз да қысық көзі одан әрмен сығырайып, ақыры кірпігі айкасып кеткен соң оны атқа көтеріп мінгізіп, артына мінгесіп алып, оны үйіне апарып салдым. Апарғаным бар болсын, оның әйелі Пәнімгүлден жер-әлемге сыйғысыз көп ұрыс естіп, ендігәрі Кеңесті үйіне апармасқа өзіме-өзім серт беріп қайтқам.

Ертеңінде тағы да әлгі дүкен алдында тұрғанмын. Салаң етіп Кеңес жетіп келді. Жүзі солғын: ылғи да күлімдеп тұратын көзінде қуақы күлкі нышаны байқалмайды. Одан: «Ұнжырған түсіп кетіпті ғой, Пәнімгүл перін сайтаныңды қағып, сыбағанды берген-ау, сыңайы. Әлде, басың сынып тұр ма?»— деп, жөн сұрадым.

— Ойбай, сұрама, маскара болдым,— деген ол өзінің басынан өткен хикаяны баяндауға кірісті. Сөйтсем, кеше ол әлгі көрші кемпірден ақшаны оған радио беремін деп алған екен ғой. Соны айтқан Кеңес: «Түнде көп сериялы түс көріп, тым жайсыз ұйықтап шықтым. Таңертеңгі шайға зауқым соқпай отырғанда, сырттан бір қора суықты өзімен бірге ертіп, үйге әлгі Күлән кейуананың кіріп келмесі бар ма. Кеше берген уәдем тарс есімнен шығып кеткен менің жүрегім зырк ете қалды. Сонау ауыл басында тұратын біздің үйге құлқын сәріде саңырау кемпір жетіп келер деп кім ойлаған? Тіл-аузым байланғандай,

кипақтап әзер отырмын. Пәнімгүл мен біздің үйге қонып шыққан ата-енем да кемпірдің бұл келісін неге жоруды білмей, аң-таң сияқты. Кемпір болса үстелдің шетіне жайғасып отырып алып, шайды сораптап ішуге кірісті. Шыны-аяқ әрі-бері үш-төрт рет қатынағаннан кейін әйелім аузын кемпірдің құлағына тақап: «Апа десе, ит арқасы қияннан осыншама жерге не шаруамен келдіңіз? Бұл жаққа көп аяқ баса бермеуші едіңіз, бірдене болып қалды ма?»— деп айқайлап жатыр. Саңырау кемпір: «Ә, жай бір ұсақ-түйек шаруа да. Кеше мына Кеңес үйде үш радио тұр, біреуін келіп алып кетіңіз деп еді, соған келген бетім ғой. Ол маған емес, ана үйдегі немереме керек, жаналық біткеннің бәрін сол құр жібермейтін. Бар бұйымтай сол ғана»,— деп, жөнін айтты. Пәнімгүл сұраулы кескінмен маған қарап, сосын кемпірге: «Апа-ау, мұның жүрген жеріне шөп шығушы ма еді? Оны өзіңіз де жақсы білесіз ғой. Мұның айтқанына қалай елп етіп сеніп қалдыңыз? Зәнталақ өтірік айтады: бұл үйде үшті қойып, жалғыз радио жоқ»,— деді күйіп-пісіп. Енді маған кемпір сұраулы кейіппен қарап, жауап күтті. Тығырықтан шығудың жалғыз жолы бәрін қалжыңға бұру екенін түйсіндім де, «Апа, радио бар. Міне, мынау қатты сөйлейді, бірақ дауысы басылмайды. Ал, мынау сыбырлап сөйлейді, дауысы шықпайды. Ал, жөні түзуі мына үшіншісі: қатты қойсаң да, ақырындатсаң да сайрап тұр»,— деп, құлағы естімейтін қайын атам мен дауысы шықпайтын енемді, мені атарға оғы болмай көзімен ішіп-жеп отырған әйелімді көрсеттім. Өзінің алданып қалғанын енді ғана пайымдаған әжей жатып кеп тулаудың орнына кеңкілдей күліп: «Алжыған деген осы шығар. Қолда өскен, бар қылығы өзіме таныс қылжақпас Кеңестің сөзіне сеніп қалып жүрген өзіме де обал жоқ. Мені ататын Құдайдың оғы болсашы, тәйірі. Қартайып, кез келген нәрсеге құлай сенетін бейкүнә балаға айнала бастағанымыз осы да. Көксоққан, қайда жүрсең де аман жүрші, әйтеуір. Қой, көп отырып қалдым білем, енді мен аяндайын»,— деп, орнынан үш ұмтылып барып әзер тұрып, сыртқа беттеді. Кемпір кеткеннен кейін белгілі ғой, үйдегілердің бюросына түстім. Басымның әңкі-тәңкісі шығып, трибуналдан жаңа ғана шыққан бетім. Шынымды айтсам, кәрі сүйегін сүйретіп түү сонау ауыл басына келген кейуана кемпірден қатты ұялдым. Он сомды қойшы, ертең-ак

кайтартын қарыз ақша ғой. Бәрінен де қарияны әуре-сарсаңға салғанымды айтсаңшы»,— деп, әңгімесін аяқтаған. Оның бұл хикаясы ел арасына тез тарап, күлкілі анекдотқа айналып кетсе, Кеңес әлгі қарызын екі есе қылып қайтарғанына өзім куәгермін,— деген ауылдас жігіт сөзін ұзақ күлкімен аяқтап.

Тағы бір азаматтың хикаясы мынадай:

— Кеңес бастаған үш-төрт жігіт жаздығүні Қарасаз деген жайлауда жылқы бағып жатқанбыз. Бойдақ жылқыны біз, сауын биелерді басқа жылқышылар бағатын. Бірде үш-төрт жігіт қоржындарымызды араққа толтырып алып, сонау бір кездері австрия-венгриялық әскери тұтқындар жалама жартасты тау беткейін қашап отырып салған Ирек атты жолға апаратын Алқым аузы деген жерге келгенде, аттардың белін суытып, біраз уақыт демалуға аялдағанбыз. Ауылдан ала шыққан қойдың төс етін қақтап жеп, қоржындағы ащы суға мелдектеп қанып, жұптасып карта ойнап, өзімізше көңіл көтергенбіз. Бірақ, мамыражай тыныштықты арамыздағы қызу қанды екі жас жігіт пен Кеңестің арасында болған кикілжіні бұзған болатын. Басты тәжікелесуші Кеңес пен әлгі екі жігіт-тін. Негізі, дау-жанжалды ең алдымен сақал-мұрты енді ғана тебіндеп шығып келе жатқан Әскен деген жас жігіт шығарған болатын. Өзінің ойын қайтсе де дәлелдемек болған ол қызды-қыздымен пышаққа жармасқанда, басқаларымыз олардың арасына түскенбіз. Бірақ, бата тимей, қате тиген пышақ Кеңестің өкпесіне зақым келтірген. Жайлау айдалада қалып, ауылға қайтып оралып, Кеңесті жедел жәрдем көлігімен аудан орталығындағы ауруханаға жеткізуге тура келген. Ондағылар оған дереу операция жасап, Кеңес әупірімдеп бір өлімнен қалған-ды. Осы оқиғадан кейін ауыл арасында: «Кеңес тентек суды аузына алғанды былай қойып, ерніне жақпайды екен»,— деген сөз тараған. Ойыннан от шығып, жанжал кезінде жарақат алған Кеңес: «Пышаққа тайып жығылып, оқыста өзім түсіп қалдым, жас жігіттің бұған қатысы жоқ»,— деп, Әскенді жауапқа тартылып, сотталудан аман алып қалған болатын. Сөйтіп, ауруханада бірер ай жатып, үйіне оралған Кеңес жұмысына кіріскен-ді. Ол кездері ауылдасымыз Жүністің үлкен ұлы Ақан Алматыдан жоғары оқу орнын бітіріп келіп, бөлімшеде зоотехник болып істеп жүрген. Ауылдастары арасында ол білікті

жас маман ретінде бағаланғанмен, ақшаға келгенде тарылып, алақаны ашылмай қалатын сараңдығымен ерекшеленетін жігіт-тін. Кеңес бір күні құла жорғасын тайпалтып, Ақанның үйіне келеді білем. Үй алдындағы биік басқышта отырған Ақан Кеңеске сәлем беріп, оның хал-жайын сұрайды. Кеңес оған жиен де, Ақан оған нағашы болып келетін. Нағашылы-жиен болып қалжыңдасу ауылдағылардың қанына сіңген ежелгі әдет емес пе, соған сүйенген Ақан ана-мынаны сұрап, біраз уақытты өткізген соң: «Сені арақ баласын татып алмайтын болыпты деп жүр ғой. Елдің бұл сөзі шындыққа қаншалықты жанасымды, әлде жай өсек-аяң ба? Аузың берік болмаса, бірер жүз грамм ашы судан ұрттауға қалайсың?»— деп, оған сынап қарапты. Бұл жерде Ақан Кеңеске іші елжіреп кеткендіктен емес, елдің сөзі шын болар деген оймен оған өзінше «мырзалық» көрсетіп, жағынып қалмақ болған ғой. Қарау жиенінің ішкі ойын тап басқан Кеңес дәл осы кезде бүкшіе қалып, жеңіл дәрет сындырған астындағы құланың зәрін қолымен нұсқап: «Мынаны көрдің бе? Осыдан басқаның бәрін ішемін»,— деп, қыт-қыттай күліпті. Өз аузынан тапқан Ақан не істесін, амалсыз нағашысын үйге түсіріп, сыйлап жіберсе керек. Кеңес осылайша Қарабайдай қытымыр, қолы ашылмайтын сараң жиенін сөзінен ұстап, біраз шығындатып тастапты. Бұлай етпесе ол Кеңес бола ма?— деп, оның тағы бір қырын ашып көрсеткен еді. Айта берсе, Кеңесте мұндай хикаяттар жетерлік. Соның бірін ауылдас Сәкен деген жігіт баяндаған күлкілі оқиға.

...Онда біздің жастау кезіміз болатын. Тарбағатайдағы Машинский деген жерде жылқы қыстатып жатқанбыз. Оны бағатындар төртеу едік: мен, Кеңес, Әпөк және Мүшкен. Әпөкпен мен, Мүшкенмен Кеңес жұп болатын. Ауылға демалысқа кезектесіп барып тұратынбыз. Осы жолы Әпөк екеуіміздің демалысқа түсетін кезегіміз келген. Кеңес маған үйіне соғып, Пәнімгүлге біраз темекі мен біраз оқ-дәрі беріп жіберсін деп тапсырған. Он күндік демалысымыз бітіп, қайтып келген соң, мен Кеңеске әйелінің беріп жіберген заттарын табыс еттім. Осы кезде Мүшкен: «Әй, Сәкен, саған менің әйелім Қанила ештеңе беріп жіберген жоқ па? Сендер кете салысымен оған телефон соққан едім ғой»— демесі бар ма. Ойымда түк жоқ: «Қанила ештеңе берген жоқ. Берсе, ауырлық етер

дейсің бе, әкеліп берер едік қой»,— дедім. Тек біраздан кейін ғана мұнда телефон жоқ екені ойыма түсіп: «Айтпақшы, телефонды қайдан шалып жүрсің? Әлде анау ит өлген жердегі Алатайға барып, сол жерден соқтың ба?»— жеп сұрадым. Осы сұрақты қоюым мұң екен, Кеңес екі санын шапалақтай күліп, жерде бүктетілді де қалды. Мұның астарында бір қулық бар екенін бағамдап, Кеңесті сөзге тарттым. Мүшкен қара танымайтын сауатсыз, не айтса соған сеніп қалатын аңқау жан болатын. Сөйтсек, біз жолға шығып кеткеннен кейін Кеңес қос маңында тұрған дінгекке барып, оны аяғымен теуіп-теуіп жіберіп: «Пәнімгүл, Әпәктер ауылға демалысқа түсіп бара жатыр. Солардан маған темекі мен оқ-дәрі беріп жібер., жарай ма?»— деп, кәдімгі телефонмен сөйлесіп тұрған адам кейпін байқатыпты. Осыны көрген Мүшкен де дінгекке барып, оны аяғымен теуіп жіберіп, әйеліне «телефон» соққан екен ғой. Аңқау байғұс сым тартылып тұрғанымен, телефон шалатындай аппараттың жоқтығын бағамдамаса керек. Қаниланы сыпыра боктап жүрген Мүшкенге қарап, енді біз күлкіден булықтық. Бұл пәруәрдігер Кеңестің істемейтіні болсашы,— деп, сөзін күлкімен аяқтаған. Қолынан қара жұмыс арылмай, өмір бойы кеңшардың жұмысына жегілген Мүшкен осыдан едәуір уақыт бұрын дүние салды. Ауыл жігіттерінің тағы бір әңгімесін шертсем деймін. Сол жігіт айтады:

...Ол жылы біздің өңірге қылышын сүйреткен қытымыр қыс жылдағыдан ертерек келіп, ызғарлы қыс кезінде жайлаудағы Шұбартөс деген жерде кеңшардың жылқы табынын бағып жатқан біздің шырқымызды әбден алып болған ит-құстан мойнымыз босады-ау деген кезде, наурыз бітіп, сәуірдің қара суық кездері басталған. Бұл қызыл шұнақ қыстан әзер шыққан малдың аузы көкке енді-енді тиген кез-тін. Бірер күннен бері аспанды қара бұлт торлап, мұның арты ақыры қар аралас жауынға ұласқан. Артынан қарасуық түсіп, қыстан етін үзіп шыққан мал мұз болып қатып қалған қатқақ жерден тебін тебе алмай, буаз биелердің алды іш тастай бастаған. Жыл басында бөлімше басшыларының қолпаштауымен мойнымызға қомақты міндеттеме алып, аудандық газет арқылы барлық малшыларды жоғары көрсеткішке қол жеткізуге шақырған біздің

үндеуіміз шын мәннiнде қағаз бетiнде қалған сөз болып қала жаздағаны бар. Десе де, бiз әр биеден алынатын құлын санын жылдағы мөлшерден көп төмен болса да, мiндеттемедегi санды бәрiбiр бергенбiз. Онда да бұған оңқай асықтай лыпып тұрған Кеңестiң ақылымен қол жеткiзген болатынбыз. Жастығына қарамай бұл жiгiттiң қулығына құрық бойламайтын, әрi көлденең көк аттыға есесiн жiбермейтiн қу жақ, сөзге шешендiгi де жоқ емес-тiн. Мiне, сол тiлiнiң тiкенегi бар Кеңестiң аузынан шыққан дуалы сөзге өзге жылқышылар «жә» десiп, бiрауыздан қол қойысқанбыз. Жазғытұрымғы сылбыранда қар аралас жауған толассыз жауыннан жердiң миы шығып, қулық биелер iш тастай бастағанда, бiздiң мұрнымызға су жетпей, мiндеттеме түгiлi бас қайғының күйiн кешiп кеткенiмiз рас-ты. Десе де, ауа райының шырайы түзелiп, етек-жеңiмiздi жинай бергенде бөлiмшедегiлер: «Ау, берген уәделерiң қайда?»— деуге басқан. Мiне, дәл сол кезде бiздiң барлығымыздың атынан Кеңес: «Уәдемiз-уәде, айтқан серттен шығамыз!»— деп, сөздi келтесiнен бiр-ақ қайырған. Не айтса да ойын сараптап, алды-артын бағамдап барып қана айтатын, пайдасыз жаққа аттап аяқ баспайтын сығырдың сөзiне аңыра қарағанымызбен, бәрiмiз оның уәжiн мақұлдағанбыз. Кеңес бiзге өз пiкiрiн ауыл сыртына шыққаннан кейiн ғана ашқан. Әуелi ол бiздiң баршамызға жылқыда жүрген малдарымыздың санын нақтылап анықтауды тапсырып, түпкi ойын осыдан кейiн барып қана ашқан.

Расында да, үлкен биелер болмаса да, әрқайсымыздың бiрдi-екiлi құнажын иә дөнежiндерiмiз сонау Алатайдағы шөпке қойған кеңшар малына қосұлы тұрғаны анық-ты. Кеңес соны еске салып: «Бәрiмiз сол малдарымыздың төлiн жалпы есепке қосып жiберсек, сонау күзде қосымша ақы алған кезде бұл құлындар өзiмiз алатын сыйақы ретiнде қайта қолымызға тиедi. Бұдан басқа жазғытұрымғы санаққа кiрмей қалатын, кенже туатын мал басы да бар ғой, бiрдi-екiлi шығынның орнын солар басар. Күзге дейiн кiм бар, кiм жоқ. Оның үстiне жаз айларында бiзге көмекке келетiн ғайып-перен қырық шiлтенiмiз — маймақ аяқты аю «досымыз» бар емес пе. Сол кезге дейiн өлiп-жiткен малды соның еншiсiне жаздырармыз. Дәулетжан

зоотехник қолда өскен бала емес пе, айтқаннан шығып кетпес. Мұндайда өлімтікті аю жегендігін растайтын анықтама қағазға қол қойғызу үшін депутаттарды іздеу машақаты туындайтыны рас, әрине. Оларды іздеп табу шпион ұстағаннан қиын жұмыс екені тағы бар. Бірақ, өздерің білетіндей, үкімет адамдары әлі күнге дейін мәселемізді қайтарып көрген жоқ, қайтармайды да деп сенейік. Неге? Бар гәп сонда. Өйткені, біз бағатын табында олардың да малдары бар. Жыл соңына қарай сыйлыққа елулеп, жүздеп қозы алып жататын қойшылар да осы әдіспен қоңын көтеріп, поштадағы жеке есепшоттарына сары жамбастатып ақша салып жатыр емес пе. Біздің олардан неміз кем? Айды аспанға шығарамыз десек, бастықтарға берген уәдені орындаудың бірден-бір тиімді де төте жолы осы. Ал, қайсың не дейсің, ағайын?»— деп, бар салмақты өзімізге аударған. Уәжді сөзге не дерсің, оның айтқанына үнсіз келісуге тура келген. Бәрі Кеңес жоспарлағандай іске асып жатқан кезде ойламаған жерден бір қулық биені қасқырға алғызып алдық. Бәрі Қайсаның кеселінен болды. Дәл сол күні дүниеге келген он бірінші ұрпағының бесік тойына барып келген ол қоржынын той саркытына толтырып әкеліпті. Тегін дүниеге кім қызықпасын, жылы-жұмсаққа әбден тойып, ақаңнан да едәуір тартып жіберген біз уақыт мөлшерін пайымдаудан қалып, бір сәтке түнгі жылқының күзеті барын естен шығарып алғанбыз. Әлгі жолына жуа шыққар ит-құс та сол сәтті күтіп тұрғандай, иесіз малдың ішінен бір қулықты жарып тастап, бұл сұмдықты біз тек ертеңінде ғана көргенбіз. Түнде қыламықтап жауған қар басып қалған жемтікке қарап тұрған Кеңес: «Болар іс болып, бояуы сінген соң оған қылар қайран жоқ. Шығасыға иесі басшы дегендей, қолын жең ұшынан жалғастырар «досымыз» да әзірге қалың ұйқы құшағында. Енді қолмен істеген істі мойынмен көтеруден басқа амал қайсы?»— деп, біздің көңілімізді одан әрмен құлазытқан. Шындығында, бүкіл ел Петр патшадан бері келе жатқан жана жылдық мейрамды шат-шадыман қуанышпен қарсы алса, жылқышы қауымының пешенесіне ондай бақыт бұйырмаған. Бұлар оны табиғаттың дүлей күшімен қоян-қолтық алпарысып жүріп ауылдан шалғай жайлау төрінде қарсы алады. Тіпті жылқышылар жаңа жылдың келгенін осы қосымша ақы алар кезде ғана естеріне

түсіретіні де жасырын емес. Себебі, әрбір қосымша ақы төлеу осы жана жылдың қарсаңында, тарих қойнауына кетіп бара жатқан ескі жылдың соңында берілетін. Оған дейін әлі қанша уақыт бар? Малдың басын азайтып алса, одан дәметудің өзі бос үміт екенін де білеміз ғой. Сондықтан, мына қырсықтан қалай құтылудың жолын бір білсе Кеңес қана білетінін іштей түйсінгендіктен, енді соның тілеуін тілеуге кірістік. Кеңес бұған дейін жаз айлары бітіп, сары күз басталғанда малға қырғидай тиетін аюларды куәлікке тартып, бізді мұндай қиындықтан бірнеше рет құтқарған. Сондағы оның ойлап тапқаны мерт болған малды аю жегеніне депутаттардың көзін жеткізу үшін әлгі жемтіктің маңайына аюдың іздері мен оның қиын жинау болған-ды. Аюдың ізін тереңірек түсіру үшін Кеңес өзі қатты қалжыңдасатын Бөккен ақсақалдың үстіне мініп алып, оның қолына өткен жылы атып алғанда сыпырып алған аюдың тырнақты табанын кигізіп, арлы-берлі жүргізетін. Өзі жалықпай жүріп қарақат аралас аюдың қиын тауып әкеліп, оны жемтіктің жан-жағына шашып тастайтын. Бұл жолы ондай қулықты іске асырудың қисыны келмей тұр, өйткені, қазір жаз иә күз емес, көктем толық билік құрмаған жазғытұрымғы кез. Кеңес ақыры мұның да жолын тапты. Қасқырға жем болған қулықтың орнына өзінің Алатайда бағуда тұрған бір тайын салып жіберіп, мәселені ың-шыңсыз шешті. Әлбетте, біз оның мұны «мырзалықпен» емес, үлкен есеппен істегенін іштей сездік, бірақ, өзіне тура айтпадық. Шындығында мал басы күзге дейін аман болып, кеш туған биелерден алынған құлындар қысыр қалған биелерден алынбаған төлдердің иә өлім-жітімге ұшырағандарының орнын басса, жаңа жыл қарсаңында алатын қосымша ақы кезінде бәрі айналып қайта қолына тиетінін жақсы білетін Кеңес бұл жолы шығынның орнын өзі жапты. Бұл біздің бәрімізге берілген белгі екені даусыз. Келесі жолғыны біздің біреуіміз жабуға тура келеді. Қосымша ақы алу үшін қандай қулыққа болсын барасың ғой. Ал, Кеңес соның нағыз майталман стратегі еді,— деген-ді.

Ол да бір жайсаң кездер екен ғой. Сынап уақыт зырлап өтіп жатыр. Мен қалаға көшкенде Кеңес жылқыда еді, содан зейнетке шықты деп естігенмін. Бертініректе Кеңестің де мәңгілік тұрағы — бақилыққа сапар шеккенін естідім. Ауыл-

ды әзіл-қалжыңымен думанға бөлеп жүретін, кез келген ауыл адамдары сыйластықпен қарсы алатын қуақы, еті тірі, ауыл-үйдің ажарын ашып, ұйыған береке-бірлігін тасытып келген Кенестей ел азаматтары аз емес. Ендеше, оның рухына арнап дұға оқып, бет сипамасқа амал бар ма?

СОҢҒЫ ҚАМШЫҒЕР

Сырттан кірген кезде үй ішінің сілтідей тұнған тыныштығынан күдіктенген Бимырзаның мазасыздана соққан жүрегі түпкі бөлмеден тық-тық жөтелдің әлсіз дыбысы шыққанда ғана сәл байырқалады. Шілденің ми қайнатар ыстығы жер-көкті аптап жалынымен күйдіріп, ауа тымырсық әрі еңсені басар қапырық болса да, қария үстінен шидем шапанын тастамаған болатын. Осыдан біраз уақыт бұрын өзінің тұрғыласы, жастық шағының даңғаза қызығын бірге өткізіп, бір-бірімен тонның ішкі бауындай біте қайнасып кеткен, осынау ұзақ ғұмырларында жұп жазыспай келген көз қимас досының халі ауырлап кетіпті деген хабарды естісімен көрші ауылға арлы-берлі ағылып жатқан көліктердің бірімен келіп қалған еді. Өзінің кір жуып, кіндік кескен туған ауылынан ірге көтеріп, ауданның басқа бір ауылына жұмысқа орналасқан жалғыз ұлының қолына көшіп кеткеніне біршама жылдар болса да, бар өмірінің ыстық-суығы, қызығы мен шыжығы, қуанышы мен күйініші осы ауылда өткендіктен, бұл өңірге ат ізін суытып көрген емес, шамасы келгенше жиі келіп-кетіп тұрады. Осыдан жиырма шақты күн бұрын ғана келгенінде Оспан өзінің соңғы кезде ыңқыл-сыңқылы көбейіп, кеудесінде бір сырылдың пайда болғанын, әсіресе түн баласында тынысы тарылып, демігетін болғанын айтып шағымданған-ды, әйтсе де далаға өз аяғымен кіріп-шығатындай шамасы бар-тын. «Айналдырған дерт ақыры алмай қоймайды» дегендей, тағдыр ақыры мұны да ажал төсегіне сұлатып салып, ғұмырының соңғы сәтін құттіріп қойған сынайлы.

Қолқаны қапқан күлімсі бір иіс шыққан тар бөлмеге кіргенде, алғаш көзіне шалынғаны — күре тамырлары білеулене

көгеріп, булыға жөтеліп жатқан сырқат еді. Аз ғана күннің ішінде көзі шүңірейіп ішіне кіріп, екі жағы пышақ жанығандай суалып, жүзі ақ шөлмектей қуарып, аса бір ғаріп халге түсіп қалғаны байқалды. Бір кездері небір асауларды құлағынан басып жерге жығатын, атан жілік небір нар жігіттерді бұзау тісті дырау қамшымен бір салғанда ат үстінен тақиядай қағып түсіре беретін қамшыгер досының дәрменсіз мүшкіл халін көргенде, Бимырзаның көзінен еріксіз жас шығып кетті. Кемсендей келіп қолын ұстаған Бимырзаны күректтей алақанынан жазбай таныған Оспан оның қолын салалы, еті қашқан сіңірлі саусақтарымен қыса түсіп, едәуір уақыт бойы жүрек тұсына қойып ұстап жатты. Қыстыға жөтелгендіктен екі иінінен дем алып, кеудесі ұстаның көрігіндей бір басылып, бір көтеріліп жатыр. Хал-ахуал сұрамақ болып оқталған Бимырзаның ниетін біліп жатса керек, Оспан оған үндемей отыра тұр дегендей әлсіз ғана басын шайқады. Сүт пісірім уақыт өткенде ғана барып көзін ашқан кезде оны тағы да көкжөтел қысып, қатты булықтырып тастады. Өткен жоллы келгенде онша мән бермеген екен, сырқаттың беті тым қатайып кеткені байқалды: басы жай күркілмен басталған жөтелдің соңы қырылға ұласып, бара-бара наукастың дыбысы шықпай қалады екен. Қазір де шеке тамырлары адырайып, бет-жүзі қып-қызыл болып, бардым-кеттім күйдің үстінде, өлі мен тірінің арасында күй кешіп жатыр. Буындырып жатқан көкжөтел сәл толастаған бір сәтте Оспан иегімен төсек астын меңзеді. Бимырза оған төсек астынан балықтан босаған қаңылтыр қалбырды алып берді. Аузына толған жалқақ қақырықты сол қалбырға түкіріп, бетін қағазбен жапқан Оспан ыдысты орнына қой дегендей ишарат жасады. Өзінің мына дәрменсіз күйінен ыңғайсызданғандай: «Кескен теректей сұлап жатқан жайым осы. Құр сұлдерім жатыр демесең, қазір мен өлген жанмын. Әйтеуір сана ояу, сезім шатаспаған соң жалған дүниенің маған татқызар дәмі өлі таусылмағанын іштей сезінемін. Дәл қазір ештеңеге де өкінбеймін. Құдайға шүкір, асарымды асап, жасарымды жасадым, тағдырдың адам баласына беретін қуанышы мен қайғысын да, өмірдің жан жадыратар ләззатты күндері мен арқаны аяздай қарып, жүрек сыздатар күйініш сәттерін де басымнан өткердім. Жарық дүниеге шыр етіп келгеннен бергі шолак

ғұмыр да бір күндей болмай зыр етіп өте шықты, міне. Көрер қызығы әлі алдында деген жастардың қыршын кеткен балауса өмірлеріне қабырғаң сөгіле қиналады ғой, оның жанында менің жасымдағы адамның тағдырға өкпе артып, оған кірбің қабақ танытуы берісі — асылық, әрісі — болмашыға бұртиып, жоқ жерден қияңқы мінез көрсететін жас баланың шалдуырлығына сая ма дерсің. Базбір қиналғанда: «Жанымды қинауға салмай алып кетпеген Құдайдың да тамағы тоқ екен, атаңа нәлет!» — деп, астағипиралла, Жаратқанға да тіл тигізетін кездерім аз емес. Енді қайтейін, жүзге келсең де, шіркін, жан тәтті екен де, кімнің бір күнгі өмірін қиып қара жердің астына кіргісі келер дейсің? Бәріне шыдар-ақ едім, тек жалғыздыққа төзе алар емеспін. Жөргекке оралған жас бала да ұзақ жата беруден жалығып, аяқ-қолын тырбаңдатып, еркіндікке ұмтылмаушы ма еді. Менде тіпті сондай да қауқар қалмады. Өне бойымды өздігімнен билеп, аяқ-қолымды жинай алмай жатқан кезімде қасымнан аузыма су тамызатын адамның табылмай қалғаны-ақ шымбайыма батады. Несін жаңғыртып, жаңа қылып айта берейін, кезінде өзіңнің айтқан ақылыңа құлақ аспай жар етіп алған құрдасыңның түрі анау. Соңғы кездері ішуін бұрынғыдан да үдетіп, жанымда бірде болса, бірде болмай қалады. Есірік көңілдің өрекпуімен алды-артты болжамай аяқ асты үйлене салған едім, енді, міне, омыраудағы жас баладай әлдилеуді қажет ететін жазмыштың ауыр тауқыметіне тап болған шағымда күтімге алып, асты-үстіме қарар деген адамның істеп жүрген қарекеті анау. «Жаманға жасаған жақсылығың құмға сіңген сумен тен» демеуші ме еді халық, соның кері маған келіп отыр, бәрінің қисынын келтірген тағдырдың салуына лажың бар ма, сірә? Міне, Бәке, біздің жағдай осындай», — деп, көп сөйлегеннен шаршап қалған Оспан аз-кем көзін жұмып, демалатын ыңғай байқатты. Аракідік ұзақ-ұзақ жөтеліп алады. Бұғанасы шодырайып шығып кетіпті. Кушиған кеудесі көтеріліп-басылып, тамағынан сыр-сыр еткен жайсыз дыбыс шығады.

Бар жағдайды өз көзімен көріп отырған Бимырза әлі сол үндемеген қалпы отыр. Оспанның ымдауымен оның кеудесін жоғары көтеріп, басын биіктетіп, арқасына жастық қойды. Қартайған сайын адамның жылуы қайта

ма, науқастанғандықтан ба, Оспан әлсін-әлсін дірілдеген қолдарымен жан-жағын қарманып, көрпесін қымтана береді. Үнсіз отырудан жалықты ма, болмаса науқастың көңілін бөлейін деді ме, Бимырза өзінің отбасының, ауыл-аймақтың, туған-туысқандардың, көз көрген таныстардың хал-ахуалын айтуға көшті. Оспан мұның әңгімесін тыңдап жатпаған сыңайлы, тек өзі сыйлайтын досының көңілін пәс етпес үшін ғана тыңдаған сыңай танытып жатқаны байқалады. Шындығында Оспанның ойы сонау бір балауса жастық шақтың бұла күшке толы, сезім қытықтап, жүрек толқытар күндеріне оралып, қайта қайырылмас жастығымен сырласып, өткен өмірінің ең бір аяулы шақтарының беттерін парақтап кеткен еді.

...Елдің айтуына қарағанда, бұл туғанда шағын ғана дәулеті бар мұның әкесі байтақ Қаратай елін шақырып ұлы-жінгір той істемегенмен, айналасын разы қылар той-томалақ жасаған көрінеді. Әйтсе де мойнына таспақ салып жүріп Құдайдан сұрап алған жылбыстың адам боларына шүбә келтірсе керек. Оған себеп — мұның ай-күніне жетпей жеті айлық кезінде жарық дүниеге шала туылып келгені болғанға ұқсайды. Бертінге дейін өзін замандастары «Шалабай» деп қағытумен келген-ді. Әжесінің айтуынан білетіні — алты айына дейін кереге басына ілінген атасының тымағының ішін мекендеп, беті бері қарады-ау деген кезде ғана тал бесікке таңылғандығы болатын. Ес біліп, ат жалын тартып мінген кезінде көкейінде жатталып қалған көрініс — әкесінің түр-тұрпаты мен оның әманда жанынан тастамай алып жүретін мүйізден айшықтап жасалған насыбай шақшасы мен ішіне жіңішкелеп қорғасын салып өрілген он екі таспалы бұзау тіс дырау қамшысы еді. Ауылдастары айтатын, мұның әкесі Жұман бүкіл Қаратай еліне аты шыққан қамшыгер әрі тақымынан салымды шығармайтын айтулы көкпаршы болыпты. Ел аңыз қып айтатын мынадай бір оқиға мұның есінде қалыпты. Әкесінің жасырақ кезінде оның қолының қарамын сынап байқамақ болып, осы аймаққа аты шыққан Қисамбы байдың бұла болып өскен ерке тотай мұрагер ұлы Құлшан мырза әдейілеп келіп, Жұманның үйіне атының басын тірепті. Көкпарға жаңадан ғана түсіп жүрген жас жігіт бай мырзасымен байланысудан бойын аулақ салса да, жастайынан ойына келгенін істетіп үйренген, әлі күнге

ешкімнен, еш нәрседен тауаны шағылып көрмеген өркөкірек Құлшан өз дегенінен қайтпай, отырып алыпты. Бір жағынан Жұманның өз өнерін көрсетуден бас тартқанын: «Жайың белгілі болды, жігітім. Органқолды көптің бірі болдың ғой сен де бір», — деп, оны ішінен табалап, миығынан күліп отырғанды. Оған себеп — өз ортасында бұл да тәп-тәуір қамшыгер, әжептәуір ысылған көкпаршы болып саналатын. Әлде сонысы көңіліне тоқтық, сезіміне желік бітірді ме, кім білсін, бұйдадан мезі болған түйедей тартыншықтай берген Жұманның көңілін орнықтырмақ ниетпен ол бүкіл ауыл ақсақалдарын жинап алып, жазатайым ойыннан от шығып, арты жамандыққа ұласса, жас жігітке ешқандай айып тақпайтынын айтып сөз беріп, уәдесінің шын жүректен айтылғандығын растап нан тістеп, сертті қолдарынан қан шығарып бекіткен-ді.

Осылайша қызыққа жиналған жұрт қақ жарылып, ортаға Құлшан шығады. Өзінің еріксіз осы іске араласқанынан реніш білдірген Жұман екінші жақ шетте шириғып тұрса керек. Қолына сығымдай ұстаған дойыр қамшының ұшы түсі ызғарлы қара шұбар жыландай ирелеңдеп жерде жатады. Келісілген шарт бойынша, Құлшан қой терісінен жасалған желетке, оның үстінен шолақ тон киіп, ең сыртынан бүкіл ат үстін жапқан тұлып киіп, тағатсыздана күтіп тұрады. Ауыл ақсақалының белгісінен кейін мырза Жұманның алдынан көлденеңдеп өте береді. Аспанға ысқыра көтерілген дойыр қамшы көз ілеспес жылдамдықпен сілтегенде, ат үстінде қалың киіммен қорбыып отырған мырза жерге өкіре құлаған көрінеді. Осы оқиғадан кейін Құлшан екі ай төсек тартып жатып, қой терісіне оранып, сорпаланып әзер беті бері қарапты. Содан былай: «Біздікі қолпаштауға үйренген желөкпе, дандайсыған көкірек қана екен. Көкпар, қамшыгерлік біздің қол емес көрінеді. Шын өнер иесі — Жұман екен», — деп мойындап, бұрынғы әбес әдеттерінен сап тыйылыпты деседі...

Міне, бар өнері көкпар мен қамшыгерлік айналасында өткен әкесі өзі сүйген өнерден мерт болды. Ел сөзіне қарағанда, Қайшы қажының қызын ұзатқан тойда Жұман көкпар тартуға қатысыпты. Доданы бұзып-жарып өтіп, салымды көршісінің үйіне әкеліп түсіріпті. Әкесінің сол көкпардан келгендегі түрін ол кездері есі кіріп қалған Оспан әлі күнге

дейін есінде сақтап қалған. Бет-аузын қан жапқан әкесін ат үстінен түсіріп алған кезде, қолындағы басы кесілген, суға салып ісінген салым — серкені бір топ адам оның қолынан әзер ажыратып алысқан-ды. Саусақтары қарысып қалған екен. Екі күннен кейін әкесі есіне кірмеген күйі тіл-ауызсыз жатқан күйі дүние салған. Жұман сырт көзге тым сұсты көрінетін жан еді. Жалғыз мұрагері Оспанның өзін еркелетуге сараң-тын, әйтсе де бұл әкесін елден ерек жақсы көретін. Сөйткен әкеден балиғатқа толмаған, ойын баласы кезінде айырылып қалған Оспан жетімдіктің ащы зарын тартып өсті. Бертін келе шешесі қайтыс болды да, бұл тұлдыр жетім қалды. Ағайын қолында көз түрткі болып, ата-ана мейіріміне зәру болып өскендікі ме, бұл тым тұйық еді. Ауыл молдасынан шала-шарпы тіл сындіріп, кара таныды. Ауыр жұмыс, жаздың аптап ыстығы мен қыстың қыраулы, аязды суығы шынықтырды ма, әйтеуір жас кезінде түшкіріп көрмепті. Есейе келе аяқ-қолы балғадай, тепсе темір үзетін қарулы, мықты жігіт болып өсті. Ұмытпаса, мұның бала кезі болатын. Оспанның бүкіл Қаратай елін бір шыбықпен айдап, қойдай өргізіп, жусатып отырған Әбдікерім бидің алдына істі болып барғаны бар. Ол былай болған еді...

Ағайынның кірбің қабағын көрегеннен кейін жасына қарамай алпамсадай болып өскен Оспан иесінің қолынан сүйек-саяқ дәметкен иттей жамағаттарына көзін сүзіп, салмағын сала бепмей, ішіп-жемін өзі айырмақ болып Сапақ байға жалданып, соның жылқысын бағуға шыққан-ды. Қасындағы серіктері де Алтайдың қытымыр қысына шынығып өскен білекті жігіттер-тін. Төртпак, мығым денелі Сәт қажуды білмейтін, жүрген жері әзіл-қалжы, қуаныш-күлкі болса, бойы сырықтай, тарамыс денелі Зақан жауырыны жерге тимеген балуан болатын. Қосбасы — Сәттің нағашысы Қабден сөзге шешен, өз ісіне ұсынақты, көне тарихқа шежіре жан болатын. Ұзақ түнгі күзеттен шаршап-шалдығып келгенде өткен заман тарихынан сыр шертіп, қасындағы серіктерін разы қылатын. Әкесі жайлы біраз деректерді де осы Қабденнен естіп білген-ді.

Міне, осы серіктерімен күзеуде отырған Сапақ байдың жылқысын күзететін Оспан түн ортасы ауа Зақанды ауыстыруға келген. Әзірге ит-құстан аман болғандықтан, күзетке жұптаспай-ақ жалғыз-жалғыздан шығатын. Қабден

ауылда немере апайы қатты наукастанып жатыр деп, сонын көңілін сұрауға кеткен. Қар әлі түсе қоймағанмен, қара күздің суығы денені қарып жіберетін. Бұл күндегі әдетінше табынды екі рет айналып шығып, өкпек желге сыртын беріп, ықтай тұрып жайылған атының басын бос қойып, жайбарақат тұрған. Не бір заматта тоқпақ жалды торы айғыр арқырай кісінеп, мұның ойын бөліп жіберді. Мезгілсіз уақытта кісінеген айғыр дауысынан секемденген бұл тізгінді жинай бергені сол еді, сол жақ бүйірден төрт-бес салт атты біреулер сылаң етіп шыға келді. Дауыстар дыбыс бергенше екінші шеттен тағы да біреулер жылқыны қаумалай иіріп, қиқулап қуып берді. Манадан бері айыра алмай тұрғаны топтанған бөрі тобы емес, арам ниеттерін жүзеге асырмаққа бел буған кәнігі барымташылар екенін енді ғана бағамдаған Оспан ә дегенде не істерін білмей, сасқалақтап қалды. Келгендер талайды қан қақсатқан әккі қулар болса керек, бір тобы жылқыны қуып, қалғандары қуғын-сүргін бола қалса жолын тоспаққа кейіндеп қалып келеді. Қолындағы жалғыз қаруы әкесінен қалған дойыр қамшыны білей ұстап, астындағы мейіздей қатқан қаракерге бұл да қамшы басты. Алдын кес-кестеген торуылшыларды бір-бір тартып өте шыққан бұл артында не болып, не қойып жатқанынан бейхабар болатын. Тек соңғысының аттан өкіре құлағанын анық сезді. Жылқының қарасынан көз жазып қалмауға тырысып, қаракерді қысап-ақ келеді. Шұрқырай кісінесіп, түнгі тымық даланы дүбірге толтырып бара жатқан табын соңынан қалмай келеді. Табын соңындағылар жалғыз жылқышыны баяғыда-ақ жер жастандырды деп ойласа керек, өздеріне қалтқысыз сенген көңілмен асығып-үсікпей, сар желіспен кетіп барады. Еті қызған қаракер ауыздықпен алысып келеді. Әлде алғаш рет құлаш сермеп шалт кимылдағандікі ме, болмаса отбасына ие болып отырған қатындары мен шие тей жан шикі өкпе жас бала-шағаларына несібе тауып, жан сақтау үшін күндіз-түні бел шешпей, жарғақ құлақтары жастыққа тиюге мұршалары жоқ серіктерінің жылқы жауға алдырса байдан алар сыбағаларының аса қатыгез әрі қымбат боларын сезінді ме, әйтеуір, Оспан алды-артын ойлатпайтын албырт көңілмен өлермендене алға ұмтылып келеді. Ең соңындағыны салып өтті, ол тақымындағы қатқан қара

сойылын алып үлгере алмай ат жалын құшып жатып қалды. Соңынан кеп қосылған қарайғанның өз ниеттеріндегі жан емес екенін енді ағна байқағандай қос қанатта кетіп бара жатқандар бұған қарай төтелей салды. Басын шытпен шарт түйіп байлап алған алғашқысы жете бере сойылын сілтеп өтті. Бұл аттың оң қапталына аунап түспегенде, жігіттің қатты сілтеген сойылы мұның қаракұсын ойып, миын аузына түсірері хақ еді. Сойылдың басы ердің қасына, орта тұсы қара санға тиді. Ондырмай тиген соққыдан көзі қарауытып, ерден сыпырылып түсіп қала жаздады. Есін әзер жиған Оспанды ақи көз ашу мұндай қыспас. Өзіне емпендеп енді тақай берген жігітті сойыл сілтер жерге жібермей, қамшымен бастан ала тартып жіберді. Қара көбейтуге жүрген неме ме, топшысы қиылған құстай қиралаң етіп аттың бауырына түсті. Осы кезде ат басын кері бұрған алғашқы жігіт те жетіп, екеуі шындап сайысып кетті. Қарсыласы сырт көзге қораштау көрінгенмен, ат үсті сайысына төселген, талайды көрген жырынды сияқты. Сойыл сілтесінде де қапылық жоқ, тек тақымындағы аты ұшқалақтау, қызба мал секілді, оңтайы келген сәттері бұл етіп жалтарып кетіп, иесінің дегеніне көнбей жүр. Адам түглілі көнтерілі мал екеш малды қайқаң қақтырар дойыр қамшы жауырынына бірер мәрте тигенімен, жігіттің беріле қояр түрі байқалмайды. Тобықтан бірінен кейін бірі үстемелете келіп тиген соққылар Оспанды сәл есеңгеретіп жіберді. Көзінің алды бұлдырап, ер қасынан ұстап әрең қалды. Екеуі де бірін-бірі ат бауырына түсірмей жуық маңда ажырап кете алмастарын түсінгендей, қандарына қарайып алды. Қарсыласы өзін айдап сап отырған жуан қарынның айғақты істің беті ашылса, мұнан сырт беріп, ел табасына өзі қалатынын жақсы түсінгендіктен сайысқа барын салып кіріссе, Оспан алдынан алдырған малдан айырылып қалудан қарадай шошынып, намыс отына күюде. Қанша сілкілескендері есінде жоқ, әйтеуір бойы ауыр тартып, білегінен күш қайта бастағанда бас бермей жүрген атын шаужайлай жанаса берген жігітті сыртынан шытпен таңылған басын қарауылға алып тартып жібергенін анық біледі. Екінші соққы да ондырмай қатты тиген-ді. Әйтсе де жігіт жерге құлап түспей, ат мойнын құшақтаған күйі басы босаған аттың үстінде кеткен. Басты қарсыласын ат жалын құштырған Оспан жылқы

соңынан қайта салған. Қалған үш жігіт тегеурінді қолдын сілтеуімен денелеріне сарт-сұрт тиген қамшыдан бастарын арашалай жүріп, қаша ұрыс салып сытыла берген. Бұл жылқы Таң сібірлеп атып келе жатқанда шық түскен боз далада жосылған жылқы ізімен өзін іздеп шыққан серіктерімен кездесіп, бар жайды соларға айтқан-ды. Алғаш айқасқан жерде аттан өкіре құлаған жігіт қоста жатқан көрінеді. Оны аузы-мұрнынан қан кетіп, сұлық түсіп жатқан жерінен тауып алысыпты. Көлігі жоқ десті, сірә, қараңғыда мұның бар-жоғын байқап жатуға мұршалары келмей, серіктері «байтал түгіл бас қайғы» деп, тартып отырғанға ұқсайды. Мұның атының да солармен ілесіп кеткені анық.

Түске тарта ғана тілге келген жігіт түнгі жортуылдың мән-жайын баян еткен. Жігіттің айтуынан ұққандары — бұлар Қосағаш жақты емін-еркін жайлап жатқан самай байы Салықтың адамдары екен. Ал: «Сапақтың жылқысын барымталауға неге келдіңдер?»—деген сауалға жігіт мандытып жауап бере алмады. Бұларды бастап келген Жапаш балуан екен. Жаралы жігіт: «Бір білсе, сол біледі. Біз қосақ арасында жүрген барып кел, алып келдің адамымыз ғой. Бай бізге ақыл қосып, ойын ашып айтар дейсің бе?»— деп, имандай шынын айтты. Жонын тілген қамшыдан емес, шынында қатқак жерге оңбай жығылғанда иығын шығарып алған екен, әсіресе, сол жанына батқан жігіт қинала ыңыранып жатыр. Бұлар байғұстың бебеу қағып алас ұрғанына қарамай, үстінен басып отырып, қолын шалт қимылмен қатты сілкіп тартып қап, иығының буынын орнына салып берген. Көрер таңды көз ілмей атырған жігіт жаны енді ғана жай тауып, қалжасы жакқан жас келіншектей шып-шып терлеп, тұяқ серіппестен ұзақ ұйықтаған. Соңынан бұлар жігітті еліне апарып салған. Осы оқиғадан бір ай өткен шамада адамы мертігіп, әрі ойлаған ойын іске асыра алмай қалған Салыққа қарсы Сапақ Әбдікерім болысқа шағымданып, екі жақ билер алқасына жүгініске барған. Ел аузындағы сөзге қарағанда, құн даулап, оннан астам адамын сойылға жыққан тентектерді шығарып бер деп шабынған жолбарыстай жер сабалаған самай биі Ақылбайға Оспан жағын жақтаушы, жарылғас Мұса би жеңсік бермепті. Бар жігітті таяққа жыққан жап-жас бозбала дегенге Сапақ жағы тіпті ила-

на алмаса керек. Көмейі бүлкілдейтін шешен Мұса би қазақ даласын басып жатқан ескі әдет-ғұрып пен салт-сананың, рушылдық пен бақталастықтың, тартыс-шабыстың ел бірлігін бұзатындығын, шынтуайтқа келгенде, зәбір көрген Салық емес, Сапақ жағы екенін, ендеше құн даулауға бұлар ерікті екенін алға тартып, қарсыластарына жақ аштырмапты. Төрелік айтуға бас қосқан билер алқасы екі жақты да мұқият тындап, өз шешімдерін айтқаннан кейін, соңғы сөз Әбдікерімде қалған еді. Шен-шекпенге ұмтылып, сүйекке таласқан иттердей бір-бірімен дүрдараз, бар қам-қарекеттері қара бастарының күйкі тірлігінен аспайтын ел жуандарына қарағанда Әбдікерім би көзі ашық, даулы істерді шешуде әділдігімен аты шыққан жан болатын. Қазан төңкерісінен бұрынырақ, сонау 1907 жылы шығыстағы Алтай өңіріндегі Катонқарағай ауданының Шәңгіштай ауылында шаруа балаларына арналған мектеп салдырып, өзінің үш бірдей ұлын сонау Парижде оқытқан ол заман тынысының тамырын дәл басып білген дегдар жан-ды. Билердің қандай шешімге келгенін білмейді, тек қазылар алдына шақырады дегенде ғана Оспанның буындары дірілдеп, он екі қанатты киіз үйдің ішіне жүрексіне кіргені анық-ты. Үйге кіргенде сәлемін барлық игі жақсыларға арнаса да, бұл ең биік төрде денесін қаққан қазықтай тік ұстап, өңменнен өтер отты жанарымен адамға ішіп-жердей кірпік қақпай шаншыла қарап отырған еңселі, түсі суық адам — болыс Әбдікерімнің өзі болар деп топшылаған. Айтқанындай сұрақты қоюшы да, жауаптарды ден қойып тыңдаушы да сол болды. «Алды ауыр» дейтін Әбдікерім, міне, алдында отыр. Ат жақты, жазық кең мандайлы, сұйықтау сәнді шоқша сақалды, ұшы шолақтау біткен қыр мұрынды, ақсұр өңді болыс мұның кібіртіктей айтқан сөздерін кешірімді жүзбен бірде айызы қанғандай сәл күлімсіреп, бірде қабағын түйіп қатулана қалып тындап отыр. Оның көзін сығырайта қарасында: «Сенейін бе, сенбейін бе? Он шақты адамды жалғыз өзі ат бауырына түсірген мынау алдымда тұрған бозбала ма? Десе де, түр-тұрпаты келісті, бойында бұла күші сыймай тұрған, арынды асаудай қызу қанды жас қой, кеудесін бастырмайтын намысшыл да болар. Ендеше, тоят іздеген қыран шәулідей шеңгеліне түскенді түтіп жейтін нағыз дер шағындағы буыршыннан мұқалмас жігер мен шалт

кимылды күтуге әбден болатын сияқты-ау өзі. Әлде сынап көріп, кесімді сосын айтсам ба екен?»— деген ой толғанысы бой көрсетіп тұрғандай. Тағдырын шешер үкімді тосып тұрған Оспанды Әбдікерімнің томағасын шешкен қыранның қуаныш дауысындай саңқ еткен зор үні селт еткізді.

—Жаңағы айтқандарыңды сөз емес, ісіңмен дәлелдеп берсең, басың азат. Құлшанды тәубасына түсірген әкенді білуші едім. Әке жолын қуған жас көрінесің, саған қояр бір ғана шартым бар, ол мынадай. Сенімсіздік білдіріп отырған Салық жағының көзін жеткізу үшін сен тәмам жұрт алдында білек күшін көрсетуің керек. Осы үйге қазір құнан өгіздің кепкен көн терілерін алғызамын. Егер онмен жалғыз шайқасқан Алтайдың ақ иығы екенін рас болса, өз тағдырыңды қамшының бір сілтеуімен өзің шешесің. Ондай болмаған күнде кісі қанын төккен жан ретінде Салыққа құныкерлікке жығып беремін, қалауың білсін. Тәуекелге бел бусаң, уақыт оздырмай, іске кіріс. Сынақты бастаймыз»,— деді. Оспан не десін, басын изеп, шартты қабыл алғандығын білдірді. Жерге көтеріле қойылған ағаш үстіне өгіз терілерін бірінің үстіне бірін жазып салып, әлгілерді қамшының бір сілтесімен тіліп түсіру керек екендігі айтылды. Оспан өз тағдырының осыған тіреліп тұрғандығынан ба, болмаса «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» деп, жөпелдемеге келгенде өзара ауыз жаласып, тіл табыса қалатын ел жуандарының арамза пасықтығына зығырданы қайнады ма, әлде бар сана-сезімін ата-анадан тұлдыр жетім қалып, жаны жәбір көрген талайсыз тағдырына деген ашу-ыза, ашыну билеп шамырқанды ма, қамшысын атойлап жоғары көтермей-ақ қысқа қайырып қатты сілтеп еді, дойыр қамшы бес қабат көн терінің майша тіліп, арғы жағынан бір-ақ шықты. Тағдырына қараңғылықтың қаймағы бұзылмай жатқан қазақ даласын қалың тұмандай басып-жаншып, арылмай келе жатқан кеселді дерттей ескі салт-сана мен әдет-ғұрыпқа деген наразы көңілдің ашынуы мен ашу-ызасын осы соққысымен жоқ етердей қатты сілтенген дырау қамшы теріні қойып, темірді де тіліп түсердей көрінген. Бозбаланың темірдей тегеурінді қолының салмақты әрі қарымдылығына іштей қатты сүйсінген болыс:

—Жарайсын, жігітім! Әкең Жұманның атын бір шығардың! Басың азат! Ал, сен. Салық, бүкіл елді дүрліктіріп, болмашыға шу көтергенің үшін мына жігітке ат-шапан айып төлеп,

нарға артылған бір тең жүкті осы жігіттің үйіне түсіресің. Сапаққа төлер айыбың өз алдына. Ал, Сапақ, сен Салықтың жесірін қайтарасың. Сөз — осы. Ал, жігітім, жолың болсын, аусарлыққа ұрынбай, әке мұратындай көрген өнерінді керексіз жерде пайдаланбағайсың. Өнерің үстем болсын!— деп, түйіні шешілместей көрінген істі өз пайдасына шешкен-ді. Өзінің атағын шығарған осы бір алғашқы айқас дәл бүгінгідей жадында сақталыпты. Тек әлі күнге ұға алмағаны — көкірегі ояу, заман тынысын қалт жібермей тап басардай көрінген Әбдікерімнің сонау бір аласапыран кезеңде туған топырағын тәрк етіп, шекара асып жат жерге — Қытайға қашып кеткені еді. Дүрмекке ілесіп үрерге иті, сығарға биті жоқ қаншама қараша байлармен бірге арғы бетке шашбау көтеріп кетті десеңші?! Кейбірі соңғы жылдары қайта айналып үйірін тапса, көбінің бетін жат жердің топырағы жасырды. Солардың арасында сонау өткен заманда Петерборда өткен бүкілорыстық 2-і Думаға шығыстан делегат болып барған Мұса би мен осы Әбдікерім Ережепұлы да бар...

Ол кездің көз көрмеске кеткеніне де не заман. Уақыт бәріне әділ сыншы ғой, кім бұрыс, кім дұрыс өмір соқпағын таңдап алды, әркім өз ойы мен көңіл таразысына салып өлшей жатар. Мұның білетіні — там-тұмдап кірген жаңалықтың бәріне үрке қарап, жастайынан қалыптасқан біржақты көзқарастың күрт өзгеріс ағымына бейімдей алмағаны рас-ты. Қамшының сабындай қысқа өмірінде бұл не көрмеді дейсің? Алғаш жаңа Үкімет орнап, кешегі өзі сияқты сіңірі шыққан кедей-кепшік еңселерін көтеріп, жаңа өмір құру ісіне белсене кіріскенде, бұл одан көп уақытқа дейін бойын аулақ салып, ескіліктің түп тамырына балта шауып, күннен-күнге күшейіп, құлашын кеңге жайған кооперативке кірмеген-ді. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған қауымның түзелген тұрмысын, шырайланған бет-жүзін бұл талай толқып, ақыры осы Бимырзаның қояр да қоймай күштеуімен Кеңес үкіметінің кооперативіне кірген болатын. Өмір ағысы көрсеткендей, өз тағдырында бетбұрыс болған бұл қадамына өкінген емес, керісінше, жабырқау көңілі көтеріліп, күнделікті қызу тіршілік тынысы, тоқталмас еңбек базары жанын жадырата түскен. Ел қатарлы сонау бір болыс шешімімен алған айып мал-мүлкін салып жүріп, өзі жастайынан сүйген Жанғожа қажының қызы Бикенді алып, шаңырақ көтерді. Өз кіндігінен тараған үмбетінің ортасында біреуден

ілгері, біреуден кейін қоңырқай тіршілік құрып, отбасынын аман-саулығын тіледі. Ел ортасын ойран етіп, індет болып тараған сүзек ауруынан құдай қосқан қосағынан айрылғанда, арты аяғын апыл-тапыл басып жүрген төрт бірдей жетімегін құшақтап зар еңіреп қалған еді. Жұртты қынадай қырған ашаршылық жылдары алды қатты-қайырым жұмысқа жарап, бірін-бірі сүйрелеп өсіп келе жатқан балапандарын ажалынан бұрын өлтірмейін деп масақ та терген, нан орнына талқан, ет-сорпа орнына быламық ішкен кезі де аз емес-ті. Бәрі де бір күнгідей болмай өте шықты. Уақыт тезі өткенді ұмыттырып, көмескі тартқызғанмен, адам санасы соның бәрін тасқа басқан жазудай шашау шығармай жадында сақтап қалады екен. Балалар ер жетіп, ел қатарына ілікті ме дегенде азаматты қан қақсатқан соғыс өрті лап ете қалды. Өмірдегі ең кимас көз қуанышы үш азаматын сұм соғыс жалмады. Соңғы алданышы — қызы тұрмысқа шыққанда, бұл өзі жалған дүниеде жападан-жалғыз қалғандай жүрегі сазып, запыран жұтқандай қатаулы күй кешкені өзіне аян. Қазіргі кемпіріне Көккөлдегі кен қазу жұмысына барғанда үйленген-ді. Сол жерде пошта тасумен айналысатын Бимырза осынау бір сыпа келіншекке басынды байлама деп Құдайдың зарын қылып айтқанда көнбеген өзі еді. Бертінге дейін әйеліне дүниеге қара орманды мекенін басатын мұрагер ұл әкеліп бермегенін бетіне салық қылып басқаны болмаса, шыны керек, кінә артудан аулақ болатын. Құдайдың жазғанына не шара, әйелі бауырына бесік баспады. Оны не деп ғайбаттасын, онаша бір қалған кездерінде көз жасы омырауын жуып отыратын әйелін көргенде, байғұсты кереметтей аяйтын да. Обалы не керек, күйеу баласы мен қызы қолымызға алайық деп неше мәрте келгенде, қыз қолына кіруді ар санап, кеждігі ұстап қалған әйелі емес, мұның өзі-тұғын. Енді, міне, соңғы сағатын күтіп, дәрменсіз жатқан күйі мынау. Бәрінен жаманы — адамның өлетінін біліп, соны күтіп жататыны екен. Осындай бір кермек ойлар жанды жегідей жеп, ішқұса болып жатқанда өткен өмір жолына көз салып, өзіне-өзі есеп беруің қажет сияктанады да тұрады екен. Иә, бұл өз өмірінде біреудің ала жібін аттап, басқаға қиянат жасап көрмепті. Мосқал тартқан шағында оташылықпен айналысқаны бар. Қолы жеңіл ме, әйтеуір, буынын шығарып алғандар мен бір жерінің сүйегі сынғандар өзін пайғамбардай көріп, дәрігерге бармай, мұның алдын босатпайтын. Бұл солардың бірінің меселдесін

кайтарып көрмепті. Қазіргі жастарға түсінбейді. Бірер грамм ащы су жұтып алса-ақ болды әулекіленіп, шырықты бұзып бітеді. Ұзақ ғұмырында бұл тентек суды татып алған емес, қайта мына Бимырза қол еңбегі деп, салқын сырадан ұрттап-жалап ішіп жүреді. Істеген істерінде де берекет жоқ. Сыртқы түрі сияқты өмірі де пәтуасыз ала сауысқандай бір жерде тұратқап тұра алмай, сонырқалап ауа жайылған сиырдай әр жұмыстың басын бір шалып, күн жаумай малмандай су болып жүргендері сол. Ащы су демекші, кемпірінің ішімдікке бой үйреткені де Көккөлден елге көшіп келгеннен кейін басталған болатын. Қазіргі күні дүниеге шыр етіп жас нәресте келсе де, қыз беріп, келін түсірсе де, тіпті кісі өлімінің өзі осы арақтың қатысынсыз өтпейтін болды емес пе. Әлде содан ба, болмаса тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін иітер бала сүйіп, ана болу бақытын бермеген тағдырмен ерегесе ме, әйтеуір басы ерін тигізумен басталған ішу кемпірін ақыры салынып, тіпті ес-ақылдан айырылып ішетін күйге дейін құлдыратқаны кәміл. Таң алаңелеңде арғы көшедегі Ботпайдың үйіне қоржын сөуге кеткен кемпірі кешке қарай біреулердің қолтықтап әкеп тастауымен эзер келері анық. Кемпірі әр нәрсені бір желеу етіп ауыл үйді осылай адақтап кеткен кездерде, тілеуін Тәңірі бергір айналайын көршінің қызы Сәния келіп асты-үстіне қарап, аузына қара су тамызып кетіп тұрады...

Ұзақ жөтелден сұлдері қалған Оспанның жағдайы таңға жуық күрт төмендеп, дем алысы жиілеп, қатты қиналды. Жаны соншама қиналысқа түскен науқас Бимырзаға төсегінің басында ілулі тұрған қамшысын алып, соның сабын сындыруды өтінді. Бұрынғылардың айтуынша, адамның өзі жақсы көретін ең қимас затын сындырса, жан денеден тез шығады екен-мыс. Әлде сол себеп болды ма, болмаса жантәсілім етер сәт дәл келді ме, дойыр қамшының сабы сарт етіп сынғанда, Оспан да иегін бір-ақ қақты. Әйтсе де жүзінде реніш ізі байқалмады, қайта, тауқыметі мол жалған дүниеден армансыз кеткен жандай езуінде болар-болмас жымығандай күлкі табы ілініп қалыпты.

...Мәйітті ақ арулап жер қойнына берер кезде Бимырза сабы ортасынан қак бөлініп сынған бұзау тісті дырау қамшыны қояр да қоймай иесімен бірге көмгізді. Топырақ сала келгендер Бимырзаның бұл мінезіне онша танданыс білдіре қоймады. Ал, ол болса іштей: «Қош, досым. Бақұл бол? Көп ұзамай артыңнан мен де баррармын. Мына жалған дүниеге келген кемді күңгі

конақпыз ғой, дәм-тұз таусылған күні Алла әміріне бой ұсынармыз. Тек артта қалар ауыл-аймақ, барша тіршілік тыныш болса екен. Бұл күндері сенің дойыр камшыңның қадірін біліп ұстайтын азаматтар жоқтың қасы. Жан серігің, сенімді қаруың о дүниеде де өзіңмен бірге болсын дедім. Не дейін? Топырағың торқа, жатқан жерің жарық, иманың жолдас болып, жаның жәннаттың төрінен орын алсын, камшыгер! Қош, қош...»— деп күбірлеумен болған....

...Жұрттың бәрі қалың Қаратай елі ішінде аты аңызға айналағн ең соңғы камшыгерді жерлеп, соның есімін іштей қайта-қайта Құран сөзіндей қайталаумен ауылға бет алды. Бәрінің аузында бір-ақ атау, ол — Қаратай елінің саңлақ әрі ең соңғы камшыгері Оспан ердің есімі-тін.

...Иә, Бұқтырма өзені бойын жағалай қоныстанған қалың Қаратай елінде аты аңызға айналған, сілтегені құр кетпейтін Оспан атты айтулы камшыгер өмір сүргені рас-ты. Ең соңғы камшыгер...

САҚШЫ

Ауыл тұрмысының қиюы қашып, жұмыссыз сенделіп қалған төмам жұрт жапатармағай басқа жаққа қоныс аудар бастаған кезде осы дүрмекке ілесіп ат басын қалаға бұрған көшпенділердің бірі мен едім. Ол сонау 1994 жылдың күз айы болатын. Қаладан үй сатып алып, бірер айдан кейін «Түркістан» атты халықаралық газет редакциясына қызметке орналасқанмын. Жұмыс орным тұрған жерімнен сәл қашықтау-тын. Сондай қарбалас жұмыс күндерінің бірінде мен мінген автобус Абай даңғылымен қаланың бас жағына қарай тартып келе жатқан. Даңғыл мен Әуезов көшесінің қиылысында менің көзіме жол шетінде балдаққа сүйеніп тұрған бір жігіт шалын-ды. Екі балдағын қолтығына қыстырған әлгі адамның оң жақ аяғының тізеден төменгі бөлігі жоқ екен. Бүктеп қайырып қойған шалбарының балағын қайыс белдікпен тас қылып тар-тып байлап тастапты. Қайыр сұрап тұрған біреу ме дейін де-сем, алақанын жаймайды. Тек қалың қабағының астындағы өңменіңнен өтіп кетердей өткір шүңірек көзі өткен-кеткенді

тінте қарап, бір орында қатып қалған сақшыдай тапжылмай тұрады екен. Арлы-берлі өткен автокөлік жүргізушілерінің көбі оны бұрыннан танитын сынды, солардың қайсыбірі онымен бас ізеп амандасса, кейбірі оның қолына ұсақ тиын-тебен ұстатып кетіп жатыр. Кабинадан сыртқа қарай қол созылса-ақ оған екі-ақ қарғып жетіп барып, бас ізеумен жарылқаушысына рақметін айтып, жаңағы орнына қайта барып тұрады. Осы көрініс күнде айна-қатесіз қайталанады да отырады. Бара-бара бұған етім үйреніп кеткендігі соншалық, оны көзім шалмаса мазасыздана бастайтынды шығардым. Бірде әлгі азаматты күнде тұратын орнынан көре алмай, ішімнен: «Байғұс азамат ауырып қалды ма екен? Бойынан қажыр-қайраты кетпеген, денсаулығы да шымыр шарболаттай мығым көрінген сияқты еді, не болып қалды екен, ә?»— деп, кәдімгідей абыржып қалдым. Келесі күндерде бойымды әлгі жігітті үйреншікті орнынан тағы бір көрсем-ау деген жеңсік сезім билеп, оны шынымен-ақ іздейтін болдым. Бір айдан артық уақыт өткенде әлгі жігітімнің алдымнан жарқ етіп шыға келмесі бар ма. Неге екенін қайдам, расымен-ақ қуанып кеттім. Содан бір күні аялдамадан әдейі түсіп қалып, жігіттің жанына жақындадым. Өзімнің журналист екенімді айтып, өзі текетес адамдар өмірінен деректі материалдар жинап жүргенімді айттым. Бастабында көзін жарқ еткізіп, маған жақтырмағандай түйіле қараған ол бірте-бірте сабасына түсіп, шүйіркелесіп сөйлесе бастады. Таныстық, есімі — Айдос, Ақтөбе облысының Шалқар деген қаласының тумасы болып шықты. Басында үйі бар, үйелмелі-сүйелмелі екі баланың әкесі екенін де айтып үлгерді. Сонау бір жылдары Алматы қаласындағы Республика алаңында болған Желтоқсан көтерілісіне қатысқан боздақтардың бірі екен. Енді мен одан сол қанды оқиғаның мән-жайын айтып беруін қиыла өтіндім. Желтоқсан оқиғасын еске түсіру оған ауыр тиетінін қиналысты бет-жүзінен анық байқадым. Ойына не бір ауыр елестер түскен болуы керек, түйіліп көп отырды. Ақырында: «Жарайды, ағай, айтайын, бірақ, бүгін емес, ертең. Ең жақсысы біздің үйге келіңіз, емін-еркін отырып әңгіме-сұхбат құрайық. Береговой мен Шалапин көшелерінің қиылысында тұрған төрт қабатты нөмірі он алтыншы үйдің екінші қабатындағы он бірінші пәтер, есіңізге сақтадыңыз ғой, Әне, сол нөмірге келіңіз»,—

деп, өзінің мекен-жайын айтты. Осыған келістік. Оның өзі қаламаса да: «Бағанадан бері едәуір уақытыңды алып, біраз нәпақаңнан айырдым білем. Мына мың теңгені қайыршыға берген садақа емес, жаңадан тапқан бір ағанның қолқайырлығы деп қабыл ал»,— деп, қояр да қоймай қолына ұстатып кеттім. Мұндай намысқой болар ма, өлердегі сөзімді айтып жүріп, оны әлгі ақшаны алуға әзер көндірдім. Ертеңінде редакцияға барып жөнімді айтып, келіскен уақытта Айдостың үйіне келдім. Баспанасы екі бөлмелді шағын пәтер екен. Мені отағасының өзі қарсы алды. Аман-саулықтан кейін еш балдақсыз жүріп, мені үлкен залға қарай бастап жүрді. Бөлменің тура ортасына үлкен үстел қойып, дастархан мәзірін жайнатып қойыпты. Диванға жайғасып, әңгімелесуге қам жасадық. Мен блокнотым мен қаламымды, сосын диктофونымды қосуға дайындалып жатыр едім, Айдос: «Ереке, осы асай-мүсейлеріңді суқаным сүймейді. Лажы болса, соныңызды қоспай-ақ қойсаңыз. Әңгімеміз еш мәжбүрлеусіз, емін-еркін жағдайда өтсе деймін. Сонау Желтоқсан қырғынынан кейін жаппай қудалау басталып, сезікті-ау дегендердің бәрінен жауап алу басталғанда, әлгі үш әріптің (КГБ) талайы-ақ осы диктофонмен сан мәрте зықымызды алып болған. Содан бері осындай аспаптарды көрсем, қаным басыма шабады. Одан да бір жайбарақат отырып әңгімелесейікші, бұған қарсы емессіз ғой?— деді. Не дейін, онымен үнсіз келісіп, басымды изедім. Әңгіменің көрігін енді баса бергенімізде бөлмеге буы бұрқыраған үйме табақ етті көтеріп қараторы өнді, оң жақ бетінде қара қалысы бар, шашы белуарына түсетін иманжүзді жас келіншек кірді. Иіліп сәлем салып, табақты үстелге қойды. Аяғы ауыр екені бұлтиған ішінен білініп тұр. Айдос болса: «Ағасы, мына кісі — осы үйдегі келініңіз, есімі — Қайырниса, ұйғыр ағайындардың қызы. Қазір өзінің ана тілін ада-күде ұмытқан, таза қазақша сөйлейді. Сөз жарыстырсаңыз, өзіңізді жаңылдырады. Қамырды сағызша созып, қандас туғандардың лағман, палау сияқты жеңсік астарын дайындаудың қас шебері»,— деп әзілдеп, қосағының мақтауын жеткізді-ақ. Әйелі оған ләм деместен, сынық мінез танытып, жымия күліп тұр. Ерлі-зайыптылардың отбасында бір-бірін қатты сыйлайтын баянды береке орныққанын байқадым. Менің: «Ойбай-ау, осыншама шабылғандарың не? Бір-екі

ауыз әңгімелесуге келген адамның бәріне осылай шашыла берсеңдер, нелерің қалады?»— деген сөзіме Айдос: «Ереке, бүгінгі әңгіме от ала келген әйелдің өсек-аяңындай аз уақытта біте қалайын деп тұрған жоқ секілді ғой. Сондай асығыс жүрген әйелдердің өзі ең бері дегенде отыз ауыз сөз айтып кетпей ме? Қонақ сыйлап өскен елдің балалары емеспіз бе, бір ініңіздің үйінен дәм татып кетсеңіз, артықтық етпес. Әрі ата-бабаларымыз: «Қуыс үйден құр шықпа»,— демеп пе еді. Дәстүрді сыйлап жөнімен ұстай білмесек, кім болғанымыз? Одан да қолыңызға пышақ ұстап, етті турай беріңіз»,— деп жауап берді. Үй иелерінің ақ пейілдеріне рақметімді айтып, ет турауға кірістім. Еттің наны бабына келіп піскен екен, тіл үйіреді. Ас алдында тәбеташар болсын деп, бірер стөпке ақанды да жылы орнына аттандырдық. Айдос өзінің тентек суға онша үйір емес екенін, тек той-томалақ пен қуанышты мейрамдарда ғана аздап ерінге жағатынын айтып, ақталғандай болды. Мен оның бұл ісін құп көрдім. Тамактанып болған соң балконға шығып біраз демалдық та, қайта бөлмеге кіріп, әңгімемізді жалғастырдық. Енді Айдостың басынан өткен тағдыр тауқыметіне назар салыңыздар.

...Мен Одақ кезінде жастарының бұзықтығымен аты шыққан Ақтөбе облысының Шалқар стансасында дүниеге келдім. Бұл қалада түрмеден босатылып, қаладағы арнайы салынған жатақханаларда еркін тұрып, еңбек етуге мүмкіндік берілген сотталғандар көп болатын. Сол кездерде Қап тауы өңірінен келіп, құрылыс жұмыстарында істейтін чешендер де аз емес-тін. Қаланың жастары көше-көше болып өз-өздерімен, кейде әлгі сотталғандармен болмаса чешендермен қырылысып төбелесіп кеп жататын. Бала кезден есімде қалғаны — жетінші сыныптан кейі-ақ сәл есейген балалардың көшеге қалтасына пышақ салмай шықпайтындығы еді. Сондай ортада өскендіктен болар, жасырақ кезімде менің де қызбалығым бір басыма жетерлік-тін. Одан от басып, талай рет опық жегенмін де. Әкем темір жолда, шешем стансаның кассасында есепші болып жұмыс істейтін. Отбасында барлығы алты баламыз: үшеуі — қыз, қалғандары — ұлдар. Мен үш апайымнан кейінгі еркек кіндіктілерден — бірінші, жалпы бала саны бойынша — төртінші болатынмын. Ата-анамыз барлығымызды оқытып-

жеткізіп, адам қатарына қосты. Апайларым тұрмыс құрып, басқа әулеттердің түтінін түтетіп отыр. Екі інім де отау құрған, балалы-шағалы. Бір інім жоғары білімді, екіншісі — кәсіптік-техникалық училищені бітірген. Ең кенже інім — өзімнің қасымда осы қалада тұрады, үйі келесі көшеде. Пәтшағардың мінезі шатақ. Әкем: «Ауыл-үйдің шырқын алып болды. Қайдағы бір қағылған-соғылғандарға қосылып жүр, бір күні от басып, түрмеден бір-ақ шыға ма деп секемденуден әбден зықымыз шықты», — деп шағым айта берген соң, ағалығымды алға тартып, інімді зорлағандай қылып осында қасыма алып келгенмін. Қазір жынын алдырған бақсыдай, не айтсам да дыбыс шығармай, менің айтқаныммен жүреді. Оған да шүкірлік етіп қоямын. Кешіріңіз, бірді айтып, бірге кетіп жатырмын. Әңгіме төркіні Желтоқсан көтерілісіне қатысты өрбуі керек еді ғой. Енді соған көшейін.

Иә, ол оқиға әлі күнге дейін жадымда. Өйткені, ол менің одан кейінгі тағдырымды тура 180 градусқа бұрып жіберген, есімнен әсте шықпайтын айтулы оқиға еді. Онда мен Алматы қаласындағы политехникалық институттың үшінші курсыңда оқып жүргенмін. 1986 жылы қақаған аязды күндері Алматыдағы Республика алаңына жиналып, саяси билікке наразылық танытып ереуілдеген жастар арасында мен де бар болатынмын. Біздің жастардың намысына тигені — Мәскеу билігінің Қонаевты 18 минут ішінде қызметінен алып тастап, оның орнына қазақ халқының мінез-құлқы мен менталитетінің иісі де мұрнына бармайтын қайдағы бір Колбин деген біреуді әкеліп отырғызғаны еді. Қаншама жыл бойы республиканы басқарып кеген білікті басшы Мәскеудің қаһарына ұшырап, бір-ақ күнде керексіз болып қалған. Біз үшін Қонаев болмаса да, ел билігінің басына әйтеуір бір қазақ ұлтты басшы келсе болғаны-тын. Ең бастысы — Қызыл империя басшылығы елдің негізгі халқы саналатын байырғы ұлт өкілі — қазақтардың уәжіне құлақ аспайды. Құлақ асқан былай тұрыпты ғой, томырық мінез көрсетіп, бейбіт шеруге шыққан жастарға қарсы әскери күш қолданды. Жалынды жастардың үрейін ұшыру үшін Кремль Колбинге әскер шақыруға кеңес берді. Сөйтіп шақырылған әскер Ресей мен Қырғызстаннан әкелінді. «Шаш ал десе бас алатын» әскер көзіне көрінгенді темір күрекпен, келдекпен, ауыр арматура-

мен аяусыз соққыға жығып, жастардың қанын төкті. Намысқой қазақ боздақтары өздерінің саяси додада көкпарға тасталғандарын білмеді. «Еркек тоқты құрбандық» демекші, сол додада құрбандыққа шалынған талай жастың болашақ тағдырының тамырына балта шабылды. Қылышынан қан тамып тұрған Қызыл империяның саясатына қарсы шығу былай тұрсын, оны мақұлдамаудың өзі қылмыс иә күнә саналатын ол кездерде мұндай тегеурінді ереуілге шығу — сөз жоқ, нағыз ерлік болатын. Ереуіл толқыны қатты болған алғашқы екі күнде де мен аланда болдым. Екінші күні жас қазақ қыздарын саперлік қысқа темір күрекпен қан жоса етіп ұрып жүрген орыс ұлтты жасауыл әскерлермен жағаласып, олардың тырнағынан біраз аруларымызды арашалап алғанбыз. Бірақ өзімнің оң жақ аяғымға көп соққы тигендіктен, аяғымды эзер сүйреп басып жүргенмін. Үш күнге созыған у-шу басылып, артынан биліктегілер ереуілге қатысқан кінәлілерді індетіп іздей бастағанда, «Бастан құлақ садақа» деп, ауылға тартып кеткем. Аяқ күп болып ісіп кеткен мені пойызға жолдастарым сүйемелдеп әкеп салып жіберген. Ойым — даңғаза шу басылғанша, ауылда бой тасалай тұру болатын. Бірер ай өтер-өтпесте қуғыншы бұл жаққа да келіп жеткен. Амал жоқ тағы қашып, Ақтөбедегі әкемнің інісінің үйіне барып бой тасаладым. Еміс-еміс келген хабарлардан мені институттан шығарып тастағанын білдім. Оқудан осылайша қуылып, маман болсамау деген үкілі үмітпен біржолата қоштасуға тура келген. Әнеміне келіп ұстап әкетеді деп жүргенде, үш ай уақыт та зыр етіп өте шыққан. Оң жақ аяғым қара санға дейін қап-қара болып ісіп кетті. Тіпті жаны бар-жоғын сезіне алмайтындай күйге жеттім. Содан ағам: «Әрі кетсе ұстар, атасына нәлет. Бұлайша тығылып жата берсең жараң асқынып, өмірмен қош айтысуың ғажап емес. Әйда, облыстық ауруханаға барып, аяғыңды дәрігерлерге көрсетейік», — деп, сонда алып барды. Дәрігерлер аяғымды рентгенге түсіріп, өзара консилиум өткізгеннен кейін: «Аяғың гангренаға айналып кетіпті, уақытын өткізіп алғансың. Емдеуге келмейді, операция жасап, тізеден жоғары жерден кеспесе, өміріңе үлкен қауіп төніп тұр. Тезірек бір шешімге келіндер», — деген соң, ағам әкеме хабарласып, ақыры ақылдаса келе операция жасатуға келісуге тура келген. Желтоқсан

оқиғасынан маған өмірлік ескерткіш болып қалғаны — міне, мына молақ аяқ. Әрине, өкінішті. Десе де, бастарын өлімге қиған Қайрат пен Ләззат сынды боздақтарымыздың тағдырына қарағанда, біз аз шығынмен құтылдық қой. Соған да шүкіршілік деу керек шығар. Нағыз ерлер, әне, солар ғой. Тергеушілер әдейі әкеліп беттестіргенде, Алматыдағы құрылыс-сәулет институтының доценті Әркен Уақовты ереуіл кезінде көрген жоқпын деп, оны ажалдан арашалап қалған сол Қайрат Рысқұлов бауырымыз еді ғой. Сол тұста ұрандардың бәрін жалғыз өзім жаздым деп, ажал құрығын басқалардан аулақтатқан Жансая Сәбитовадай намысты қазақ қыздары да аз болмаған. Жастардың намысын жанып, тұтастай бір ұлттың тағыдыры таразы басына тартылған алмағайып кезеңде өзімнің солардың арасында болғанымды әлі күнге дейін мақтаныш етемін. Артынан мемлекеттік деңгейде комиссия құрылып, кінәсіз жазаланғандардың көбі ақталды ғой, солардың арасында мен де бармын. Жас кезімде армандаған жоғары оқу орнын сырттай бітірдім. Бірақ, ол мамандықпен жұмыс істеуіме мүгедектігім мүмкіндік бермеді. Жағдай осылай қалыптасқасын, әрі мүгедектігім үшін алатын азын-аулақ зейнетақы ішіп-жемнен артылмағандықтан, туған-туысқандардың көптеп-көмектеп демеуінің арқасында бір дүңгіршек сатып алып, біраз жыл бойы етікшілікпен айналыстым. Әжептәуір қаражат жинап алған соң осы екі бөлмелі үйді сатып алудың сәті түсті. Ауылдан інімді алып келіп, оны да осы өнерге баулыдым. Кейінірек шағын-шағын бір-екі дүкен ашып, бәрі жұмысты әлгі інімнің қолына біржола тапсырдым. Бас құрап, отау көтердім. Өмірге екі сәби келді. Зайыбым Қайырниса екеуіміз ел қатарлы қоңырқай тіршілік етіп отырмыз. Күні бойы үйде бос қарап отыруға шыдамай, бертінде бой жазып далаға шығып, көше бойында тұрып басқа адамдармен сөйлесуді әдетке айналдырдым. Ешкімнен қол жайып садақа сұраған емеспін. Берсе, алам, бермесе, өкпе артпаймын. Олар да мені танып алған: қимас көзтанысын көргендей әрқайсысы бас изесіп, амандасып жатады. Соңғы кездері көшеге шығуды сиреттім, өйткені, сонау Кеңес дәуірі кезінде мына Ресейдегі Барнаулға барып салдырған протезім әбден тозып, молақ аяқтың сүйегін қажап бітті. Амандық болса, қаражат жинап,

соның жанасын салдыруға үйреншікті Барнаулға тағы да барайын деп отырмын. Елдегі ортопедтерге көңілім толмайды, әрі олар өздері көрсеткен қызмет үшін әкесінің құнын сұрайды. Жол шығыны демесеніз, протезді сырт елде салғызған біздегіден екі есе арзанға түседі. Мінеки, осылайша жүріп жатқан жайымыз бар. Келем десеңіз, есік ашық. Үйді көрдіңіз, мұнда келер жолды жақсы білесіз, анда-санда болса да біздің үйге бас сұғып келіп-кетіп тұрыңыз. Оның үстіне, өзіңіз байқаған боларсыз, жуықта біздің әулетке тағы бір ұрпақ қосылғалы тұр: мына келінініңіздің босанатын уақыты таяп қалды. Ақ түйенің қарны жарылған күні біздің қуанышымызға ортақтасатын боларсыз, сізді міндетті түрде шақыртамын»,— деді. Оның әңгімесін тапжылмай отырып тыңдаған мен сұхбаттасуға рақметімді жаудырдым. Осы кезде есік қоңырауы шырылдап, Қайырниса аққудай қалқып барып есікті ашты. Үйге ентелей кірген бір-бірімен тетелес екі ұл үйде бөгде адам бар екенін байқап қалып: «Ассалаумағалекум!»— деп жарыса сәлем берді. Мен де: «Үлкен азамат болындар!»— деп жатырмын. Отбасындағы тәрбиенің жақсы екенін байқап отырмын: шамасы төртінші-бесінші сыныпта оқитын әлгі екеуі үстеріндегі киімдерін шешісімен, олардың әрқайсысын орынорнына қойып, өз бөлмелеріне озды. Біраздан кейін қолдарын жуып келіп, үстел басына отырып, тамақтануға кірісті. Қос баласына мейірлене қарап отырған Айдос: «Осы үйдің қос еркесі, міне, осылар. Оқулары жақсы, қақ-соқтары жоқ, түзу болып өсіп келеді. Менің басты үмітім де осылар ғой. Елден қалмай оқып, ер жетсін деп, бар жақсылықты осы екеуіне жасап отырмыз. Біз қанша жасайды дейсіз, ертеңдері ата-анасының орнын басып, әулеттің түтінін өшірмей, өмірді әрі қарай жалғастыратын ұрпақ қой бұлар. Бойымда жаным барда осылар деп өтерім хақ. Ер жеткен соң ата-ана еңбегін бағалау-бағаламау осылардың еркінде. Жалпы, отбасындағы әу бастағы тәрбие түзу болса, кез келген бала терте үзіп, әулет атына кір келтірмес деп ойлаймын»,— деді. Оның сөзін мақұлдап басымды изеген менің көзім қабырғадағы сағат тілінің біразға барып қалғанын шалып қалды да, үй иелеріне рақметімді айтып, кетуге қамдана бастадым. Мені қауқылдаса жүріп есік көзіне дейін шығарып салған ерлі-зайыптыларға ризашылығымды білдіріп,

сыртқа беттедім. Төменге түскеннен кейін бұрылып артыма қарасам, үйдегілердің бәрі балконға шығып, маған қолдарын бұлғап тұр екен. Мен де қолымды бұлғап, аялдамаға қарай бет түзедім. Менің «сақшы» деп ат қойған Айдос інімнің басынан өткен тағдыр тауқыметі, міне, осындай екен. Бұл бір жағынан ауыр болса, екінші жағынан үлгі-өнеге боларлықтай өмірлік тарихы бар Желтоқсан батырларының бірінің ғана басынан өткен оқиға, ондайлар елде қаншама десенізші?! Сірә, «Қолда барда алтынның қадірі жоқ», — дегенді біздің Үкімет елеп-ескере ме екен осы? Әй, қайдам...

«Ус-с»

Ауылдағы ошақ басы азан-қазан. «Тып-тыныш, бейқам жатқан ауылға жау тигеннен жаман бұл не дүрбелең?» — деп шапанын иығына желбегей жамылып, асығыс-үсігіс сыртқа шыққан Бимырза шал көз алдындағы көріністен есінен танып қала жаздады. Әлдебір жануар басына кептеліп киіліп қалған ағаш шелекпен әр жерге бір соғылып, оған шынжырда байлаулы тұрған Ақтөстің ащы дауысы қосылып, шағын аула ішін даңғаза шуға толтырып жіберіпті. Шелек астынан әлде қырылдаған, әлде ырылдаған, әйтеуір қария байыбына жетіп, пайымдай алмаған жағымсыз бір үн шығады. Бес жасар немересі Ақан жазғы үйдің қабырғасына сүйей салған сатының үстіне шығып кетіпті. Келіні Айша мен кемпірі Үрия қолдарын екі жаққа жая қаумалап, әлгі мақұлықтың басындағы шелекті шешіп алудың қамын жасап жүргенге ұқсайды. Нұры тая бастаған шалдың көзі шелек астындағы мақұлықтың тұртұлғасын анық ажырата алар емес. Бұзау дейін десе, бойы аласа, қой дейін десе, жүннен мақұрым. Бірақ, аяғы қысқа, аша тұяқты. Соған қарағанда, қандай болмасын бір мал түлігі екені даусыз. Сирек қылшықтардың астынан қызарып көрініп тұрған терісі мен аша тұяғына қарап, мұның орыс ағайындардың шошқасы екенін бағамдады. Жүрегі орнына енді ғана түскен Биағаң тек бір орыс тұрмайтын таза қазақ ауылына бұның қалай келіп қалғанын түсіне алмай аң-таң. Көзінің болаты

азайғанмен, аяғынан әл, бойынан қуат кете қоймаған қария да ақыры мынау қуғын-сүргінге араласып кетті. Бұлар үш жақтап жүріп қорсылдаған әлгіні ұстап алып, оның басына кептеліп қалған ағаш шелекті шешті-ау ақыры. Басынан шелек алынғаннан кейін байғұс жануар беймазалықтан арылып, ақүрпек кірпігін анда-санда қағып-қағып қойып, бұларға сұраулы кескінмен қарап тұр. Пәтшағардың ұсқыны мұндай жаман болар ма, қызылшақа, ұшы қайырылған тұмсықтың ортасында үңірейген екі үлкен тесік көзге түседі. Жағал-жағал болып былғанған екі езуінен көк сүт тамшылары тамып тұр. Көзін жерден алмаған күйі қорс-қорс етіп, бұл үшеуінің әрекетіне кейістік білдірген сынай байқатып тұрғандай. Үрия жануардың ұсқынына жиіркенішпен қарап, қолындағы таяқпен оны жон арқасынан бір осып кеп өтіп еді, қатты бір қорс еткені болмаса, «тұтқын» кемпірдің қауқарсыз қолмен сілтеген соққысын шыбын шаққан құрлы көретін емес. Мана тілден айырылып қалған Ақан енді ғана есі кіргендей, сатыдан саумалап жерге түсті. Оны, әсіресе, өзі өмірі көрмеген беймәлім мақұлықтың бауырында салбырап тұрған көп үрпілер қатты таң қалдырған. Көзін ашқаннан мал арасында өсіп келе жатқандықтан, бұл екі, тіпті төрт емшекті көрген, бірақ, дәл мынадай сансыз көп емшекті алғаш көруі. Ішінен: «Е-е, бұл да ит реуішті мақұлық екен ғой. Иттерде де осындай көп емшек бар емес пе»,— деп ойлап тұр. Атасының қасына келгенмен, әлі де жүрексініп тұрғаны кәміл.

У-шу басылып, әйелдер өз шаруаларымен айналысып кеткен кезде қария ауланың қалың қарағайдан қақтап жасалған ауыр есігін ашты. Сосын әлгі жануарды қақпайлай жүріп, сыртқа айдап шығарды. Қолына көсеу ұстап, Ақан да атасына көмектескен болып жүр. Көсеуді айбар қылып жоғары көтеріп: анда-санда: «Кет, кет! Шық, шық!»— деп айқайлап қояды. Биекең де төрт түлік малға қаратып айтылатын өзі білетін тыйым, жеку сөздерін айтып-ақ жатыр, бірақ, олардың бірде-бірі бұл сығырға таныс емес сияқты. Үйдің бұрышына артын беріп, қорсылдаған күйі орнынан тапжылар емес. Егер көршілері Әбіш ұста келмегенде, бұлар осылайша әлі ұзақ жүрер ме еді, кім білсін.

Әбіш әлгі жануарды шыбықпен жасқап: «Ус, ус-с»,— деп қатты дауыс шығарып еді, қорс ете қалған мақұлық «жа-

райды» дегендей қақпаға қарай ойыса берді. Жарғақтай құлақтарын желп-желп еткізіп, қысқа аяқтарын жыбырлата басып, аула сыртына шықты. Енді, әне, қора маңындағы шымдарды тұмсығымен қопарып жатыр. Ақан әлгінің жұп-жұмсақ тұмсығымен шөп тамырларын бырт-бырт үзіп, шымды еш қиналмастан ағаш соқадай қарш-қарш айыруына қайран қалуда. Оның шымқай қара топырақтан не іздейтіні, нені қорегіне жаратары бұған жұмбақ. Атын да білмейді екен мұның. Көршінің баласы Әсет анада бір: «қошқа ма, шошқа ма», әйтеуір соған ұқсас бір атауды атаған болатын. Әжесі шайға шақырмағанда, Ақан далада беймәлім мақұлықтың әрекетін қызықтап әлі ұзақ тұратындай еді.

Дастарқан басындағы әңгіме әлгі мақұлық төңірегінде өрбіп жатыр екен. Ол жайлы ұста Әбіштің біраз хабары бары байқалды. Үйдегілердің ауыздары ашылып қалыпты. Қызыл бауырсақтың бірін аузына тоғытып жіберіп, бұл да әңгімеге құлақ түрді. Жастықты шынтағының астына басып алып, қою, қызыл күрең шайды сораптай ұрттаған Әбіш:

— Жаңағы жануар орыс ағайындардың қысқы соғымы. Шошқа деп аталады. Өзі аса өсімтал келеді. Азық талғамайды: не берсең, соны жейді. Оны сойғанда бауыздамайды. Қанын жүрегіне пышақ салып барып ағызады. Терісін сыпырмайды, айналдыратын сырыққа шаншып (вертел деп аталады), үйітеді. Орыстар мұның іш майының емдік қасиеті керемет деп қатты мактайды. Өздері оның майын тұздап, қуаты күшті тағам жасайды, оны «сало» деп атайды. Бір төлдегенде казактың қоңырқай үйінің ұсақ малының бір жылдағы өсімін бір-ақ береді. Рас болса, мұныңыздың төлдеуі тура екі күнге созылатын көрінеді. Сакманшылар олармен қона-түне жатып, әр туған торайды ауыздандырғанда, оны не оң, не сол жағындағы емшектің қайсысына салғандарын белгілеп, нөмірлеп отырады деседі. Соған әбден үйренген торайлар жапатармағай емшекке жабысқанда, әрқайсысы өзіне тиесілі үрпіні барып бас салады екен. Көп торайдың бірінің әлдеқалай тамақтан қағылып, аш қалмауының себебі сонда жатса керек. Рас болса, рас та шығар, кім білсін. Бұл шошқа, міне, сондай хайуан»,— деп бір қайырды. Ақан: «Ә, аты шошқа екен ғой»,— деп, ендігәрі ұмытып қалмайын дегендей ішінен күбірлеп қайталаумен әуре.

Кесені шай құйып отырған шешесі Айшаға қарай асырып, шақпақ қанттың бірін күтір еткізіп қақ бөлген Әбіш мұрнының үстіне мөлдіреп тізіле қалған мөлдір тер тамшыларын сұқ саусағымен іліп алып, сілкіп тастағаннан кейін әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

— Әлгі жүрген Әжібайдың Құмарының шошқасы. Бұлар жанында тағы бір үйірлес аттасы тұрмаса, қамауда жалғыз тұруға көнбейтін көрінеді. Мынау да шарбақты бұзып шыққан болуы керек. Оны айтасыз, бұл зәнталақтың тамағын тойдыру бір қиямет қайым шаруа көрінеді. Мұның жанында қой-ешкілердің ішіп-жеуі ораза ұстағанмен бірдей ме деп қалдым. Ол байғұстар алдына салғаныңды қидай сыпырып жесе де, артынан соны бойына құт көріп, күйісін қайырып жата береді ғой. Ал, мынауың тура комбаин сияқты, алдына келгенін жайпап жей беруден шаршамайтын жануар. Бұл да анау жылқы, ит сияқты, күйіс қайырмайды. Етінің шылқа май болатыны да содан болар-ау тегі. Айтпақшы, осыны ауыл арасына әкеп таратып жіберген — анау есепші Зейнолланын үлкен ұлы Серікжан. Ол совхоз тарамай тұрып-ақ кәсіпкерлікпен айналысып кетіп еді ғой, оны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Ана бір күндері сол Серікжан КамАЗ-ына лық толтырып шошқа салып алып, көңілі жақындарға шүлен таратқандай бір-бір торайымен шошқа үлестірді деп естігем. Құмарға да сондай шошқаның бірі тиген болды ғой. Сірә, үйде әйелі болмай қалған ғой, әйтпесе, мынаны босатып жібермесе керек еді. Жалпы, орыстың бұл түлігі бағып-қағуының бабы қиын, төрт түлікке үйренген қазекемнің болмысына сай келмейтін мал тәрізді-ау өзі», — деп, әңгімесін философиялық оймен тұжырымдады. Әңгімені үнсіз тындаған Бимырза әлден уақыттан кейін барып: — Осы жасыма келгенше, ауылға шошқа малы келер деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген екен. Бұл доңыз жарықтықты көрші орыс тамырлар аралас-құралас отырған ауылдардан бұрындары әредік-әредікте ғана көргеніміз болмаса, түсін түстеп, атын атап, оған айырықша көңіл бөле қоймаушы едік. Енді, міне, басқа діндегілердің сүйікті малы саналатын доңыз да қазақ ауылына келіп, ондағы қазан-ошақты төңкеріп, ауыл үй арасындағы шымды қопарып, малсақ қазақтың бесінші түлігі болу құқығынан үміткер малдың біріне айнала бастағандай. О, тоба,

өлмесен, бәрін көресің деген осы екен ғой, бұған көнбегенде енді қайтпекпіз? Осының бәрі ауылдың омыртқасын үзіп, жұлынын аузына түсірген анау билік іске асырған жекешелендіру деген пәленің кесірі. Кешегі бір қазаннан ас ішіп, ортақ мүддеге жұмылып еңбек еткен совхоз кезінде бұлай болуы мүмкін бе еді? Әй, қайдам. Ер азаматтар жұмыссыз бос сенделіп қалса, әйелдер қала барып, ала қапшықпен зат тасуға мәжбүр болды. Бала тәрбиесі жайына қалды: оларға бас-көз болып отырған біз секілді қаусаған шал-кемпірлер. Үлкен кісілері жоқ кейбірүдің ол бақытқа да қолдары жетпеген. Кейде жандары жәннатта болғыр марқұмдардың мұндай кетеуі кеткен ауыл тірлігін көрмей бақилық болып кеткендері де жақсы болды-ау деп ойлайтын кездерім аз емес, Алла Тағала өзі кешірсін. Бір жағынан ауыл азаматтарының енжарлығына, масылдық ескі көзқарастан арыла алмай, шыбық басын сындырмай, өмірлерін бос өткізіп жатқандарына да ыза боламын. Үкіметке мойын соза-соза әукелері жерге түсіп болды емес пе ол пәруардігерлердің. Енді қайыры жоқ жоғарыға үміт артқанша, өз қара күшіне, білегі мен ақыл-ойына сеніп әрекет етуге көшу керек қой. Жоқ, бұларға бәрін алдарына дайындап, табаққа салған еттей турап, тұздықтап алып келу керек. Біздің жұртты құртатын да, міне, нақ осы еріншектік, әрекетсіздік. Мәселеге осы қырынан келсек, шошқа ұстап, оның өнімін өткізіп, соның ақшасынан нәпақасын айырып отырған азаматтарға кінә арту әбестік болар еді. Қайтеміз, заман солай, тіршілік заңы соны талап етеді. Бұрынғылар: «Заманың түлкі болса, тазы болып шал»,— дегенді бекерге айтты дейсің бе? Анау Құмар сияқты жастардың қазіргі әрекеттері елді қарық қылмаған нарық атты қатал сынға қайтарған қарымта әрекеттерінің бірі болар, кім білген. Заман-ай десеңші, мұндай сұмдықты көретін де күн болады екен-ау,— деп, ауыр күрсінді. Бүкіл ауылдың тұрмыс салмағы жалғыз өзінің иығына түскендей, Ақан да еріксіз күрсініп алды. Үйдегілердің бәрі ауыр ой үстінде отыр... Сыртта «Өс, өс-с» деп шошқасын айдап жүрген Құмардың әйелі Сәуленің дауысы естіледі. Ақан оны іштей түзеп: «Өс емес, ус»,— деп күбірлеп қояды.

ПУТАНА

Бүгін тағы да жолы болмайын деп тұрғандай. Қас қылғандай дәл бүгін ауа-райы түлен түрткендей күрт бұзылып, мазаны бек алып тұр. Күздің ызғырық желі тура өңменнен өтіп, әлсін-әлсін дем алып жауып тұрған жаңбыр адамды шынымен-ақ ығыр қылып жібереді екен. Көше бойы әр жерде топатала өскен ағаштардың түбін паналап, дірдектеп тұрған өңкей бір үріп ауызға салғандай жап-жас қыз-келіншектер. Бәрі өзі тәрізді ежелден бері келе жатқан көне кәсіп — жезөкшелікті кәдімгідей мамандық көріп, өлмес күнін көрудің, күндік нәпақасын айырудың көзіне айналдырғандар. Көпшілігінің тағдыры өзінікіне ұқсас, инкубатордан шыққан балапандардай бір-бірінен айнымайды-ау, айнымайды. Бұл тіпті тақа болмаған соң үйде омалып отырған күйеулерінің «рұқсатын» алып, түнгі кәсіпке шығып жүрген базбір келіншектермен таныс. «Бүгінгі ілдебайлап күн көрген тұрмысым мынау болғанда, ертеңдері Құдай сәтін салып тұрмысқа шығып, жібi түзу біреумен отау құра қалсам, мен де осылардың кебін киемін-ау түбі»,— деген ойлар миын шабақтағанда, денесі тітіркеніп, жүрегі өреки соғып, жаны түршігеді. Сондай ойлар мазасын алған сәттерде: «Осының бәрін тастап, ел қатарлы тіршілік етуге көшсем қайтеді?»— деп ширығатын кездері де аз емес. Бірақ, қылбұраудай буындырып, еркін тыныс алдырмай тұрған мынау қатал нарық заманы ол ойының күлін көкке ұшырып, ізгі ниеттерінің бәрі тұрмыс тауқыметінің құжар тастарына соғылып, ертеңінде тағы да осы көше бойынан табылады. Басқа көзтаным құрбыларының да күнделікті тірліктері осындай. Кейде шашын жайып жіберіп, ерін жоқтаған қаралы әйелдерше бетін тырнақтарымен осып-осып жіберіп, ішіндегі шемен болып қатқан зар-мұнын, тағдырына бағыштар лағнетін запырандай құсып, бойын бір жеңілдетіп алғысы да келеді.

Бойы мұздап, ойы сан-саққа бөлінген Әсемнің ойына өткен өмірі оралып, көз алдынан кино лентасындай тізбектеліп өте бастады. Рас, бұл да бір отбасының үріп ауызға салғандай сүйікті перзенті болған. Ел қатарлы он жылдық мектепті бітіріп, үкілі үмітін аркалап алып мегаполис — Алматы шаһарынан бір-ақ шыққан. Аузымен құс тістеген алғыр болған жок. Бірақ, басқалардай бармақ басты көз қыстыға барып, жең ұшынан жалғасу арқылы алтын, күміс медаль

алғандардың қатарын толтырмағаны өзіне аян. Бұл мектептен тиянақты білім алғандар санатынан-тын. Жолы болып, институт табалдырығын аттап, студент атанды. Алдынан жаңа өмірдің даңғыл жолы ашылғандай болған. Бәрі де ойдағыдай өтіп жатқан. Бірақ, мұның тағдырын 180 градусқа бұрып жіберуге жатақханада бір бөлмеде тұратын құрбысы Сәлима ықпал еткені анық. Ұмытпаса, жаңа жылдың қарсаңы болатын. Сәлима бұған қолқа салып, ауыл шаруашылығы институтының жатақханасында тұратын ауылдас жігітінің туған күніне өзіне серік болып баруын қиыла өтінген. Жарты жылға жетер-жетпес уақыт бойы бірге оқып, бір бөлмеде бірге жатып келе жатқан аңқылдақ, мінезі ашық құрбысының көңілін қимай, бұл оның өтінішін қабыл алған. Енді ойлап отырса, басты ағаттықты сонда жіберіп алған екен. Сірә атам қазақтың: «Көңілшектің арты ашық», — деуі тегі шындық екен де.

Бұлар әлгі жатақханаға келгенде, бөлме іші әр жақтан жиналған, қаланың әр басқа институттарында оқитын жерлестерге лық толған екен. Туған күн думаны жастардың әзіл-қалжыңымен аса көңілді өтті. Бір байқағаны — ұрттап-жалап, тиіп-қашып отырып, өзінің көз алдының мұнарлана бастағаны еді. Уақыт та тез өтіп кетті ме, кім білсін, жік-жапар болған той иесі Талғат пен оның курстасы Нұржан ақыры бұларды түннің бір уағы болып қалғанын алға тартып, өз бөлмелерінде қонып шығуға ұсыныс жасаған. Сәлима қолқалаған соң бұл да амалсыз көнген. Төртеуі жеке қалғаннан кейін тағы да біраз отырып көңіл көтергендерін біледі, одан арғысы қалың қара тұман секілді, жадында қалмапты. Өзінің не болса соған ыржалақтап, Талғаттың қолтығынан шыға алмай қалғаны ғана еміс-еміс есінде...

Ертеңінде оянғанда өзінің тар төсекте Талғатпен қауыша құшақтасып жатқанын, ең бастысы, пәктігінен айырылып қалғанын бір-ақ білді. Екінші төсекте Сәлима мен Нұржан жатыр айқасып. Осы кезде Әсемнің Сәлимаға деген өкпесі мен ренішінде шек жоқ еді...

Көңіл өреқпуімен, үміт-күтумен бір жыл өтті. Дүниеге Санжар атты шекесі торсықтай ұл келді. Құртақандай сәбидің бұл істеген оспадарсыз қылықтарға ешқандай қатысы жоғы кәміл. Бәрі айналып келгенде жалғыз өзінің кінәсі ғой, оны бұл іштей жақсы біледі. Басқаға өкпе артып, кінә жебесін басқаға кеземейтіні де сондықтан. Дана қазақ : «Қолмен істегенді

мойынмен көтер»,— деп кеткен ғой, бұл да сол қағиданы ұстанып, шамасы келгенше басқаларға қиянат жасамай, бәрін өз пиғылынан тапқанын түйсіне мойындаумен келеді. «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» дегендей, ата-ананың бетіне шіркеу салмайын деп бұл оқудан шыққанын да, сәбилі болғанын да әке-шешесіне айтпастан, осы қаладан кетпей, пәтер жалдап осында тұрып қалды. Қылтанақ тісі шығып, құйрығына отыра бастағанда, жанына балайтын тұңғышы Санжарынан айырылғандағы қасіретін жан баласының басына бермесін. Сол кезде бұл жынданып кетудің аз-ақ алдында жүрген еді. Біраз уақыттан кейін мұның қасында Лида деген бір орыс қызы пайда болып, кейінірек екеуі тіл табысып, бір бөлмеде тұра бастады. Оның не істейтінін бұл білмейді, әйтеуір, күні бойы төсекте тапжылмай керіліп-созылып жатады да, кешқұрым әлеміштеніп боянып алып, бір жаққа кетеді. Содан тек ертеңінде бір-ақ оралады. Кейін білсе, ол тәнін саудалап күнін көріп жүрген жезөкше екен. Бұларды былайғы жұрт «түнгі көбелек» десе, жат жұртта мұндайлар «путана» деген атаумен белгілі екен. Ақыры ол мұны да Саин көшесіне алып шықты. Содан бері көрген күні осы. Кей-кейде бұл іштей: «Жезөкшелік — жаппай қанат жайды. Осыны өркениетті елдердегі сияқты ресми түрде тіркеп, заңдастырып, олардың қызметтері үшін салық белгілеп, мемлекет қазынасына содан түскен ақшадан пайда табуға болар еді ғой. Әрі бұл қыз-келіншектерге медициналық жағынан жан-жақты тексеруден өтіп, денсаулығына мазасызданбауына әсер етер еді. Бұл ежелгі кәсіпті мамандық санайтын жандар үшін денсаулығын, жеке басының құқын қорғауға көмегін тигізетін шара болмас па еді?»— деген ойға берілетін. Расында да солай ғой. Қазір күллі қоғамнан жасырудан қалған бұл шындықты жоғарыдағы билік орындары көріп, біліп отырса да, оны оң шешуге, сол бойынша кешенді шараларды қолға алуға құлық танытар емес. Есесіне, анда-санда Саин көшесіне рейд жасап, көз қылу үшін әлдебіреулерді ұстап әкетіп, полиция басқармаларына апарып қамап, артынан шығарып жіберуден арыға бара алмай отыр. Шындығына келсек, қазіргі күні жастар мәселесі бойынша толыққанды, жан-жақты ойластырылған бағдарлама қабылдау қажеттігі туындап тұр. Өкінішке орай, ол бізде жоқ. Кейде жастар мәселесінен аттондарын ала қашып, бұл жұмысты басқа бір сала өкілдеріне арта салғаны үшін үкіметке көңілін қалып, ішін қара қазандай

кайнайтын кездер болады. Тағдыры тұманды өзіндей жандар аз ба? Біз елін, ұрпағын сыйлаған, солардың жолында басты бәйгеге тіккен намысты халықтың ұрпағы едік қой. Қазір неге сонша ұсақталып кеттік? Жолынан тайған, тал қармап, жарық дүниеден мүлдем түнілген қазіргі ұрпаққа жөн-жосық, дұрыс жол көрсетер ақылман қарттар да қалмапты. Қатары селдіреп қалған сол қарттардың кейбіреулері үлгі-өнеге көрсетудің орнына, жастарды бұрыс жолға итермелеуде. Асарын асап, жасарын жасаған әлгіндей көнекөз қарттар ішінде некен-саяқ болса да тентек суды атасының асындай көретіндер де баршылық. Оның несін жасырамыз? Бұл тұйықтан жас ұрпақты кімдер алып шығады, оған Әсемнің көзі жетпейді. Мұның кәсібі жезөкшелік қаншама абыройсыз, арсыз болса да, бұл үшін өзін сақтайтын табыс көзі. Қызыл өңештің қамы үшін бұл пенде неден болса да тайынбасы анық. Мұны бұл құлдықтан кім босатып алмақ, жалпы, ондай күш бар ма өзі? Әсемнің ой-санасы оған да жетпейді, ең өкініштісі де, міне, осы. Осылардың бәрін ойласа, Әсем ертеңгі күнінің қай бағытқа бет бұрып кетерін тап басып білмейтіні өз алдына, жалпы, болашақ өміріне толық сенім білдіре алмайды. Бұған отбасы мен мектепті, қоғамдағы тәлім-тәрбиені кінәласың ба, құзырындағы халықтың қамын ойламай, жекешелендіру деген желеумен шаруашылығы шалқып тұрған кеңшарлар мен ұжымшарларды таратып, мемлекеттік меншіктің бәрін жеке меншікке шүлен таратқандай талан-таражға түсіріп сатып, қалың жұртты қылбұраудай қысқан қатал нарықтың диірменіне тастап жіберген билікті кінәлайсың ба, еркін білсін. Шешуі қиын сондай көп сауалдар жанын қинағанда, байғұс қыздың бұл дүниемен қоштасқысы келетін кездері аз емес. Мұндай қысылтаяң жағдайда қанша уақыт өмір сүреді, оған мұның миы жетпейді. Шақшадай басты шарадай еткен ку тағдыр-ай десеңші...

Әсем өз ойынан тез серпіліп, жол бойына көзін тіксе, тағы бір шетелдік көлік зымырап келеді екен. Қыздың есінен сана-сын шабақтаған ойдың бәрі шығып, үміт отындай жарқырап келе жатқан автокөлікке телміре қарап қалыпты. Бұл құрғыр да құйрығын бұлғандатып өте шығар ма екен, қызыл түлкідей есек дәмелі етпей тоқтар ма екен? Әсемнің қазіргі бар ойы осы сауалдың жауабына келіп тіреліп тұрғандай...



МАЗМҰНЫ

ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫР (Деректі повесть)	3
БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ АДАМДАРЫ (хикаяттар)	36
Нәке	37
Зақа	47
Тәке	56
Шіке	61
Дәке	69
Игә	78
Тұма	85
Ескең	91
Кеңес	99
Соңғы қамшыгер	112
Сақшы	127
«Ус-с»	135
Путана	139

Ермек САХАРИЕВ

САҒЫНДЫРҒАН АУЫЛЫМ
(хикаяттар)

ISBN 978-601-7646-43-1

Жауапты шығарушы - “Алматы - Болашақ”
Акционерлік Қоғамы баспасы

Баспахана директоры - Ақбасов И. Ү.

Көркемдеуші редакторы - В.В. Стенякин

Редакторы - М. Б. Ақсан

Беттеген - А. С. Рахманбай

Басуға 14.10.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108¹₃₂ Қаріп түрі “DS Times”

Шартты баспа табағы 7,56

Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс № 1311

ISBN 978-601-7646-43-1



АҚ “Алматы-Болашақ” баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 “В”.
тел: 378-36-46, e-mail:ao@almatybolashak.kz